

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ә.Т. Телеуова

ДӘСТҮРЛІ
ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Оқу құралы

Алматы
«Қазақ университеті»
2007

ББК 60. 5а 73

Т 32

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
жанындағы ҚР БжҒМ-нің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі
білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің гуманитарлық
және жаратылыстану ғылымдар мамандықтары
Секция мәжілісі шешімімен ұсынылған
(№2 хаттама 8 маусым 2007 ж.)*

П і к і р ж а з ғ а н д а р :

тарих ғылымдарының докторы, профессор **Н. Мұхаметқанұлы**
(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың шетелдердің жаңа және
қазіргі заман тарихы кафедрасының менгерушісі);

тарих ғылымдарының докторы, доцент **А.И. Оразбаева**
(ҚР БжҒМ Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының
жетекші ғылыми қызметкері);

тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы **К.С. Бижигитова**
(ҚазҰАУ-дың әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы).

Телеуова Э.Т.

Т 32 **Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері:**

Оқу құралы. - Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 106 б.

ISBN 9965-30-599-4

Бұл оқу құралында дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың дамуын және оның әдеттік-құқық нормаларында реттелуіне талдау жасалынған. Дала тарихындағы құқықтық жүйенің қалыптасуын, оның түрленуін, қызметін ежелгі және орта ғасырлардағы қоғамдық қатынастарда алатын орнымен байланыстыра отырып, өзара салыстыру жасалынады.

Бұл оқу құралы жоғары оқу орнының тарих факультеттерінің студенттеріне, оқытушыларына арналған.

ББК 60. 5а 73

ISBN 9965-30-599-4

© Телеуова Э.Т., 2007

© әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2007

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ қоғамының орта ғасырлардағы әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктерін зерттеу тарих ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, оның эволюциясы, тарихта алатын орнын анықтау ғылыми тұрғыдағы ғана емес қоғамдық маңызы бар мәселені зерттеуде, тарихи кезеңдерге қатысты әлеуметтік-құқықтық құрылымның сипатының өзгеріске ұшырауының себептерін көрсету және ерекшелігіне баға берумен қатар жүреді.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-құқықтық жүйенің ерекшелігі және оның қызмет ету механизмдерінің қалыптасып, орнығуы орта ғасырларға тән құбылыс болды. Қоғамдық қатынастардың терең өзгеріске ұшыраған сәтінде көптеген халықтар мемлекеттік басқару жүйесінде тарихи тәжірибесіне сүйенеді. Орта ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық мәселесі тарихшы зерттеушілер арасында бірнеше бағыттар бойынша қамтылған. Бұл мемлекеттілік, номадизм және қоғамдық қатынастар, оның ішінде қазақ қоғамындағы ру жөніндегі зерттеулердегі көзқарастармен сипатталады. Ортағасырлық қазақ қоғамындағы ру-тайпалық қатынастардың әлеуметтік-құқықтық жүйеге ықпалы назардан тыс қалмайды. Соңғы уақытта орта ғасырлардағы қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық сипаты туралы ізденісте саяси биліктің ерекшеліктерін ашуға баса назар аударылады. Сонымен қатар қазақ қоғамының өзіне ғана тән әлеуметтік қатынастар құқықтық мәдениеттің шеңберінде жүзеге асты.

Елдің мәдени деңгейін бағалаудың қазіргі заманғы жеткен ғылыми жетістіктер тұрғысынан қойылатын талаптары сан алуан және жан-жақты. Соның бірі – елдің құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен тарихы. Қазақ халқының тарихында құқық жүйесінің әуелден қалыптасқандығы жөнінде жалпы пікірлер айтылып жүр. Бірақ осы мәселелер қазақ тарихындағы құқықтық жүйені қалыптастырушы факторлар негізінде талданып, нақты дәйектермен көрсетіліп, өзара сабақтастығы ашылып, ғылыми негіздеуді қажет ететіндігі және бұл бағыттағы мәселелер ғылыми көпшілік үшін маңызды тақырып бола алатындығы даусыз.

Қазақ хандығы тұсында қолданылды деп жарияланып жүрген «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті

жарғы» сынды заң жинақтарының бір күнде қалыптасып, бір күнде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге сіңісіп кете алмағандығы, оның бастау көздері осыған дейінгі тарих беттеріндегі мемлекеттердің ішкі жүйесінде қолданылып келген заң жүйелерімен байланысты екендігі белгілі. Дала заңдарының қай-қайсысын қарасаңыз да, олардың қолданылған жазалары, құқықтық ережелері, билік иелеріне қатысты көрсетіп берген құқықтарының арасында ұқсастық бар. Бұл ұқсастықтың болуы негізсіз емес. Бір мемлекеттің тұсында қалыптасқан қарым-қатынас үдерістерінің екінші мемлекетке мұра болып беріліп, жетілдіріліп, жақсартылып, заңдардың әр қоғамның ішкі ерекшеліктеріне сай сәйкестендіріліп отырғандығына олардың мазмұны мен мәнін өзара салыстыра талдау кезінде байқауға болады.

Осы мәселелерге көз жеткізу барысында салыстырмалы түрде болса да бергі кезеңде қолданылған болып есептелетін Қазақ хандығы тұсындағы заңдар Шыңғысхан және оның ұрпақтары құрған мемлекеттердің, одан кейінгі кезеңдегі Әмір Темір тұсындағы мемлекеттерінің тұсында қолданылған заң құрылымдарымен салыстырылып, ұқсас элементтерін анықтау арқылы зерттеу жүргізілді. Бұл деректердің көзі студенттер үшін қазақ әдетіндегі құқықтары мен заңдарының қай кезеңнен бастау алғандығынан жан-жақты ақпарат алуына мүмкіндік береді.

Қазақ тарихындағы күрделі мәселелер қатарына жататын мемлекеттілік және саяси құрылымының қызметі, осыған орай жүзеге асқан саяси оқиғалардың сипаты, қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың дамуы мен өзгеріске ұшырауы қазақтың әдеттік-құқық нормаларында реттелді. Қазақ қоғамындағы құқықтық қатынастар әлеуметтік құрылымының ішкі және сыртқы ұйымдастыру қызметінің көрінісі болды. Қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық қатынастары өзінің қалыптасуын ертеден бастап, үнемі тиімді өзгеріске ұшырап отырды, бұл мәселе арнайы тарихи зерттеулерде, әлеуметтану, құқықтану мамандары тарапынан жасалынған нақты ой-пікірлермен студенттер осы оқу құралы арқылы танысуға мүмкіндік алады.

Студенттерге оқу құралының құрылымы, жүйесі, берілген, қамтылған мәліметтер жиынтығы қазақ әдеттеріндегі құқықтық негіздердің қалыптасу тарихы және дәстүрлі қазақ қоғамындағы

әлеуметтік қатынастар жөніндегі нақты тұжырымдары тиімді болады деген ойдамыз.

Бұл оқу құралы 050203, 6N0203 - «тарих» мамандығы бойынша жоғары оқу орны тарих факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына арналған. Оқу құралы студенттерге ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан тарихындағы қазақ қоғамының құқықтық-әлеуметтік құрылымы жөніндегі мәселелер бойынша білімін және тарихи танымын арттыру үшін қажет.

Пәнді оқыту мақсаты. Ежелгі және орта ғасырлардағы қазақ тарихындағы күрделі мәселелер қатарына жататын мемлекеттіліктің қалыптасуын құқықтық жүйенің пайда болуымен қатар қарастырып, қоғам ішіндегі әлеуметтік қатынастардың әдеттік-құқық нормалары арқылы реттелуіне баға беру.

Қазақ құқығының қалыптасу тарихын тереңінен танып білудің маңызы жоғары. Осы мақсатта тарих ғылымының соңғы кезеңге дейін қол жеткізген жетістіктері деңгейінде қазақтың әдеттік-құқықтық тарихына қатысты жүйелі мәселелерді қамтуға, оларды нақты дәйектермен толықтыруға ұмтылыс жасайды.

Пәнді оқыту міндеттері:

- қазақ қоғамындағы құқықтық жүйенің дамуы мемлекеттіліктің қалыптасуымен қатар жүрді. Қазақ хандығына мирас ретінде жеткен құқықтық ережелердің тарихын қарастыру;

- әдеттік-құқық жиынтығы ежелден бастау алып сипаты жағынан рулық қатынасқа негізделсе де, көшпелі қоғамдағы құқықтық жағдайдың және құқық салаларының қалыптасуы арқылы мемлекеттік органдарды институционализациялаудың алғы шартын туғызғанын көрсету;

- қазақ құқығының тарихи бастауларын құрайтын әдет-ғұрып, шариғат нормалары, жеке билеушілердің құқықтық заң ережелері, билер институтын тарихта алатын орнын ашып беру;

- дәстүрлі қазақ қоғамына қатысты негізгі тұжырымдамаларды анықтау;

- қазақтың әдеттегі құқықтық қатынастар арқылы дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымын жіктеу мәселесі қарастырылады;

- орта ғасырлардағы қазақ қоғамына тән әлеуметтік қатынастар және әлеуметтік топтардың қоғамда алатын орнына қатысты талдаулар жасау.

Пәннен бұрын өтілген және шектес пәндер: Қазақстанның ежелгі және ортағасырлардағы тарихы, қазақ халқының рухани мәдениеті пәні бойынша қалыптасқан білім деңгейі ықпал жасайды. Сонымен қатар құқықтану және философия пәні бойынша өткен жалпы курстың негізінде қарастырылған мәселелер шеңбері толықтырады.

Студенттің білімі: қазақтың әдеттік-құқығының тарихындағы бастау көздерге және «Жеті жарғы» заңын оған дейінгі құқықтық ережелермен өзара байланыста талдай отырып меңгереді; дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастары құрылымында ерекше институттардың қалыптасуының ерекшеліктерін игереді; әлеуметтік санаттарға бөлінуі әлеуметтік-экономикалық құрылымынан тыс саяси, рухани, құқықтық мәртебесіне сәйкес жүзеге асқандығы жөнінде білімін жетілдіреді.

Студенттің біліктілігі:

- дәстүрлі қазақ қоғамының құқықтық негіздерінің қалыптасуының тарихи кезеңдеріне талдау жасай білу керек;

- қазақ қоғамындағы құқықтық жүйенің деректік қорын танып білуі тиіс;

- қазақ қоғамына қатысты зерттеулердегі тұжырымдық бағыттарды меңгеруі қажет;

- қазақ қоғамының әлеуметтік қатынастарының даму үдерісі бойынша жасалынған қорытындыларды игеру арқылы біліктілігін арттыру.

1 ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

1.1 Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің тарихи бастаулары

Дала өркениетінің тарихында ғасырларға ұласқан оқиғалар мен өзгерістер болып отырған. Осындай жағдайда көне дәуірдің мұрасы ретінде қазақтар өзінің негізгі құндылықтарын сақтап қалды. Қазақ халқының тарихи құндылығының бірі – әдеттік-құқықтық жүйе. Әдеттік-құқықтық жүйенің мәдени және демократиялық дәстүрлеріне негізделген қазақ құқығы өзінің реттеушілік мәнін ХІХ ғасырға дейін сақтап келді. Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің өміршеңдігінің екі себебі болды. Алғашқысы – көшпелі өркениеттің шаруашылық-тұрмыстық негізі, екіншісі дүниетанымдық құндылығын жоғалтпаған қоғамның сұранысы болды. Қазақтың әдеттік-құқықтық ескерткіші – көшпелі өркениеттің мәдени байлығы. Ол мыңжылдық тарихымен және өміршеңдігімен, адам еркіндігін жақтаған сипаттарымен ерекшеленді. Қазақтың құқықтық жүйесінің тарихын зерттеу қазақ қоғамының өмір тіршілігін және мемлекеттің саяси билік, әлеу-меттік құрылымы маңындағы күрделі мәселелерді анықтауға жол ашады. Қандай құқық болса да қоғамның талаптарына орай туындайды, бұл жағдай қазақ қоғамына қатысты күрделі мәселелерді қарастыруда әдеттік-құқықтық қатынастардың маңыздылығын көрсетеді. Көшпелі мемлекеттердің құқықтық қатынастарды реттеу әрекеті түрлі тарихи кезеңде өткенімен, оның қызметі және ішкі мәні жақын болды. Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы, саяси билік формасы, құқықтық мәдениетінің даму үдерісі ертеден бастау алады. Қазақстан территориясында көне дәуірде өмір сүрген тайпалардың және табиғи-дәстүрлі кезеңдегі қоғамдық қатынастар мен құқықтық жүйесінің сипаты қазақ қоғамының өзіне тән құқықтық негіздерінің қалыптасуына ықпалын тигізді.

Қазақ құқығының тарихи бастауларын, ең алдымен дағдылы құқық немесе әдет-ғұрып нормалары құрайды. Екінші кезеңде - қазақ әдеттік-құқықтық қатынастарына ықпал жасаған шарият заңдары. Үшінші - кезең қазақ даласында билік құрған жеке билеушілердің құқықтық заң ережелері, «хан жарлықтары». Төртінші

кезеңді қалыптасқан дәстүрлі қазақ қоғамының заң шығармашылығымен айналысқан билер институты құрайды.

Қазақтың құқықтық жүйесін құрайтын дағдылы ережелер алғашқы адамзат қоғамының қалыптасуымен қатар жүрді. Қоғамдық қатынастардың күрделенуі әдеттегі нормалардың құқықтық негізде сипат алуына әсер етті. Алғашқы құқықтық қатынастардың пайда болуы әлеуметтік үдерістің жемісі болды. Көшпелі қоғам жағдайында рулық қатынастардың үзілмей сақталуында, көшпелі мал шаруашылығындағы қатынастарды реттеуде әдет-ғұрып құқығы тиімді жол болып табылды. Қоғамдағы сұранысқа ие ережелердің қалыптасуы үшін оның ішкі саяси құрылыммен, шаруашылықпен және рухани мәдениетпен ұштасып жатуы қажет болды. Осы ережелер қоғамның өз ішінде пайда болып, оның іске асуын қадағалау нәтижесінде ру мүшелерінің міндеттері мен құқықтары қалыптасты. Құқықтық жүйенің пайда болуына әлеуметтік және табиғи орта барынша ықпал етті. Осыған орай әр қоғамның өзіне сай құқықтық тәртібі мен меншік құқығы енді. Көшпелі қоғамдағы рулық қатынастың беріктігі индивидтік құқықтың қалыптасуына тосқауыл болды. Қоғамдағы жеке индивидтің іс-әрекеті рулық құқық негізінде қарастырылды. Құқықтық қатынастардың күрделенуіне төтенше жағдайлар да әсер етті. Сыртқы жаудан қорғану мақсатында рудың әр мүшесі жауынгер болды, ал ерекше қабілеті бар ру мүшесіне басқару құқығы берілді. Бейбіт өмірде құқықтық қатынастар әдет-ғұрыптарға негізделді. Бұл құқық отбасы, шаруашылық, қылмыстық істерді қамтыды. Көптеген зерттеулерде халықтардың дәстүрлі құқықпен қатар халықаралық, сауда құқығының болуын ол халықтың мемлекеттік құрылыс деңгейіне көтерілгендігінің айғағы ретінде қарастырылады. Әдеттегі құқық индивидті рулық құқықтан тыс қарау мүмкін еместігін анықтайды. Сондықтан әдет-ғұрып құқығы негізінде азаматтық, қылмыстық, шаруашылық тағы басқа құқық жүйелері туындады. Әдеттегі құқық көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің тетіктерінің қалыптасуына жағдай жасады. Қазақ құқығының тарихи бастауы болып табылатын ру ішінде қалыптасқан әдеттік-құқық ғасырлар бойы мазмұнын өзгертіп, негізгі мәнін сақтап қалды.

Қазақтың әдеттегі құқық негіздерінің тарихи бастаулары өте ертедегі қоғамдық қатынастардың қалыптасу кезеңдерінде жатыр. Сабақтастық қай кезде де үзілмеген. Бұл тіршіліктің даму

зандылығы. Көшпелі тіршіліктің ықпалындағы жеке-жеке тайпалар белгілі бір кезде одақ болып бірігуі негізінде елді басқаруда жаңа ұйымдар қалыптасып, олармен бірге жаңа құқықтар мен жаңа билік ережелері тәріздес түрлі категориялар да туындап отырған, соның нәтижесінде қоғам мүшелері жаңа бір қоғамдық тәртіп билігіне түсу арқылы жалпы халықтық мәдениетке қарай бұрынғысынан гөрі бір қадам болса да ілгерілеп, жаңа бір қоғамдық сананың тууына негіз қалаған. Осындай негіздің алтын арқауы үзілмей жалғасып келе жатқан заңдылық, ұлан байтақ қазақ жерін мекендеген сақ, ғұн, үйсін, қаңлы тайпаларының әр кезеңде өрлеп, күшейіп билік құрғаны болып табылады. Қытай жазба деректеріне сүйенетін болсақ, қаңлы тайпасының ресми құқық жинағы болған. Бұл құқық жинағының негізгі мазмұны толық белгілі болмаса да, қаңлы қоғамы осы ереже бойынша қылмыстыларды жазалап, өрескел ауыр қылмыс жасағандарды өлім жазасына кесіп отырған. Үйсін қоғамындағы биліктің ағадан ініге өту тәртібі, «әмеңгерлік», мұрагерлік жол қазақтардың әдеттік-құқықтық нормаларында із қалдырды. Ежелгі Қазақстан тарихындағы ғұн тайпаларының алатын орны ерекше. Олардың бізге дейін қытай деректері арқылы саяси тарихы, шаруашылығы мен мәдениеті туралы мағлұматымен қатар құқықтық жүйесі туралы мағлұматтар бар. Шицзиде ғұнның империя ретінде тарих сахнасына көтерген билеушісі Мөде туралы мәліметтермен қатар бұл елдің заңын баяндап береді. Деректе ғұндардың жоғары билеушілері және ақсақалдары жаңа жылдың алғашқы айында шаньюдің ордасына маңызды мәселелерді шешу үшін жиналады. Бесінші айында көк тәңіріне, жерге, аруақтарға құрбандық шалу үшін жиналады. Күзде халық және мал санағын өткізеді. Қылмыстық құқығында суық қаруды себепсіз қолданғандары үшін өлім жазасына кесілді. Ұрлық жасағаны үшін мүлкін тәркіледі, жеңіл қылмыс түрлері үшін беттерін кесетін болған. Ауыр қылмыстыларға өлім жазасын қолданды. Сот он күнге дейін созылады. Мемлекетте тұтқындар өте аз, болса да он шақты. Жоғарғы билік құқығы шаньюге берілген. Ол таңертең күнге, кешқұрым айға бас иетін болған. Ол үнемі сол жақта, бетін солтүстікке қаратып өзінің тағында отырады. Шанью мемлекет ішіндегі барлық құқықтық қатынастарды реттеп отыратын билік иесі болғандығын қытай деректеріндегі мәліметтер толықтыра түседі. Қазақстанның ерте мемлекеттеріндегі қылмыстыны жазалау

түрлерінде қытай елінің жазалау тәсілдері жиі қолданылғаны белгілі.

Әрине, алғашқы тайпалық бірлестіктерде шаруашылықтағы ортақтық қауымдық құқықты туындатты. Рулық қатынастағы индивидтің құқығы осы ру ішіндегі әдет-ғұрып арқылы реттелді. Әдеттік-құқықтық жүйе ежелден бастау алып, сипаты жағынан рулық қатынасқа негізделсе де, бұл көшпелі қоғамдағы құқықтық түсініктің және құқық салаларының қалыптасуы арқылы мемлекеттік органдарды институционализациялаудың алғышартын туғызды. Шаруашылықтың күрделенуінің тарихи бастапқы жағдайы кезеңі «күнә түсінігінен», отбасылық қатынас нормаларынан, көптеген әдеттік-құқық нормаларының ішінен қоғамдық қатынастарды реттейтінінің бөлініп шығып, өз алдына қалыптасуына әкелді. Бұл нормалар биліктегі қатынастарға және меншік түрлерінің пайда болуына тікелей байланысты болды.

Барлық халықтар өз тарихында әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық реттеудің үстемдік ету дәуірін басынан өткерді. Бірақ мұндай кезең көптеген халықтар үшін тұрақсыз, әрі қысқа мерзім ішіндегі өтпелі дәуір болды. Құқық жүйесі билік үшін күресте жаңа деңгейге жетіп отырды. Батыс Еуропа тайпаларының арасында кең тараған, зерттеушілер арасында «Тағылар ақиқаты» деп атайтын Салика, Вестготтық, Бургундық әдеттік-құқық нормалары бекітілген заңға айналды. Ұлы халықтардың қоныс аударуы Еуразия тарихына үлкен өзгеріс немесе жаңа серпіліс әкелді. VII ғасырда Еуропа картасында Батыс империяның орнына жаңа мемлекеттер пайда болды. Галлияны және Германияның бір бөлігін қамтыған Франк мемлекеті өмір сүрді. Осы мемлекеттің билеушісі Хлодвиг тұсында франктердің алғашқы әдеттік-құқық нормаларына негізделген «Салика ақиқаты» заңы қабылданды. Бұл әдеттік нормалар халық арасында ертеден қалыптасқан заңдар болып саналады және ол Рим империясының қабылдаған заңдарынан өзгеше болды. Латын тілінде жазылған бұл құқық ескерткіші мазмұны жағынан Бумын қағанның тұсында қабылданған заңға ұқсас. Мұнда ортағасырлық заңға сәйкес әрбір қылмыс түрін жеке атап, оған қатысты қолданылатын жаза түрлері көрсетілген. Жалп, Салика заңы міндеті, қызметі және мазмұны жағынан қазақ дала-сында пайда болып, ғасырлар бойы өзінің дамушылық жалғасын тапқан әдеттік-құқықтық ескерткіштермен ұштасып жатыр. Салика

заңында адам өліміне құн төлеу, ол адамның кім болғанын анықтап, құн мөлшері белгіленіп отырған. Ерікті франк үшін төленетін құн - галл- римдіктен жоғары болды. Тәуелді адам мен құл үшін төленетін құн төмен болды. Адам денесіндегі әрбір жарақатқа қатысты құн мөлшері анықталды. Адам өмірі үшін төленетін құнды вергельд деп атады. Егер кісі өлтіргені үшін вергельд төлей алмаған жағдайда, туыстары тарапынан кек алу жиі болып отырған. Кісі өлтірген қылмыскердің туыстары ол үшін құн төлеуге міндетті болды. Оны жүзеге асырудың дәстүрі болды. Кісі өлтірген адам үйінің төрт бұрышынан топырақ жинап, оны руластарына теріс қарап тұрып лақтыруы тиіс. Егер кімге топырақ тисе, сол ру мүшесі құнды төлеу міндеткерлігін алды. Бұл әдеттің міндетті түрде орындалуы қадағаланды. Кей жағдайда руластары құн төлеуден бас тартса, туыстық қатынасты бұзатындығын көрсететін дәстүр орындалды. Мұнда баса назар аударатын жағдай, Франк мемлекетіндегі рулық құқықтың қатаң сақталуы. Франк ерікті адам деген мағынада сол заманда қолданылса да, оның құқығы рулық қатынас төңірегінде анықталды.

Келесі ерекше атап өтетін баптар ұрлыққа қатысты. Ұрланған заттың құндылығына, көлеміне қарай жеке өтелетін құн немесе жаза баптары белгіленген. Заңды құрастырушылар ұрлықты жалпы емес, жеке қылмысқа қарай бөліп қарайды. Барлық әдеттік нормаларды жан-жақты көрсетуді мақсат тұтқан. Алғашқыда мемлекет билеушілері ішкі әдеттік-құқық нормаларының мәніне ерекше көңіл бөлмеген. Хлодвигтің мұрагерлері тұсында бұл нормаларға толықтырулар енгізіліп, мемлекеттік дәрежеде қабылдана бастады. Германдықтардың түсінігінде құқықтың басты қасиеті «көне» болғандығы, сондықтан ол «әділ» және «ақиқат» ретінде қабылданды.

Еуразия территориясындағы халықтардың өзіндік тарихы болғандығына қарамастан, олардың құқықтық ескерткіштерінің арасындағы сабақтастық байқалады. Біріншіден, Франк мемлекеті мен Түрік қағанатындағы әдеттегі нормаларды заң ретінде қабылдауы хронологиялық жағынан жақын жатыр. Екіншіден, бұл құқықтық ескерткіштердің пайда болуының тарихи бастаулары мемлекеттіліктің қалыптасуымен қатар тұр. Үшіншіден, қоғамның ішіндегі атқарған қызметі және міндеті ортақ болды. Батыс Еуропаның қоғамдық қатынастарында индивидтік құқықтың қалыптасуы

әдеттік-құқықтық нормалардың реттеушілік қызметін тоқтатты. Ал қазақ құқығының қалыптасу тарихының ерекшелігі – әдеттік-құқықтық дәстүрлердің көшпелі өркениет шеңберінде туындап, ғасырлар бойы өзінің сипатын түрлендіріп отырғандығында.

Қазақтың дәстүрлі құқығы көшпелі өркениеттің төл туындысы, әрі мәдени жемісі мен мұрасы. Көшпелі қоғамдағы құқықтық қатынастардың дамуы мемлекеттіліктің қалыптасуымен қатар жүрді. Қазақ хандығына мирас ретінде жеткен түркі мемлекеттерінің дағдылы құқығын, саяси, азаматтық, қылмыстық құқықтық ережелерін осы мемлекеттердің қалыптасуы, өрлеуі, құлдырауы кезеңдерінің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Біртұтас мемлекеттіліктің іргесі қалануында қоғамдағы құқықтық қатынастардың реттеу ісінің күрделене бастағанын біз түрік кезеңінен байқаймыз.

VI ғасырда Орталық Азиядағы көптеген тайпалық одақтардың бірігуі негізінде Түрік мемлекетінің құрылуы, оның іргесін салушы Бумын қағанның мемлекеттің тұтастығын, қоғам мүшелерінің азаматтық құқықтарын қорғаған заң жүйесін қабылдағаны белгілі. Оның баптары қытай деректерінен белгілі. Бұл заңның негізін құраған баптарды атап өтуге болады:

1) Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілер өлім жазасына бұйырылсын;

2) Түрік жұртының мүддесін сатып, елге опасыздық еткендер өлім жазасына кесілсін;

3) Ру ішінде жазықсыз кісі өлтіргендер өлім жазасына кесілсін;

4) Өзге біреудің әйеліне зинақорлық жасап, ақ некені бұзушылар өлім жазасына бұйырылсын;

5) Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлік атты ұрлаған кісі өлім жазасына бұйырылсын;

6) Төбелесте мертігудің түріне қарай мүліктік құн төленсін;

7) Ұрланған жылқы үшін құнды мүліктің он есе артық құны төленсін.

Осы заң баптары іргесі жаңа қаланған мемлекет үшін ішкі тұтастық және бірлік идеясын қалыптастырған негізгі тетік екендігін аңғаруға болады. Оның түрік жұрты үшін маңызды болғандығына руна жазуларындағы билеушілердің ел бірлігін дәріптейтін сөздері дәлел бола алады. Бұл құқықтық ескерткіш алғашқы Түрік қағанатының тәуелсіз мемлекет ретінде тарих сахнасына

көтерілгендігінің айғағы болды. Алғашқы Түрік қағанатының заңы қоғамының талаптарына сай азаматтық, қылмыстық, отбасылық істерді шешіп отырған. Әрине, бұл заң ерте ортағасырлық мемлекеттік сипатқа тән болған. Мемлекетті басқарудағы саяси тәсілдер, көшпелі қоғамдық қатынастар жөніндегі зерттеулерде «көшпелі мемлекет» ұғымын туындатты. Мұндай саяси билік түркі қоғамындағы құқықтық құрылымды үш бағытқа бөлді. Азаматтық, қылмыстық, отбасылық, мұрагерлік істер әдеттік-құқықпен реттелді. Мемлекеттегі билік тұтқасын ұстаған «Ашина әулетінің» құқығы ерекше болды. Бұл құқық қағанаттың билеушілері тарапынан қабылданған заң түрі «Төреге» бірікті. Қаған билігі билеуші әулет ішінде мұраға беріліп отырған. Биліктің атадан балаға ғана емес, ағадан ініге берілу дәстүрі болған. Үшіншіден, мемлекет және тайпа аралық қатынастардың ережелері халықаралық құқықты құрады. Түркі қағанатындағы жоғарыда аталып өткен нормалар VIII ғасырларда жинақталған құқық жүйесі «Төреге» біріктіріліп, біртұтас заң ретінде қарастырылды. Түркі елінің қалыптасуымен қатар заң шығармашылығы мемлекет ішінде «Төренің» заң ретінде таралуына ықпал жасады. «Төре» заңы елді басқару, билік жүргізу құқығын атқарды. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттің ішіндегі тұтастықты сақтау, ру арасындағы қайшылықтарды, қарым-қатынасты реттеуді көздеді. Түркі қоғамындағы әдет-ғұрып құқықтары және «Төре» кейінгі осы қоғамның мұрагерлерінің құқықтық қатынастарында жалғасын тапты. Қазіргі кезеңде ғылыми айналымға еніп, жан-жақты зерттелген XVI ғасырға жататын қыпшақ-армян «Төре бітігі» заңдар жинағы және армян-қыпшақ процессуальды кодексі сынды әлемдік тарихи құқықтық ескерткіштер қатары осыған айғақ болады.

Дала өркениетінің тарихындағы көшпенділерді құраған ірі мемлекеттердің бірі – Монғол империясы XIII ғасырдың басында тарих сахнасына көтеріліп, өзінің саяси ықпалын таратты. Монғол ұлысының құрылуы тұсында мемлекетті нығайту мақсатында көшпенділердің әдеттік-құқықтық нормаларының жиынтығына сол кезеңдегі монғол қоғамының талаптарына орай өзгерістер енгізіліп, жетілдіріп қабылданған заң жинағы «Ұлы жасақ» деп аталды. «Ұлы» деп аталу себебі – монғолдардың барлығына қатысты ортақ заң болуы. Осы жағынан алғанда, жергілікті ұлыстық деңгейдегі жасақтардан ерекшеленді. Жасақ – монғолша джасақ,

йосун деген сөзінен алғанда «қаулы», «заң» мағынасын береді. Жасақ – Шыңғыс хан қабылдаған монғолдардың заңдар жиынтығы және ережелері. Рашид ад-Диннің мәліметіне қарағанда, бұл заң монғолдардың 1206 жылы өткен құрылтайында қабылданған. Бұл заңның Шыңғыс ханның керей, найман, меркіттерге жасаған жеңісті жорығынан кейін жиналған Ұлы құрылтайда қабылдануы оның билігінің нығаюына жол ашты. Кейінірек 1218 жылы Түркістанға қарсы жорықты ұйымдастыру мақсатында жиналған құрылтайда толықтырулар енгізіліп, 1225 жылы қайта қабылданған. «Ұлы жасақтың» түпнұсқасы толығымен сақталмаған. Оның үзінділері араб, парсы тарихшыларының еңбектерінде кездеседі. «Ұлы жасақтың» толығырақ мазмұны XIII ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген парсы жылнамашысы Ала ад-Дин-Ата Мәлік Жувейнидің «Тарих-и Джахангушай» (аудармасы «Әлемді бағындырушының тарихы») атты еңбегінде берілген. Өзге авторлар әл-Омари, әл-Маркизи, Мирхонд Жувейнидің еңбегіндегі берілген мағлұматты қолданған. Бұл жағынан алғанда, «Ұлы жасақты» зерттеуде Жувейнидің шығармасының маңыздылығы арта түседі. Жувейнидің көрсетуі бойынша бұл заң ұйғыр жазуында монғол тілінде тұмарға түсірілген. Бұл тұмарлар беделді, жасақтың білгірі ретінде танымал ханзадаларда сақталған. Қалмақ ғалымы Э.Хара-Даван өзінің Шыңғыс хан тарихына арнаған еңбегінде «Ұлы жасақтың» әл-Маркизи, Мирхонд, ибн-Батутта, т.б. деректердегі үзінділерін берген. Зерттеушілер арасында жасақтың баптарына қатысты пікірлер сан алуан. Оған қатысты орыс, қытай, монғол, қазақ, қалмақ, татар зерттеушілері өздерінің көзқарастарын ұсынған. Соңғы зерттеулер ішінен Зардыхан Қинаятұлының **«Қазақ мемлекеті және Жошы хан»** атты еңбегінде қарастырылып отырған мәселе төңірегінде жан-жақты талдаулар жасалынады. Осы уақытқа дейін «Ұлы жасақты» қарастыруда орыс зерттеушілерінің пікірлеріне тоқталатын болсақ, осы еңбекте қытай, монғол ғалымдарының тұжырымдары берілген. Қытай ғалымы Ли Зу Фин «Ұлы жасақты» негізгі сегіз тарауға бөліп, оларды жіктеп қарастыру арқылы талдағандығын атап өтеді. Тарихшы Б. Сайшал бұл заңды жан-жақты зерттеу нәтижесінде деректерде берілген үзінділерді мазмұнына қарай алты бөлімге бөліп, 54 бабын ашып берген.

«Ұлы жасақтың» қабылдануына қатысты Зардыхан Қинаятұлының бұл заңның Шыңғыс ханның құрған мемлекетімен

қатар пайда болмағандығы, оның бастауы Монғол үстіртінде әр тарихи кезеңде билік құрған Түркі, Тунгус, Монғол мемлекеттерінің тұсында қалыптасып, кейінге мұра болып қалған құқықтық ережелер болғандығы жөніндегі пікірі өте орынды. Себебі көшпелі мемлекеттің тарихында ертедегі қалыптасқан құқық нормаларын қоғам талаптарына сәйкестендіру заң шығармашылығынан жоғары тұрды.

Қоғамдық қатынастардың күрделене түсуі, мемлекеттіліктің қалыптасуы құқықтық мәдениеттің дамуымен қатар жүреді. Сондықтан Шыңғыс ханның құрған мемлекетін өзіне дейінгі осы территориядағы бір кезде қалыптасып, нығая үстінде болып, ыдыраған мемлекеттердің тікелей мұрагері ретінде қарастырған жөн.

Сонымен, Монғол империясындағы негізгі құқықтық ескерткіш «Ұлы жасақ» заңы болды. Бұл заңның ерекшелігі – Шыңғыс хан ұрпақтары Монғол империясынан қаншалықты қашықтықта билік құрса да, осы заңға бағынып, оның талаптарын берік ұстауға тырысуы. «Ұлы жасақтың» мазмұны халықаралық құқық және әкімшілік, азаматтық, қылмыстық құқық, сауда, отбасы құқығын қамтитын баптардан тұрды:

- *Тақ мұрагері Хан деген лауазымды иеленсін. Өзге халықтар, оның ішінде мұсылмандарда кездесетін ханға және оның туыстарына түрлі есімдерді қоюға тыйым салынсын. Әрқайсысы бастапқыда қойылған өз есімдерін қолдануы тиіс;*
- *Кімде-кім құрылтайдың шешімінсіз, өзгелерді мойындамай өзін-өзі хан жариялағанды қаталдықпен өлтіру керек;*
- *Мемлекет ішіндегі жағдайды біліп отыру үшін сұлтандар тұрақты байланыс мекемесін ашуы тиіс;*
- *Әскерге 20-ға толғандар алынсын. Әр ондық, жүздік, мыңдық, түменде басшы тағайындалсын;*
- *Кімде-кім арсыз әрекет жасайтын болса өлім жазасына кесіледі;*
- *Кімде-кім мақтанишақтықпен өтірік айтса, біреудің соңынан әдейілеп құдаласа, таласып тұрған екі жақтың біріне көмектесе өлім жазасына кесілсін;*
- *Кісі өлтірген қылмысы үшін құн төлеу арқылы құтылуға болады;*

- *Кімде-кім ат ұрласа оның құнын тоғыз есе артық төлеуі тиіс. Егер мүмкіндігі болмаса ол баласын беруі тиіс;*
- *Кімде-кім тұтқынға рұқсатсыз киім немесе тамақ берсе өлімге кесіледі;*
- *Кімде-кім қашқың құлды тауып, оны қожайынына қайтармаса өлімге кесіледі;*
- *Құран оқитын дін жолындағылар, шарияттың білгірлері, дәрігерлер, ғылым жолындағылар, дәуіріштер барлық салық түрлерінен босатылады;*
- *Әркім таңдамай барлық дінге құрмет көрсетуі тиіс;*
- *Кімде-кім үш мәрте қарыз алып, оны үш мәрте уақытында қайтара алмаса өлімге кесіледі;*
- *Кімде-кім зайыбының көзіне шөп салса, ешнәрсеге қарамай, яғни ол үйленген болсын, не үйленбеген болсын өлімге кесіледі;*
- *Кімде-кім малдың етін жегісі келсе, алдымен оның ішін жарып, жүрегін қолмен қысып өлтіріп оның етін жеуіне болады;*
- *Сатқындық жасағандар және сәуегейлікпен айналысқандар өлім жазасына кесіледі.*

Шыңғыс ханның ұрпақтарының арасында бұл заңның берік орнығуын Рашид-ад-Диннің шығармасында берілген үзінді нақтылай түседі. Еңбекте: «Шыңғыс ханның қалдырып кеткен салт-дәстүрлері (йусун) мен заңдарын (иасак) сақтап, оларды өзгертпей қатаң ұстанса, онда көктен олардың елдеріне көмек келіп, олар әрқашан қуаныш пен шаттықта өмір сүреді», - деп берілген. Осы шығармадағы келесі үзінді осы заң мемлекеттің іргетасының шайқалмауына ықпал жасағандығын көрсетеді: «егер осыдан кейін дүниеге келген мемлекет басшыларының ұлдары тұсындағы ұлы адамдары, батырлар мен әмірлер заңды қатаң ұстанбаса, онда мемлекет істері шайқалып, тоқтайды, олар Шыңғыс ханды өте қатты іздейді, бірақ оны таппайды».

«Ұлы жасақ» Шыңғыс хан құрған мемлекеттің негізгі заңдық тірегі болды. Сонымен қатар саяси биліктің тұрақты құралы қызметін атқарды. Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының жоғарғы билігінің өзі бастапқыдан-ақ заңдастырылды. Деректердегі мәліметтерге жүгінсек, Шыңғыс ханның билігі бірнеше тарапта дәріптеліп бекітілді. Монғол мемлекетінің негізін қалаушы Шыңғыс ханның көктен, құдайдан, ертедегі әулеттік биліктің

мұрагері ретінде қабылданып, осы сипаттағы дала тарихында орын алатын тарихи тұлғалардан жоғары тұратындығын айқындайтын идеялық саясат орын алды. «Ұлы жасақтың» алғашқы бабы түрік-монғол тарихындағы Шыңғыс хан ұрпағының жоғары билікке ие болу құқығын дәріптеді. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары «хан» атағының заңды түрдегі мұрагері болды. Шыңғыс хан ұрпақтарының билігі «алтын ұрықтан» тарағандығы арқылы жүзеге асты. Бұл ұрықтың әр мүшесі өзінің шежіресі арқылы билік құқығын анықтады. Оның ішінде, ұрпақ арасындағы билік те құқықтық негізде реттелді. Ал енді Шыңғыс тұқымы еместердің хан атағын иеленуге әрекеттенулері түрік-монғол және басқа да халықтардың санасында құқыққа қарсы, тіпті бейәдеп қылық болып саналғандығы жөнінде шығыстанушы В.П.Юдин атап өтеді. Мұндай істі жүзеге асырғысы келген кісінің құқығын құқықтан тыс қойғандай болды. Шыңғыс тұқымынан емес билікке ұмтылған Әмір Темірдің шежіресі, оның билікке деген құқығын нақтылағандай болды. Бірақ ол шыңғысизмнен аттап кете алмады, өзін хан жарияламады. Моғолстандағы іс жүзіндегі билік дұғлат тайпасында болғанымен, Шыңғыс тұқымынан хан көтерілді. Бұл құбылыс Моғолстан мемлекетінің идеологиясындағы биліктің көзі – Шыңғыс хан тұсындағыдай Шыңғыс тұқымынан шыққандардан хан сайлау іспеттес болды. Дала тарихында бұл құбылыс тарихи кезең ретінде сипатталғанымен, бес ғасыр бойғы өміршеңдігі ерекше назар аударарлық мәселе. Оның тарихи бастауы «Ұлы жасақтың» қабылдануынан басталды.

«Ұлы жасақ» бойынша «хан» атағын алған Шыңғыс ұрпағына өзіне жанама лауазымды есімдер алуға рұқсат берілмеді. Бірақ бұл баптың орындалуы ислам дінінің мемлекеттік дәрежеге көтерілуінен кейін тоқтатылды. Өзбек хан 1321 жылы ислам дінін қабылдаған соң, мұсылманша Сұлтан Мұхаммед есімін алды.

Бұл құбылыс «Ұлы жасақтағы» маңызды және саяси қару ретінде қолданған бапта бұл дінге деген еріктіліктің берілуімен байланысты болды. Мұның басты себебі ретінде монғолдар арасында дәстүрлі діни сенімдердің орны жоғары болмағандығына қатысты деген көзқарастар да бар. Тереңірек қарастыратын болсақ, бұл бап Монғол империясының басып алу тәсілінің, құрамына енген жаңа территориялардағы билік жүргізудің және дипломатиялық қатынастың құралы болды. Жетісуды моғолдардың басып

алуында осы баптың рөлі ерекше болды. Найман және қарақытайлардың билігінде болып, будда және христиан дінінің қысымын көрген жергілікті мұсылман халық оларды өздерінің құтқарушысы ретінде қабылдады. Дінге берілген құрмет Шыңғыс ұрпақтарының ислам дінін мемлекеттік дәрежеде қабылдауына ықпал жасады. Монғол шапқыншылығынан кейін исламға дейінгі ежелгі дәстүрлер мен ислам дәстүрлерінің ұштасуынан қоғамның нақты діни өмірін сипаттайтын синкретикалық дін нысандары қалыптаса бастағандығы жөнінде «Қазақстан тарихының» авторлары атап өтеді. Мұнда тағыд В.П. Юдинге жүгініп, «шыңғысшылдық» деп атаған дүниеге көзқарас синкретизмін байқауға болады. «Шыңғыс ханның шыққан тегі, оның руы, ата-бабалары туралы аңыздар... адамзаттың шыққан тегі туралы мұсылмандық түсініктерге және сол арқылы дүниенің мұсылмандық көрінісіне енгізілді. Мұсылмандардың тарихи шығармаларында адам баласының шығу тарихы, әдетте, адамның жаратылуынан және пайғамбарлар тарихынан басталатын. Ол Оғыз туралы аңыздар циклімен, Шыңғыс хан руының генеалогиясымен және көшпелі дүние руларының, тайпалары мен халықтарының одан кейінгі тармақтарымен толықтырылды». Осы кезеңде көшпелі қоғамда шыңғысшылдық дүниетаным дәріптелгенімен, сайып келгенде Қазақстан аумағына ислам діні өзінің үстемдігін орнатты. Қазақ даласында билік құрған Шыңғыс ұрпақтарының басым бөлігі мұсылмандықты қабылдап қана қоймай, оның орнығуына өз іс-әрекеттерін жасады. «Шыңғыс наме» авторы Өтеміс қажы Берке ханның мешіттер мен медреселер салуға себепші болғандығын атап өтіп, «Дешті уәлаяты Берке ханға қараған кезде, ол кәпірлердің көбін мұсылман қылды» деп мағлұмат береді. Тіптен бұл деректе Берке дүниеге мұсылман болып келді деп, оның Сығанақ шаһарындағы Шейх әл-алам Сәйфуддин Бахарзидің шейхқа қызмет жасағандығы туралы мәлімет айтылады. Өзбек ханның ислам дінін қабылдағаны туралы әңгіме Шыңғыс ұрпақтарының Дешті Қыпшақтағы билігі тұсында ислам діні ел ішінде кең таралуына барлық мүмкіндіктер жасалғандығын байқаймыз. Берке хан заманынан ислам дінінің орнығуы басталса, Өзбек хан мұсылмандардың нағыз қолдаушысы болды.

Сонымен қатар бұл бапқа қатысты айтылатын ой монғолдардың өздерінде ертеректе болған дүниетанымын, идеологиясын негіздейтін және қоғамның сұранысын қанағаттандыратын дінді

іздеуде болды. Бұл дін қазақ даласында Шыңғыс ұрпақтары үшін ислам діні болды.

Монғол империясының саяси өмірінде Шыңғыс ұрпақтарының арасынан хан билігінің жариялануы құрылтайда өтті. Сондықтан құрылтай хан билігінің заңдастырылуының негізгі орталығы болды. Құрылтай ресми түрде жоғарғы өкімет билігінің органы. Осы заң бойынша өзін құрылтайсыз хан жариялаған билеуші өлім жазасына кесілді. Құрылтай іс жүзінде Шыңғыс ұрпақтарының, әскер басыларының және азаматтық-әкімшілік қайраткерлерінің қаған мен оның айналасындағы жақындарының күні бұрын қабылдаған шешімдерін құлақтандыру әрі орындау үшін қабылдауға арналған жиналысы болды, ол империя әміршісінің билігін шектемеді. Монғол империясында 1259 жылы Мөңке хан өлгеннен кейін жалпы монғолдық құрылтайлар шақырылған жоқ.

Монғол қоғамы нағыз әскери-әкімшілік басқару жүйесінің көрінісі болды. Монғол қоғамындағы әрбір ер адамның жауынгер болуы және олардың арасынан әскерді басқара алатын қолбасшылардың шығуының міндеткерлігі туралы «Ұлы жасақтың» бабында аталып өтеді. Оның жалғасы ретінде Шыңғыс ханның билігіндегі өз үйін басқара алатын әр адам түменді де басқара алады деген сөздері нақтылай түседі.

«Ұлы жасақта» қоғам ішінде орын алатын келеңсіз жағдайлар ұрлық, қарызды қайтармау, зинақорлық, әдепсіз іс-әрекеттер жан-жақты қарастырылып, оған қатысты тиісті жазалар белгіленген. Бұл баптар түркі дәуіріндегі заңдардан бастау алатынына баптардағы белгіленген жаза түрлері айқын дәлел бола алады.

Сонымен қатар «Ұлы жасақта» ерекше атап өтетін бап ол ғалым, дін жолындағы адамдарды салықтан босатуы. Осы мазмұндағы бап Әмір Темірдің заңдарында ерекше аталып өткен. Әмір Темір өзінің ережелерінде оған кеңес берілгендей өзінің қол астындағыларды 12 санатқа бөліп, әрқайсысының құқығын және берілген міндеттерін атап берген. Жыл санауымыздың он екі мүшесі және менің билік құрған жылымның он екі айы сияқты мемлекетіміздің тірегі осы он екі санат болсын деп Әмір Темір қаулы қабылдаған. Бірінші санаттағы Пайғамбардың ұрпағы, ғалымдар мен заңтанушыларға менің есігім әрқашан ашық. Осылармен кеңесе отырып қана діни танымды және заң бойынша дұрыс немесе бұрыс әрекеттерді біліп отырамын деп көрсетеді.

Темірдің ережесінде «Ұлы жасақ» және түркілер арасында қолданылған әдеттік-құқықтық баптармен қатар шарифаттың барынша қолданыста болғандығын айқын көреміз.

Жоғарыда атап өткендей, Темір өз елінің тірегін 12 санатқа бөліп, олардың әрқайсысының қоғамда алатын орнын белгілеп берді. Бірінші санат туралы айтып өткендіктен, екінші санаттан бастасақ, оған әрқашан орынды кеңес бере алатын зиялы қауым, жасы келген қарияларды жатқызды. Үшінші санатты өзі көп жағдайда жасырын көмек алатын сәуегейлерге берді, олардың көмегіне Темір Тоқтамыспен болған соғыста жүгінді. Төртінші санатқа әмірлерді, шейхтарды және әскери шенеуніктерді жатқызды. Бесіншіге жауынгерлерді, алтыншыға қарапайым, бірақ ақыл-гөй адамдарды, жетіншіге кеңестің мүшелері болып табылатын визир және хатшыларды, сегізіншіге дәрігер, астрология, геометриямен шұғылданатын адамдарды, тоғызыншы санатқа тарихшылар мен жылнамашыларды, оныншы санатқа дәруіштер мен құдай туралы ғылымды игергендерді, он бірінші санатқа қолөнершілерді, он екіншіге санатқа жиһанкездерді орналастырды.

Темірдің ережесінде осы аталған санаттардың қоғамда алатын орнына қарай міндеттері мен құқықтары анықталды. Осы ережеде қоғамның барлық сұранысын қамтитындай баптар жинақталды.

«Ұлы жасақты» берік ұстау Шыңғыс хан ұрпақтары үшін қаншалықты маңызды болса, олардың билік құрған мемлекеттерінің тұрғындарының бағынуы міндеткерлік болды. Әрине, бұл жағдайдың орындалуы қиындық туғызды. Оның себебі «Ұлы жасақ» көшпелілер өміріне негізделген болса, Түркістан немесе Иран сияқты бағындырылған отырықшы аймақтардағы ертеден қалыптасқан құқықтық жүйеге бағынатын әлеуметтік-тұрмыстық өмір бұл заң аясынан тыс қалып отырды. Бұлардың баптары арасындағы қайшылықтар жергілікті билік иелері мен Шыңғыс хан әулетінің билеушілері арасындағы қақтығыстардың туындауына себеп болды. Түркістан иелігінде билік құрған Шағатайдың «Ұлы жасақты» орындату мақсатындағы әрекеттерін Жувейни былай баяндайды: «Ол өзіне бағынышты халықты «Ұлы жасақ» арқылы қорқытып, оны бұзғандарды жазалайтындығын білдірді, оның әскері әрқашан дайындықта болды, әсерлеп айтқанда, кез келген әйел басына алтын толтырылған табақпен жалғыз еш қорықпай жүре алатын. Ол кішігірім қаулылыр қабылдап отырды. Бұл

қаулылар мұсылмандар үшін ауыр болды. Мысалы, қойды бауыздамау туралы қаулысының әсерінен Хорасанда ашық мал бауыздаудан қорықты. Мұсылмандарды өлген мал етін жеуге мәжбүрледі».

«Ұлы жасак» өте қатаң заң болды. Мұндағы әрбір теріс әрекет қылмыс ретінде қарастырылып, қатаң жазаға тартылып отырған. Осыған қарамастан уақыт өте келе Монғол империясының батыс иелігі мұсылман мәдениетін қабылдай отырып, «Ұлы жасақты» міндетті түрде орындауды тоқтата бастады. «Ұлы жасақтың» күшінің әлсіреуін Хамдаллах Казвинидің қалдырған мәліметінен көре аламыз. Мұнда монғолдардың қалада тұруына «Ұлы жасаққа» қайшы болса да, Шағатай, Жошы ұлыстарындағы Шыңғыс ұрпақтары да бұл талапты орындауды ұмытқандығын көрсетеді.

Монғол ұлыстарында «Ұлы жасақтың» іс жүзіндегі қызметі қаншаға созылғаны белгісіз. Темірдің құрған Мауреннахр мемлекетінде түркі тілінде «Төре» деп Шыңғыс ханның заңын атады. Сирия және Хорезмде Темір және оның ұрпақтары «Төрәні» шарифаттан жоғары қойған деп айыпталып, олардың қол астындағылар мұсылмандар ретінде қабылданбады. Темірдің ұлы Шахрух тұсында (1409-1447 жж.) шарифатты ғана мойындау, Шыңғыс ханның білігін және заңының күшін жою туралы қаулы қабылданды. Ал Шахрухтың баласы Ұлықбек, керісінше, Шыңғыс ханның барлық заңдарын орындауды дұрыс көрді. Тимуридтердің соңғы билеушісі Бабырдың «Ұлы жасак» жайында пікірі оның жазбаларында анық берілген: «Біздің ата-бабаларымыз Шыңғыс ханның төрелігін қалтықсыз орындап отырған. Құрылтайда, тойда, тамақ ішерде, отырса да, тұрса да төреге қайшы әрекет жасамаған. Шыңғыс ханның өсиеті барлық адам орындауға тиісті Құдайдың жазғаны емес. Кім болмасын өзінен кейін құнды өсиет қалдырса, оны ұмытпау қажет. Егер әкең жақсы заң қалдырса орындау қажет, нашар заң қалдырса, оны жақсысымен ауыстыру керек».

«Ұлы жасақтың» негізгі баптары XV-XVI ғасырларда Моғолстан мемлекетінде өз күшін жоғалтпады. Шығыс Дешті-Қыпшақтың өзбек, қазақ билеушілері маңызды мәселелерді шешуде «Ұлы жасаққа» жүгінген. Сонымен, ғасырларға созылған Шыңғыс хан ұрпақтарының билік құрған тұстарында «Ұлы жасак» негізгі заң ретінде қабылданып, барлық істерді шешуде осыған жүгінді. Әрине, ұлан-ғайыр аймақты алып жатқан Монғол

империясының барлық жері «Ұлы жасақты» ғана мойындады десек қате болар. Жоғарыда атап өткендей, «Ұлы жасақ» жергілікті жаулап алынған халықтардың дәстүрлі құқық заңдарымен қатар өмір сүрді. Шыңғыс ханның монғол мемлекетін күшейту мақсатында қабылдаған бұл заңының кейбір баптары кейінгі көшпелі мемлекеттердің құқықтық ескерткіштерінде, олардың қылмыстық құқығында сақталып қалды.

Қазақтың дағдылы құқығында Шыңғыс ханның өзінің ұрпағына қалдырған білігі - «білімі» немесе өсиетінің маңызы айрықша. Қазақ халқының рухани мұрасы болып табылатын ауызша әдеби шығармаларда бұл біліктің мазмұнында көтерілетін мәселелер жиі кездеседі. Тарихшы Тұрсын Сұлтановтың пікіріне жүгінсек ХІХ ғасырдағы зерттеушілер Шыңғыс ханның «Білігін» «Ұлы жасаққа» араластырып дұрыс қарастырмаған. 1901 жылы П. Мелиоранский «Ұлы жасақтың» мазмұнын Шыңғыс ханның білігімен қатар зерттей отырып, олардың айырмашылығын ашып берген. «Ұлы жасақта» қылмыс түрлері және оған қарай қолданылатын жазаны белгілейтін ереже берілсе, білікте сот өндірісі және өзіндік процессуалды кодекс ретінде «Ұлы жасақ» заңын бұзушыларды айыптау немесе олардың іс-әрекеттеріне баға беру орын алған. Мемлекетті басқару ісінде, халыққа билік жүргізуде Шыңғыс ханның ұрпақтары осы білікке жүгінген. Мұнда Шыңғыс ханның өзінің тікелей ұрпақтарына ғана емес, өзінің халқына дұрыс өмір сүру жолын бағыттап, өсиет ретінде қалдырған. Оның толығырақ мәтінін Рашид-ад-дин Фазлуллах Хамаданидің «Шыңғыс ханның жеке басының мақтаныш тұтатын қасиеттері және оның әр түрлі жағдайларға қатысты қалдырған біліктері» атты бөлімінде өсиетті әңгімелері деп берген. Рашид-ад-дин біліктердің түрлі кітаптардан тұратындығын және жеке кісілердің берген мәліметі бойынша жазылғандығын айтып өтеді. Тарихи зерттеулерде Шыңғыс хан тұлғасына байланысты әлемді бағындырған қолбасшы, бытыраңқы тайпаларды біріктірген Монғол мемлекетінің негізін қалаушы, дәстүрлі, яғни тайпалық басқаруды өзгертіп, әкімшілік басқару жүйесін енгізген мемлекет қайраткері ретінде іс-әрекеттері қарастырылса, екінші жағынан Шыңғыс ханның шапқыншылығы оның жаулап алған аймақтарының рухани және материалдық мәдениеттің күйреуі, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуын бірнеше ғасырға шегерткендігі туралы пікірлер қозғалады.

Шыңғыс ханды тарихи тұлға ретінде жаңа бір қырынан қарауға оның қалдырған біліктерін талдау арқылы мүмкіндік аламыз. Мұнда өзінің ұрпақтарына елді басқару әдісі мен жаулап алған жерлерге тәртіп орнату тәсілдері жөнінде кеңес берілген. Бұл біліктерде Шыңғыс ханның өзінен кейін қалдырған өсиетінің қазақ жырауларының, билерінің, ақындарының, мақал-мәтелдердегі көтерілген идеяда жалғасын тапқандығын байқаймыз. Мемлекеттің өз ішіндегі тұтастық отбасынан басталатынын Шыңғыс ханның мына бір өсиеті мақұлдай түседі: «Ұлдары әкелерінің билігімен жүрмеген, кіші бауырлары үлкен ағаларының сөзін сөйлемеген, күйеуі әйеліне арқа сүйемей, ал әйелі күйеуінің еркіне көнбеген, енелері келіндерін жақтыртпаған, ал келіндері енелеріне құрмет көрсетпеген, үлкендері кішілерді қорғамай, кіші толқын үлкендердің айтқандарын тыңдамаған, ұлылары құдайға құлшылық етушілердің жүректеріне жақын жүре тұрып, бұл ортадан алыс жүргендерді өз жағына тартпаған, адамдары дүниенің игілігін қолында ұстай отырып, өз елінің жақсы өмір сүруіне жағдай жасамаған, оған қолдау көрсетпеген, салт-дәстүрді (йусун), заңды (йаса) сақтамаған және осы себеппен мемлекет басшыларының қарсыласына айналған халық: мұндай елде ұрылар, айлакер-өтірікшілер, жаулар және бұзақылар сол халықтың паналаған жерінің күнін күңгірттендіреді, басқаша айтқанда, өз халқын тонап, оның жылқылары мен басқа да табындарына маза бермей, жорыққа□□танарда алдыңғы қатардағы жауынгер сабының аттары шаршайтындықтары соншалық, олар көтерем болып құлап, өліп, шіріп жоқ болатындай дәрежеге жеткізеді».

Шыңғыс ханның біліктері мемлекетті басқару жолын түсіндіріп қоймай, осы басқару ісінде қандай әрекеттер жасау қажеттілігіне бағыт-бағдар сілтейді. Билеушінің өз қарамағындағыларға қамқорлық жасау керектігі түсіндіріледі. Оған отбасында, ел ішінде қандай істер атқару керек, қандай адам әскер басқара алатынын, бейбіт өмірдің билеушісіне тән қасиеттер, өзін қалай ұстаса жақсы болады деген сұрақтарға жауап беріледі. Осы жерде оның айтып өткен біліктерін келтірген жөн:

«Бейбіт халықтың ішінде кішкентай бұзаудай тыныш болыңдар, ал соғыс майданында өзінің олжасына түйірілген қырандай шайқасыңдар»;

«Жыл басында және соңында келіп Шыңғыс ханның билігіне мойынсұнып, кері қайтатын түмен, мыңдық, жүздіктердің әмірлері ғана әскер басшылығында тұра алады. Ал өз жұртында отырып, билікті мойындамайтындар терең суға түсіп кеткен тасқа немесе қалың шөпке қарай атылған жебеге ұқсайды, екеуі де ізсіз жоғалады ғой. Мұндай кісілер басшылық жасауға жарамайды»;

«Өз үйін таза ұстай алатын әрбір адамға және өзінің иелігін, мүлкін таза, әрі дұрыс ұстай алатын, шайқасқа он адамды ретпен сапқа тұрғыза алатын әрбір адамға мыңдықты немесе түменді басқаруға беруге болады, ол шайқасқа әскер бастап бара алады»;

«Біз көп аңшылық жасаймыз, жорыққа аттанып көптеген жауларымыздың көзін жоямыз. Бізге жолды құдайдың өзі бағыттап отырғандықтан, бұл біздің қолымыздан келеді. Кейбіреулер мұны ұмытып басқаша ұғынады».

Шыңғыс ханның іс-әрекеттері оның біліктерінде айтылған ойлармен қатар жүргендігін Рашид ад-дин айтып өтеді. Оның берекесіз, бытырап жүрген халыққа тәртіп орнатып, ақылды, әрі батыл адамдарды әскер басы етті, ал икемді, әрі шапшаңдарына жылқы беріп табыншы қылды, ал надандарға қамшы беріп мал бақтырып, әр адамды икеміне қарай өз мақсатына, әрі келісті қолдана білгендігін көрсетеді.

Қазақ халқы сөз қадірін бағалай білген, сөздің маңызына ерекше көңіл бөлген. Тауып айтқан сөз даналықтың куәсі, ал ақылмен айтылған сөз адамға бақыт әкелсе, жұғымсыз сөз адамға қасірет әкеледі, сондықтан адамның өз тілі өзіне бірде дос, бірде қас, тіліне сақ бол, әр сөзді ойлап айт, сөзге мән бермесең басың кетеді, - дейді түркі ойшылы Жүсіп Баласағұн. Қазақтың арасында: «Жақсы сөз жарты ырыс», «Айтылған сөз атылған оқпен тең», «Сөйлей білмеген сөз қадірін кетірет», «Өзінен кейін жақсының сөзі қалар» және тағы басқа мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер кең таралған. Бұл нақылдың барлығы Шыңғыс хан біліктерінде жазылып, ерте заманнан мирас болып бір арнаға түскен ойлар. Осы ойды жалғастырған біліктердегі үзінділерді келтіретін болсақ:

«Ойланып айтылған сөзді жақсы болсын, шындық болсын, қалжың болсын қайтару мүмкін емес»;

«Үлкен кісінің алдына барып отырып сөзді өзің бастамай үлкеннің сұрағын күт, осы кезде барып сұраққа сәйкес жауап бер, асығып сөз бастаған кішінің сөзі қызбаған темірді соққанмен тең»,

«Үш ақылғөй данышпанның дұрыс баға берген сөзіне, қай жерде болса да жүгінуге болады».

Көшпелілердің қоғамдық қатынастарында ер адамның рөлі ерекше болған. Әрқашан халық ер жігіттің бойындағы жеке қасиетін бағалай білген. Білікте ер адам ең алдымен өз бойындағы жаман қасиеттерімен күресу керектігін, сонда ғана ол еліне ізгілік жолын ұсына алатындығын ұғындырады. Білікте осыған сабақтас мына үзінді берілген: «Өзінің ішкі дүниесін жамандықтан арылта алған әрбір ер адам бүкіл иелікті ұрылардан тазарта алады».

Білікте қоғамдағы әйелдің алатын орнына баға берілген. Отбасының берекесі мен тазалығы көбінесе әйелге байланысты. Үй ішінің ажары жақсы әйел, соған орай жар таңдауға көп көңіл бөлінген. Қай тарихи кезенді алсақ та, әйелге қойылатын талап ортақ. Сондықтан ер адамның қоғам ішіндегі беделі тікелей әйеліне қатысты болатындығын білікте айтылып өткен: «Ер адам барлық жерде бірдей қажет көрініп тұратын күн емес. Ері аң аулауға немесе соғысқа кеткен кезде әйелі үйді таза, әрі жинақы ұстап, елші немесе қонақ тоқтаған кезде оған дәмді тағам дайындап, қонаққа көрсетілетін барлық сый-сияпатты жасауы қажет. Мұндай әйел ерінің беделін үлкен жиындарда тау іспеттес көтереді. Күйеуінің жақсы екенін әйелінің жақсы қасиеттері арқылы білуге болады. Егер әйелі ақылсыз, әдепсіз болса, күйеуін осы арқылы тануға болады. Үйдегінің бәрі иесіне тартады».

Қазақтың ақын–жыраулары да бұл тақырыпта ой қозғаған. Дешті-Қыпшақта 1465-1560 жылдары өмір сүрген Шалғез жырау ер азаматтың жарын дұрыс таңдаудың қажеттілігін атап өткен:

Жақсыға қоссаң басыңды,

Отырар орның төр болар

Жаманға қоссаң басыңды,

Саз балшыққа аунаған

Бөрімен орның тең болар...

1748-1819 жылдары өмір сүрген Шал ақын қазақ әйелдерінің жақсы немесе жаман қасиеттерін бағалай келіп, ер жігіттің жақсы болуы әйеліне байланысты болатындығын мына өлеңінде айтып өтеді:

Кез болса ер жігітке жақсы қатын,

Жақсы қатын шығарар ердің атын,

Жаман болса өз қылығын істерімен

Еріне қалдырады жаман атын.
Жақсы сол ерін күліп шаттандырса,
Атқарып тапсырмасын мойнына алса.
Ері жоқта күйзелтпей шаруасын
Ағайын, көршілерін жадына алса
Сапардан ері келсе үйге кіріп,
Жылы жүзбен қарсы шығып қолын алса.

Сонымен, сан ғасырлар бойы отбасылық құқықтың тірегі ер мен әйел қатынасы қоғамның өзекті мәселесі болғандығын айқын көреміз.

Көшпелі қоғам мүшесі үшін рухани құндылықтары қашанда іс-әрекетімен ұштасып жатуы тиіс болды. Қоғамның ішкі жағынан ыдырауы адамның азғындауынан туындайтынын орта ғасырдың өзінде анық білген, бұл келеңсіз әдеттермен күрес жүргізген.

Жүсіп Баласағұнның дастанындағы мына жолдар «Арақ ішкен – ақылын ішеді», «Мас кісінде ақыл жоқ», «Шарап деген білім мен ақылға жау» Шыңғыс ханның білігінде жалғасын тапқан сияқты: «Арақ пен шарапқұмар адам ішіп алған кезде соқырға айналады - ол ештеңе көре алмайды, керең болады, оны шақырған кезде естімейді, мылқауға айналады, онымен сөйлескен кезде жауап бере алмайды. Мұндай адам ішіп алған кезде өліге ұқсайды, ол тік отыруға әрекет жасаса да нәтиже бермейді. Арақ пен шараптан ешқандай пайда жоқ немесе жігер, не жақсы тәлім жоқ».

Жүсіп Баласағұн шарап ішсең кедейлікке жол ашылады десе, Шыңғыс хан білікте: «Қарапайым халық бүкіл малын және мүлкін ішкілікке құмарлықтан сатып кедейленеді. Бұл ішімдік адамның жақсысын не жаманын таңдамайды. Егер ішуге қарсы еш құрал таппаса, айына үш рет ішу керек, одан артық ішкен адам жазаға тартылсын». Шарап ішу қоғамды аздыратын жаман кесел болғандығын айта келіп, онымен күресу жолын білікте көрсетіп береді.

Сонымен, Шыңғыс ханның қалдырған өсиетінің негізгі мазмұнында түркі дәуірінде де, Қазақ хандығы тұсында да қоғамдық сұранысқа ие мәселелер төңірегінде айтулы ойларды қозғады. Тіптен олардың мәні қазіргі қоғамның талаптарына да сай келеді. Шыңғыс ханның біліктері осы тарихи кезеңде қоғамның талаптарына сәйкес қалыптасқан құқықтық қажеттіліктерді барынша орындауға мүмкіндік туғызды.

Көшпелі мемлекеттердегі құқықтық кодификациялау әрекеттерін Шыңғыс ханның құқықтық қатынастарды заңдастыруымен қатар зерттеу кезеңі жағынан қатар келмесе де, мазмұны ұқсас болғандықтан көптеген мәселелерді тереңінен қарастыруға мүмкіндік береді. Шыңғыс ханның заңы кейінгі қабылданған қазақтың Дала заңдарында «Қасым ханның қасқа жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Есім ханның ескі жолы» және Тәуке ханның «Жеті жарғысында», ойраттардың 1640 жылы қабылдаған «Цааджин бичикте» өзінің жалғасын тапты. Бұл заңдардың арасындағы көптеген институттарының түркі, монғол және қазақ құқық нормаларының ортақтығын байқамау мүмкін емес, салыстыру арқылы көшпелілердегі дала заң шығару ісіндегі синхростадиялық ортақтықтың элементтерін анықтауға болады.

XIII ғасырдың құқықтық ескерткіші «Ұлы жасақты», XVII ғасырдың соңғы ширегіне жататын Тәукенің «Жеті жарғысын» қатар қарастыру арқылы ең алдымен, бұл заңдар түрлі тарихи кезеңде қабылданғанына қарамастан, басты мақсаты мемлекетті орталықтандыру болғандығын байқаймыз. «Ұлы жасақтың» және «Жеті жарғының» қабылдануы ірі тарихи кезеңге сәйкес болды, сондай-ақ, қоғамдағы саяси жағдайлардың өзгешелігіне қарамастан, басты қалыптасу себептері ортақ. Ол дәстүрлі құқықтың өмір сүріп тұрған нормаларын қоғамның жаңа талаптарына сай икемдеуге ұмтылуға, олардың ішінен билеуші топтың мүдделеріне сай келетінін ғана заңдастыруға, ескірген баптардың орнына жаңасын енгізуге байланысты туындаған. Аталған құқық ескерткіштерінің баптарында ортақтық және қайшылықтар да кездеседі.

Енді осы екі заң жүйесінің баптарындағы ортақтықты қарастыратын болсақ, ол ұрлық, зинақорлық, күш қолдануға қарсы қолданылған баптардан көрінеді. Сонымен қатар жаза түрлерінде де ұқсастықтар табылады. Керек болса, тұрмыстық салт-дәстүрге байланысты, мәселен, үлкенді құрметтемегені үшін, ата-анасын сыйламағандығы үшін жауапқа тартылған. Монғолдарға тәуелді тайпалардан шыққандарға үлкен лауазымға ие болуға тыйым салынған, ал Қазақ хандығында жоғары билікке тек Шыңғыс тұқы-мынан тарағандар құқылы болған. «Ұлы жасақта» наным-сенімдерге байланысты тұстары қазақтардың күнделікті тұрмысындағы түсінігінде де (ырымдарында) сақталған. Мәселен, «Ұлы жасақта», кімде кім әскер басының табалдырығын басса, ол адам

өлім жазасына кесілетін, ал қазақтарда табалдырықты басу жаман ырым деп саналған. Сондай-ақ, «Ұлы жасақта» қонақ түскен үй иесі өзі тағамнан дәм татпайынша басқалардың асқа қол сұғуына тыйым салынған. Мұндай әдет қазақ тұрмысында да бар, оған қазақ арасындағы «ас иесімен тәтті» деген мақал дәлел бола алады. Сондықтан алдымен отбасының иесі астан дәм татуға тиісті. Дәстүрлі қоғамға тән қабылданған «Ұлы жасақ» заңы әскери-әкімшіл басқару құрылымының нағыз көрінісі болды, ал «Жеті жарғыда» саяси басқару жүйесіндегі әлеуметтік қатынастар айқын көрініс тапқан.

«Жеті жарғы» ислам дінінің қазақ қоғамында мәртебесі жоғары, кең тараған тұсында қабылданған. «Ұлы жасақ» бойынша барлық дінге құрметпен қарау, өзге дінге кіруге рұқсат берілсе, «Жеті жарғы» бойынша ислам дінінен бас тартқандарды ауыр жазаға тартып отырған. Қазақ әдеттік құқығына шарифаттың ықпалы анық болды. Бұл тақырыпта арнайы зерттеуді профессор Нұралы Өсеров жүргізіп, ғылыми нәтижелерін ұсынған. Шарифат – барлық мұсылмандар үшін орындалуы тиісті, исламда көрсетілген адамгершілік заң құрылымдары. Басқа құрамына білім және діни талаптар енеді. Ислам заңын тануда шарифаттың негізгі мазмұны Құран, Сунна, Иджма және Қияс деп танылады. Шарифатты жетілдіру үдерісінде кез келген жағдайға байланысты негізгі категориялар жасалған. Ондай категориялардың қатары бесеу: оның екеуі мұсылмандардың міндеттеріне байланысты: парыз – қатаң міндетті бұйрықтар, мандуб – мақұлданатын, бірақ міндетті емес бұйрық. Екеуі шектеу салатын категориялар: харам – тыйым салынатын әрекеттер және макрух – тыйым салынбаған, бірақ мақұлданбайтын әрекет. Соңғы категорияға мухаб, бұл әрекетке ислам бейтарап қарайды. Шарифаттың өзіне тән көптеген әдет-ғұрыптық талаптары бар. Қарапайым адамның күнделікті іс-әрекетіндегі міндеттер мен талаптар, ережелер орнатылған. Шарифатта қоғамдық қатынастардың барлық жақтары қарастырылады. Далалық заңдардан шарифаттың айырмашылығы әр мұсылманның өз іс-әрекеті үшін жауаптылығы. Шарифатта жеке адамгершілік құқығы жоқ, бірақ дінге сенушілердің моралы бар. Бұл ортағасырлық құқықтық қатынастардың дамуының белесі болды. Мұндағы азаматтық, қылмыстық, отбасылық, шаруашылық құқықтары жинақта-лып, оның басты нормасы ретінде мұсылманның адал

өмір сүру заңын құрады. Шариғат заңдары қоғамдық қатынастарды күшейтіп, нығайтуға жол ашты. Орта ғасырларда қазақ халқы исламның негізгі талап догмаларының кейбірін толығымен орындай бермеген. Бірақ іс-әрекеттерінде исламға қайшылық болмады. Қоғам ішіндегі даулы мәселелерді шешу, қылмыстарды жазалау шариғатпен қатар қарастырылды. Шариғат ісі де көпшілік алдында билер ісі секілді ауызша жүргізілді. Қарыз беру, алу жолдары, шариғат бойынша мұсылмандар үшін бір-бірінің жоғын жоқтап жәрдемдесу мақсатында маңызды болып табылды. Мұрагерлік мирастық жол-жобалар шариғат бойынша мұрагерлік болса, ер адамға толық, қызға жартысы берілді. Жеке меншікке қол сұғушыларды жазалау шариғат заңы бойынша өлім жазасына бұйырылады немесе «үш тоғыз» айып төлетіледі. Шариғат заңдарының «Жеті жарғы» баптарында көрініс тапқандары осылар болды. Шариғатта әдет-ғұрып ретінде еніп, кейін заң негізіне дейін көтерілген ережелер де бар. Оның біразы отбасылық құқық бойынша неке кию, талақ ету, қалыңдыққа қалың мал беру сияқты қазақ дәстүрлерімен сәйкес, бір өзгешелігі – күйеу жағы жер, бақша махр берді.

Шариғатта адамгершілік нормаларының жүйесі Құран мен Суннаның негізінен құралған. Шариғат қоғамдағы рухани, әлеуметтік қатынастарды реттеп отырған. Бірақ мұнда ортағасырлық қоғамдық қатынастарға тән сипат көрініс тапқан. Сондықтан болар шариғат мазхаб тарапынан үнемі жетілдіріліп отырған. Қазақ құқығы шариғатты өзіне тиімділігі жағынан, шектен шығармай үйлесімді жағдайда қолданып отырған.

Сонымен, «Жеті жарғы» қазақ қоғамындағы өзіне дейінгі құқықтық ережелердің жиынтығы ретінде қалыптасу жолын жалғастырды.

1.2 «Жеті жарғы» – қазақ мемлекетінің тарихи құқықтық ескерткіші

«Жеті жарғы» мазмұны жағынан, біріншіден, қазақтың ертедегі әдет-ғұрып құқықтары болса, екіншіден, қазақ құқығының жүйеленген қайнар көзі «Қасым ханның қасқа жолына» негізделсе керек. Қасымның тұсында Қазақ хандығы алғаш рет мемлекеттік

құрылым ретінде әлемдік тарих сахнасына танымал болды. Алғашқы болып Мәскеу мемлекетімен байланыс жасаған кезеңдер Қасым ханның тұсына сай келеді. Бұл кезең хандықтың ішкі саяси билігінің нығайған сәті болды. Мұхаммед Хайдар Дулати Қасым ханды жекедара рухани байлығы жоғары адам ретінде сипаттайды. Қасым хан миллионнан астам халықты бір елге біріктіріп, бағындырып, оларға билік жүргізе білген. Халық жадында сақталған «Қасым ханның қасқа жолы» заңының орны ерекше. Бұл заңға енген ережелер мынандай болды:

1. Мүлік заңы (мал, мүлік, жер дауын шешу ережелері);
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, ел шабу, мал талау, ұрлық қылмыстарына жаза);
3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат);
4. Елшілік жоралары (шешендік, халықаралық қатынастарда сыпайылық, әдептілік);
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарату, ас, той, мереке үстіндегі ережелер міндеті).

Қасым ханнан кейін «Жеті жарғыны» толықтыра түсетін жүйеленген «Есім ханның ескі жолы» заңы. Заң жүйесінің ескі заң аталу себебі ертеден келе жатқан дәстүрлі құқық ережелерінің сақталуында болып отыр. Бұл заңның ерекшелігі құн төлеу мөлшері қараша-сұлтан, бай-кедей деп бөлмей барлық топ өкілдері үшін бірдей болған. Сонымен қатар «Жеті жарғыда» кездесетін өнер құны және сүйек құны осы Есім хан тұсынан бастау алады.

Қазақ хандығы мемлекеттік іргетасын қалағаннан бері «Қасым ханның қасқа жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Есім ханның ескі жолы» әдеттік құқыққа негізделген хан заңдары мазмұны жағынан «Жеті жарғыда» жалғасын тапты. Мұны «Жеті жарғының» баптарын қағазға түсірген ғалым А.И.Левшиннің еңбегіндегі берілген мына үзінді нақтылай түседі: «Бұл билер ертеден келе жатқан Қасым хан мен Есім хан тұсындағы әдеттік-құқық жүйелерді «Жеті жарғы» заңына жинастырды». **ХІХ ғасырдың өзінде бұл әдеттік-құқықтық жүйе өзінің реттеушілік мәнін жоғалтпады.**

Сонымен, «Жеті жарғы» – бұл әдет-ғұрып талаптарына **негізделген** көшпелі өркениеттің шығармашылыққа бейім тайпаларының көптеген ғасырға созылған іс-әрекетінің жемісі екені анық. Қазақстан тарихында ХVII-ХІХ ғасырлар аралығындағы құқықтық

ескерткіштердің ең танымалы осы - «Жеті жарғы». Бұл заңның дайындалған кезеңіне, қабылдануына қатысты нақты пікір жоқ. Зерттеушілердің бір тобы оны XVII ғасырдың соңына жатқызса, ал екіншілері оның қабылдану кезеңін XVIII ғасырдың алғашқы ширегі деп көрсетеді. XVII ғасырдың екінші жартысындағы саяси ахуал бір орталыққа бағынған мемлекеттің нығаюы үшін нақты іс-әрекеттерді қажет етті. Осы кезеңде ортаазиялық мемлекеттердің басым бөлігі шарифатты қолданып отырған. Қазақ хандығының саяси-әлеуметтік жағдайы биліктегі бөліністе далалық билеуші әлеуметтік топтардың ықпалының күшеюі, генеалогиялық жақтан билік иелеріне құқықтық барлық артықшылықтарын сақтай отырып, қоғамдағы қатынастарды реттеуге заңды түрдегі іс-қимылға итермеледі. Бұл «Жеті жарғының» қалыптасуының бір себебі, екіншіден, хандықтың сыртқы саясатының барысына осы кезеңде ықпал жасаған ойрат шабуылдарының күшеюі және Жоңғар контайшысының мемлекеттегі құқықтық заңдастыру («Цааджин бичик» немесе Дала ережелері) әрекеттеріне қарсы шаралар болды. Үшіншіден, қазақ қоғамындағы сұранысқа сәйкес құқықтық нормалардың ескіргенін жойып, талапқа сай реттеп заңдастыру қажеттігі еді. Сондықтан да «Жеті жарғы» заңының туындаған кезеңі XVII ғасырдың соңы болу керек.

Бұл жайлы нақтылай түсетін тағы бір дерек жаппас руының старшинасы Көбек Шүкірәлиевтен жазып алған Г.Спасский үзіндісі: «Байырғы қырғыз (қазақ) халқы Тәуке сұлтанды хан жариялап, сол кезде қырғыздың үш тармағынан Ұлы, Орта, Кіші ордаларынан би сайлап, хан олармен келісе отырып, қырғыз (қазақ) ішіндегі жиі болатын ішкі қырқысты тоқтату үшін төмендегі ережені қабылдады».

«Жеті жарғы» бізге толық күйінде жеткен жоқ. Оның ертеден келе жатқан әдет-ғұрып ережелері ел санасына сіңіп, оның баптары ауызша түрде ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Қазақ халқының әдеттегі құқық баптарының жиналып, жазбаша түрге айналуы Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асыру мақсатында ұйымдас-тырылған экспедиция мүшелері мен жеке чиновниктерінің еңбектерінің нәтижесі деп айтуға болады. Осыған орай қазақ тарихын зерттеудегі орыс тарихнамасын екі кезеңге бөліп немесе екі бағытта қарастыруға болады. Бірінші – қазақ жеріндегі отарлау саясатын жүзеге асыру бағытындағы жазылған еңбектер. Бұлар қазақ

жерінің географиялық жағдайына, жер байлығы мен шаруашылығына қатысты мағлұматтардан тұрды. Екіншісі – тұрмыс-салт дәстүрі тіршілігіне, фольклорлық мағлұматтар жинастыруға, әдет-ғұрып заң нормалары жүйелеріне аса көңіл бөлген еңбектер. «Жеті жарғыны» және қазақ халқының әдет-ғұрып құқықтарын жинақтауда А.И.Левшин, Л.Ф.Баллюзек, П.Е.Маковецкий, Н.И.Гродеков, Д.Я.Самоковасов, Л.А.Словохотов, Г.Спасский, Я.И.Гурлянд еңбектерін атауға болады.

«Жеті жарғы» заңының мазмұны жағынан екі түрлі нұсқасы белгілі. Алғашқысын 1804 жылы Г.Спасский жаппас руының ақсақалы Көбек Шүкірәлиевтен жазып алып, 1820 жылы «Сібір хабаршысына» мақала етіп жариялады. Г.Спасский он бір фрагменттен тұратын «Жеті жарғыны» келтіре отырып, қазақ халқының тұрмыс-салты жөнінде 1816 жылы өзі қатынасқан экспедицияға сипаттама береді. Екінші нұсқасы А.И. Левшиннің еңбегінде берілген. Осында «Жеті жарғы» ережесінің отыз төрт фрагменттік нұсқасы берілген. Әрине, бұл нұсқаны А.И.Левшин жарғы қабылданғаннан кейін жүз жылдан соң қағаз бетіне түсірді. Бұл жағдай оның нақты тарихи құндылығын төмендетеді десек те, әдеттік-құқық нормаларының ерекшелігі ғасырлар өтсе де оның негізгі мазмұны өзгеріссіз қалып отырады.

Қазақ халқының арасында болған әдет-ғұрыпқа еніп кеткен құқықтар жүйелері Кеңес өкіметі тұсында этнографиялық экспедициялар шығару арқылы жинақталды. Кейінгі халық арасындағы осы құқықтық ескерткіштің мазмұнын толықтыратын материалдарды жинастырып, ғылыми айналымға енгізген заңгер Нұралы Өсерұлы. Халық арасындағы «Жеті жарғы» нұсқаларын сақтаушылардың бірі – Шантайұлы Молдиман. Ол атақты шежіреші, ақын әрі шешен. 1846 жылы туылып, 1927 жылы дүниеден өткен. Одан кейінгіс Көлдейбекұлы Ерінбет. Бұл да ақын, шежіреші, 1844 жылы туылып, 1916 жылы қайтыс болған. Тағы бірі – Орманұлы Тоқболат, 1861 жылы туылып 1931 жылы дүниеден өткен. Ал осы ақын-шежірешілердің деректерін жинап, оны халыққа жеткізген қызылордалық шежіресі – Әлқуат Қайнарбайұлы. Қайнарбайұлы Әлқуат Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының тұрғыны, ол қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін, тарихын толық білетін, ескіше сауаты бар кісі болған.

«Жеті жарғының» ең көне нұсқасы қызылордалық Ералы Саққұлақ (1846-1932 жж.) шешеннің жазбаларынан табылған. «Жеті жарғының» бұл нұсқалары Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының кітапханасындағы қолжазбалар қорында сақтаулы. Мұнда берілген нұсқалар дәл Тәуке ханның «Жеті жарғысының» түпнұсқасы деп айту артық болар еді. Өйткені бертін келе оларға өзгеріс енгендігі оның баптарынан анық көрінеді. Бұл нұсқалардағы ортақтық құрылымы жағынан жеті мәселені қамтығаны.

«Жеті жарғы» әдеттік-құқық заңының біршама толығырақ сақталған мағлұматтық жақтарын қарастыра отырып, халық арасында сақталған баптарын жинақтап, оның негізгі мазмұнын үлкен жеті тарауға бөліп берген заңгер ғалым Нұралы Өсеров болды. «Жеті жарғы» негізін құрайтын баптарына тоқталып өткен орынды:

I. Мемлекет тұтастығы.

1-бап. Мемлекет билігіне іріткі салған адам өлім жазасына кесіледі.

2-бап. Әрбір қазақ түтіні ханның, бидің жасағы мен шабарманын жазда да, қыста да қабылдап, ат-көлік, азық-түлікпен қамдауға міндетті болды.

3-бап. Дауларды шешу ханға немесе билерге жүктеледі.

4-бап. Арнайы тегіс барлық мал-мүлікке таңба белгіленуге тиіс болады және салық түрлері белгіленеді.

II. Тән тазалығы.

5-бап. Жеті ата ішінде қан алмастыру өлімге немесе ағайындар белгілеген жазаға бұйырылады.

III. Дін беріктігі.

6-бап. Жеті адам куә болып, Құдайға тіл тигізгені дәлелденсе, тас лақтырып өлтіріледі.

7-бап. Өзге дінге кіріп, кәпір болған адам мал-мүлкінен айырылады.

8-бап. Өзіне-өзі қол салғандар бөлек жерленеді.

IV. Отбасының бірлігі.

9-бап. Егер әйелі ерін өлтірсе, ол өлім жазасына кесіледі және ешқандай құн төлеумен ауыстыру мүмкін емес.

10-бап. Егер ері әйелін өлтірсе, ол әйелінің құнын төлейді.

11-бап. Егер екіқабат әйелді атты кісі қағып кетсе, одан өлі бала түссе 5 айлық бала үшін - 5 ат, одан әрі 1 түйе төлейді (1 түйе – 3 ат немесе 10 қой).

12-бап. Әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептеледі. Өзі зорлаған қызға қалың төлеп үйленсе, жазадан босатылады.

13-бап. Әйелі ерінің көзіне шөп салу үстінде ұсталса, ері өлтіруге хақылы.

Әйелінен сезіктенген еркекке төрт сенімді адам дәлелдеп беруі керек, егер теріске шықса әйел жазадан босатылады.

14-бап. Біреудің әйелін алып қашса, өлімге бұйырады немесе әйелдің қалың малын төлеуі қажет.

15-бап. Ата-анасына тіл тигізген ұлды мойнына құрым байлаған күйінде қара сиырға теріс мінгізіп, өзін қамшымен сабап, ауылды айналдырып шығады. Ал қыз болса, аяқ-қолын байлап анасының билігіне береді.

16-бап. Ерінің ұрлығын біле тұра хабарламаса, әйелі мен баласы жазаға тартылмайды. Өйткені үлкеннің үстінен мәлім айту әбестік саналады.

V. Қылмыс пен жаза.

17-бап. Қанға қан алу принципі жұмсартылып, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құны төленеді (ер адамға - 1000 қой, әйелге 500 қой).

18-бап. Ұрлық, қарақшылық жасаған адам өлім жазасына кесіледі.

19-бап. Денеге зақым келтірілсе, соған сәйкес құн төленеді (бас бармақ -100 қой, шынашақ – 20 қой).

20-бап. Ата-анасы өз баласының өлімі үшін жауапқа тартылмайды. Ал анасы баласын қасақана өлтірсе, өлім жазасына кесіледі.

21-бап. Ұрлық жасаған адам үш тоғызымен қайтаруға тиіс.

22-бап. Ұрлық пен кісі өлтіруді қоса жасаған адам екі бірдей жазаға тартылады.

23-бап. Барымтадан қайтқан мал төлімен қайтарылуға тиіс.

24-бап. Сарбаз атын ұрлаған адам өлім жазасына кесіледі.

25-бап. Өлтірілген аңшы иті немесе бүркіті үшін иесінің құл немесе құң беруді талап етуге қақысы бар.

VI. Адам құқығы және мүлік меншігі.

26-бап. Егер әкесінен енші алған ұл баласыз болып өлген болса, онда оның қожалығы өзінің әкесіне беріледі. Жасы кіші балалар жақын туыстарының қарамағына беріледі.

27-бап. Әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауы тиіс, әйтпесе айып салынады.

28-бап. Кімде-кім азғындыққа жетелеген болса немесе азғындыққа зорлықпен әйелді итермелесе, сол адам 200 қой төлейді.

29-бап. Төре мен Қожаның құны қарадан 7 есе артық.

30-бап. Құлдардың иелері олардың өмірлерінің қожайыны болып есептеледі.

VII. Билік тәртібі.

31-бап. Үлкен дау-дамайды хан шешеді немесе билер, ақсақалдар кеңесі шешеді.

32-бап. Егер жауапкердің билерге күмәні болса, онда оларды өзгерте алады.

33-бап. Куәлікке екі немесе үш адам жүреді.

34-бап. Әсиет ағайындар мен молданың қатысуы арқылы жасалады.

Қарастырылған ісіне қарай жеті ірі тараудан тұратын «Жеті жарғының» қағазға түсірілген мағлұматтарына қарай осындай 34 баптан тұрды.

«Жеті жарғы» атауының ұғымына түсінік беретін болсақ, «жарғы» сөзі әділдік шешім деген мағынаны білдіреді. Бұл сөз түркі, парсы тілінде, монғол сөздігінде де билік, шешім деген мағынада. Зерттеушілер бұл заңның «Жеті жарғы» аталуына түсіндірме береді. Н.И.Гродеков пікірінше: «Тәуке ханның тұсында жеті би жеті іс бітірген қызметкерлер жиналысы», – деген. Л.А. Словохотов: «Жеті бидің туындысы», – деп көрсетеді. Ол жеті бидің қатысуынан «Жеті жарғы» атауы шықты деген қорытынды жасайды. «Жеті жарғы» жеті бидің шешімі болғандығы жөнінде ел арасында сақталған. Ал енді дәстүрлі ауызша тарихтағы мағлұматтарға сүйенетін болсақ, «Жеті жарғының» қабылдануында болған көрнекті билердің аты тегіс аталады. Олардың саны барлық жерде бесеуден аспайды, десек те бұл кеңесте әр рудан жиналған билердің жалпы саны одан да асып кетеді. Сонымен бірге, егер шындығында да бұл нақты жеті бидің қабылдаған заңы болатын болса, бұл заң баптарын жадында сақтаған халық бұл жеті бидің де атын атап, ұрпақтан-ұрпаққа беріп отырар еді.

Қазақ халқы үшін «жеті» саны киелі болғандықтан солай аталуы мүмкін. Бұл ойды дамытар болсақ, қазақтар арасында тек «жеті» саны ғана емес, басқа да мысалы, тоғыз, сегіз сандарына ерекше мән беріледі. Әуелден мақалдап, мәнерлеп сөйлеуге құмар қазақ халқының әдет-ғұрып жүйелерінің негізі мақалдар мен афоризмдерден құрылғаны белгілі. «Жеті жарғының» сақталған баптарын салыстыра отырып, онда басты жеті мәселенің төңірегіндегі істерді шешу бағытына байланысты аталды деп қорытындылаған дұрыс.

Сонымен қатар қазақ арасында сөз ұйқастарының есте сақтауға ыңғайлы болуына көп көңіл бөлінгенін ескерткен дұрыс. Мысалы, сан есімдерді пайдалануда: «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Қызға қырық үйден тыю» дегендей. Сондықтан бұл заңды басы-қасында болған билердің оны ұйқасқа, тілге ыңғайлы, тұжырымды болуына орай атауы да мүмкін.

Сонымен, қазақ халқының құқықтық заңдары түркі тектес, туыстас халықтардың арасынан ерекшеленіп, өзінше сипат алды. Бұл қағида, ережелер ғасырлар бойы өмірдің өз талабынан пайда болып, ұзақ дәуір ішінде саяси-әлеуметтік жағдайларға сай өзгерістерге ұшырап, қалыптасқан әдет-ғұрып заң нормаларын біздің ата-бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып беріп отырған.

«Жеті жарғы» заңы саяси-әлеуметтік қарым-қатынастар мен рухани қажеттілікті қанағаттандыруарлық өзара мәмілегерлік жүйелердің жиынтығы екендігін оның әрбір баптарын талдау барысында айқындай түсеміз.

Мемлекеттің іргетасы қалыптасқаннан бері «жер» мәселесі немесе «жер дауы» әр қоғам мүшесі үшін маңызды орын алатындығы белгілі. «Жеті жарғы» бойынша жер дауының мәселесі қарастырылған.

Көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқында жерге рулық меншік түрі болды. Сондықтан да әр рудың, әр ауылдың белгілі бір көшіп-қонатын қыстауы, жайлауы анықталып беріліп отырған. Бұл ру арасындағы үнемі болып тұратын дау-жанжалдың тосқауылы болды.

Жер иелігі бір рудың мүддесінде болғандықтан, бұл мәселені шешуді олардың иелік етіп отырған жерлерінде ата-бабаларының

жерленуіне, құдықтардың салуына, кейбір кезде қазылған арықтардың болуына қарай анықталып отырған. Жерге иелік туралы Д.Я. Самоквасовтың жазбасында анық көрсетілген: «Кімде-кім басқа біреудің жерін пайдаланып отырса, бұл жер одан 15 жылдан кейін болса да қайтып алынады немесе жердің көлеміне қарай өзара ризалықпен иеленіп отыра береді, жалпы ілгеріде іздеп алу болмайды».

Қазақ қоғамының экономикалық негізі мал шаруашылығы болғандықтан, әр рудың малдарына өзіндік таңба белгіленуі «Жеті жарғыда» көрсетіледі. Бұл ұрланған малды табу оңайға түсетіндігімен ерекшеленсе, қазақ қауымы арасында малға ғана меншік болғандықтан, бұл рулардың өз ішіндегі таласты, дауды тоқтатуды көздеді. Сонымен қатар мүлікке де таңба салуды талап етті.

«Жеті жарғыда» көтерілген келесі бір мәселе отбасы және некеге байланысты, бұл баптары ертеден қалыптасқан салт-дәстүрлерге сүйенген. Дәстүрлі қазақ қоғамының отбасында әкенің билігі баянды етілген. Ол ұл-қызының, әйелдерінің, құл-күнінің, төрт-түлік малының, жайлау-қыстауының жекедара билеушісі әрі қамқоршысы болды. Әкенің ризалығынсыз отбасының кез келген мүшесі ешбір шешім қабылдамайды.

Жеті атадан аспай қыз алыспау деген бап бойынша туыстығы бар қанның араласуына тыйым салынған. Мұндай некеге рұқсат берілмеді. Бұл басқа елдерге жат, тек қазақ халқына ғана тән. Осыған орай, әрбір қазақ өзінің жеті атасын білуге тиіс болды. Халық арасында «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген мақал бар. Н.И. Гродеков қазақтардың өзінің жеке шежіресін жақсы білетіндігін көрсетіп кеткен. Тәуке хан туысқандық жүйені дамытып, оның беріктігіне көп көңіл бөлген. Туыстардың өзара бейбіт тұруы – рудың бірлігі – жүздің ынтымағы, жүздің ынтымағы – мемлекеттің нығаюының кепілі болатындығын Тәуке хан өзінің ішкі саясатында дұрыс қолдана білген.

Туысқандық жүйенің белгісі, әсіресе, үлкен бір оқиғаларға орай айқын көріне түседі. Мысалы, ас беру, қыз ұзату, үйлену тойын жасау, енші беру сияқты салт-дәстүрлерді жасау туыстары көмегінің нәтижесінде атқарылып отырды. Кеңес дәуірінде болсын, қазіргі заманда да болсын туыстардың қатысуынсыз ешбір іс атқарылмайды. Бұл салт-дәстүрлер заманымыздың қаншалықты

өзгергендігіне карамастан, халық арасында әлі күнге дейін сақталып, қолданылып келеді.

Қазақ отбасында әке-шешенің балаларына деген билігі шексіз екендігі «Жеті жарғыда» анық көрінеді. Ата-анасын сыйламаған бала жазаланып отырған. Қазақтар қыз алысу, ұлдарын үйлендіру арқылы жақын туыстасуды көздеген. Көбінесе отбасының тек байлығына қызықпай, олардың тәрбиелі, тәлімгерлігіне қарай құдаласып отырған. Оны мына мақалдар дәлелдей түседі: «Шешесіне карап қызын ал», «Бүлінген елден бүлдіргі алма». Баланы тәрбиелеуде олардың нағашы жұртының жиендерге деген ықыласы, пейілі, қызметі ерекше болған. «Жігіттің айласынан ешкім аспас». Осылайша баланы тәрбиелеуде туыстарды сыйлау арқылы әрқашан бірлікте тұруға үйрете білген.

Қазақ халқының салт-дәстүрі отбасы, некеге байланысты күрделі іс-әрекеттерден тұрады. Мысалы, құдаласу, ұлдың үйленуіне байланысты жол-жоралғылары, қыз ұзату, нәрестенің дүниеге келу шілдеханасы, мүшел жасқа толуы, сондай-ақ өлімге, қайғылы оқиғаларға байланысты жасалатын салт-дәстүрлердің өзіндік ерекше белгілері ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, оны сақтауды көздеді. Қазақтың қалыптасқан салт-дәстүрін қазіргі уақыттың өзінде мүмкіндігінше қолданылып келеді.

Сонымен қатар басқа халықта кездеспейтін қазақ әдетінде әменгерлік сақталған. Бұл әдет бойынша жесір қалған әйелге күйеуінің жақындығына қарай туыстары әменгер бола алады. Бірақ бұл өз еркімен, тек жесір әйелдің келісімімен ғана іске асады. Әменгерлік, көбінесе, қайтыс болған ағайынның артында жас балалары қалатын болса, оларды жат қылмас үшін жасалынып отырған. Тағы бір себебі, ол әйелдің қалың малы төленгендіктен, оны төркінге қайтарудан гөрі, жеке шаңырақты түтетіп отыруын қолдап, жесірді ешқайда жібермеуге тырысқан. Бұл салт-дәстүрлер «Жеті жарғының» баптарында барынша көрініс тапқандығын атап өту керек.

Қазақ құқығында өлім жазасы, денеге зақым келтіру түрлері, түрмелер мен зындандар, бас бостандығынан айыру қылмыстық жазалар кең тараған жоқ. Барлық даулар және қылмыстар азаматтық-құқықтық сипатқа ие болды. Олар үшін мүліктік, мүліктік емес, ұялатын, масқаралайтын, бітімгершілік жазалау нысандары қолданылды. «Жеті жарғыда» басты көтерілген мәселе- бұл кек

алу және құн даулауға қатысты. «Жеті жарғының» баптарында «қылмыс» деген ұғым ешқандай мазмұнда түсіндіріліп, көрсетілмейді. Мұнда қылмыскерді «күнәһар» деп атаған. Қандай дамыған қоғам болсын, қылмысты мүлдем жою мүмкін емес. Бірақ ұтымды шешімдер арқылы оған тосқауыл қоюға болады. «Жеті жарғы» бойынша бірінші орында кек алу: «қанға – қан, жанға – жан» принципі сақталды. Кейбір жағдайларда кісі өлтіргендігі үшін кесілетін өлім жазасын билер кеңесінің шешімімен құн төлеуге ауыстыру құқы берілді. Бұл осы заңның тарихи прогрестік маңызын айқындайтын бап болды.

Құн қылмыстының өз басына, болмаса ру мүшелеріне салынады. Кек алу принципі мемлекеттің тұтастығын сақтауда кереғар әсер етті. Оны Л.Ф.Баллюзектің еңбегіндегі мына үзінді айқындай түседі: «Қазақтардың алғашқы тарихи естеліктерінде кек алуға қатысты қанды соғыстардың ғасырларға созылғандығын, соңынан ұрпақтық кек алудың бүкіл ру қауымына келетін зиянын түсіне бастады».

«Қанға – қан, жанға – жан» принципі көне грек қоғамында, түркілерде және арабтарда кең тарады. Бірақ көшпелілер қоғамында ислам дінінің таралуы және шарифаттың кеңінен қолданылуы кек алу принципінен құн төлеуге өту үдерісін жылдамдатты. Сондықтан «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» заң жолдарында құн туралы айтылғанымен, Тәукенің тұсындағыдай кісі өлімі, кек алу жағдайлары бүкіл қоғамды күйзеліске ұшыратқан кек алудың нақты құнмен ауыстырылғаны анық көрсетілмеген еді.

Қазақ халқының құқықтық институтының қалыптасуына толығырақ тоқталып өтелік. Қылмыстық әрекеттерді жазалау ретінде барлық халықтың құқық жүйесі кек алу және құн төлеу арқылы өтті. Ертедегі халықтың заң ескерткіштері құн төлеу арқылы жазалау, кек алу принципінің орнын басып, әр түрлі қылмыс түріне қарай бекіткенін көруге болады. Қазіргі зерттеушілерді қазақ қоғамындағы «құн» ұғымының қалыптасуы мен оның кек алу жүйесі қандай жағдайда өтті деген мәселе қызықтырады. Құн төлеу – сатылы институт, ол әр түрлі халықтардың саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық даму барысында пайда болып отырды. «Құнның» алғашқы пайда болуы мен кек алу принципін тежеу оның субъективті жағдайларына байланысты болды. Кек алудың

қолайсыздығы «құнның» қалыптасуына итермеледі. А.И.Левшин «құнның» енуіне орай, енді кісі өлтірген адам жаза ретінде сол адамның руына мал-мүлік беру арқылы босатылады. Қазақтардағы құнға байланысты мәліметтерді И.Г.Георг, Н.Рычковтың еңбектерінен кездестіруге болады. И.Г. Георг бойынша: «Кімде-кім ерді өлтірген болса ол өлім жазасына кесіледі немесе өз өмірін жасаған қылмысы үшін құн төлеу арқылы құтқара алады. Ол өлген адамның туыстарына 100 жылқы, екі түйе, бір еріксіз (құл) беруі тиіс. Бір жылқының орнына бес қой алынуы да мүмкін. Әйелді, баланы, құлды өлтіргені үшін ердің жарты құнын төлейді. Адам денесіне жарақат салғаны үшін де құн төлейді. Бас бармақ - 100 қой, кішкене саусақ - 20 қой.

1771 жылы Н.Рычков құн туралы мынандай мағлұматтар береді: «Адам өлтірген кісі қылмысы үшін құн төледі. Құн түрі жүз жылқы, бір тұтқын құлдан, екі түйеден, қара түлкінің терісі, шұғадан тігілген бешпет, бүркіт немесе қаршыға және әскер салт-саймандарынан тұрды. Мұның барлығының өлген кісінің ең жақын мұрагеріне табыс етілуі, осы әдетке сай туыстары ешқандай қарсылық көрсетпеуі тиіс. Барлығы осы әдетке бағынады. Бұл тәртіп қазақтарда құн деп аталады».

Кісінің денесіне жарақат салынуы нәтижесінде ол еңбекке жарамсыз болып қалса, ол да өлім жазасымен теңестіріледі. Ұрлыққа қарсы заң қазақтарда «айбана» деп аталады. Қой немесе жылқы ұрланған кезде ұсталса, ол шешім бойынша 27 қой немесе жылқы төлеуге міндетті.

Кейбір құқықтану ғылымының зерттеушілері құнның қалыптасуын ислам дінінің енуімен байланыстырады. Рас, қазақтың әдет-ғұрып нормаларына шарияттың әсері болғаны сөзсіз. Бірақ «құн» ұғымын, оның принциптерінің қалыптасуын алғашында «құнның» пайда болуына өзіндік әсерін тигізген қазақ қоғамындағы рулар арасындағы үнемі болып отырған жауластық жағдайларды тоқтатуға жасалған әрекеттің нәтижесі деуге болады. Әйтсе де «Жеті жарғыда» көрсетілген «құнның» мөлшері, ХІХ ғасырдағы барлық орыс жазбаларында көрсетілген «құн» деген сөздің ұғымы парсы тілінде «Қан, қан төгу» деген мағынаны білдіреді. Ал түрік, татар тілінде бұл «қан құны» деген ұғымда қолданылған. Қазақтың өз тілінде «құн» негізінен белгілі бір нәрсенің жалпы мөлшері мағынасында қолданылды.

«Құн» мөлшеріне байланысты А.И. Левшин: «Өлген ер адам үшін 1000 қой, әйел үшін 500 қой беруі керек. 100 түйе –200 жылқыға немесе 1000 қойға тең» деп көрсетсе, Көбек Шүкірәлиев: өлтіргені үшін 200 жылқы төлеуі тиіс дейді. Мұны Тәуке хан тұсындағы құн төлеу арқылы қарастырылатын дау-жанжалдың бітімі туралы халық арасында сақталған мағлұматтар арқылы білуге болады: 1. Ер құны – жүз жылқы, не оның баламасы, әйел құны мұның жарымы. 2. Ер құны жолаушы, жортушы деп екіге бөлінеді. 3. Құл құны бір ат, не оның баламасы, күң құны оның жарымы (ит құны да, күл-күң құнымен бірдей болады). 4. Мұнда қалың мал түрлері берілген: 47,37,27,17 ат; аттың ботадан басқа да баламасы болады, ал ат ботамен есептегенде 5 дөнежін, құнан-құнажын тұяғы 20 болады.

«Құн» түрлері Ералы қолжазбасында да кездеседі. I. Ер құны – 100 жылқы, 6 жақсы түйеден тұрды; әйел құны қалың мал мөлшерімен теңестірілді. II. Өнер құны – бұл ауыл, жыраулар үшін төленген құн. III. Сүйек құны – өлген адамның сүйегі үшін төленетін құнның түрі.

«Жеті жарғы» бойынша құн төлеу, егер адамның денесіне жарақат салынса, мысалы, А.И.Левшиннің мәліметінше, үлкен саусақ – 100 қой, шынашақ – 20 қой, сол сияқты белгіленген мал мөлшері төленіп отырды. «Құн» институтының Тәуке хан тұсында кең қолданыста болуы қазақ даласындағы әр ру мүшесінің құқығын қорғау қажеттігінен туындады.

Қазақтардың құқығында жауапкершілік пен жаза түрлері аса бай, әрі көп түрлі болды. Олардың түрлерінің көптігі соттардың әрекеттерінің кеңістігін қамтамасыз етті.

Тәуке хан қазақ қоғамындағы орын алған іріткілер кек алу принципі екенін, халықтың мазасын алатын, ру-рудың арасындағы бас араздықтың қоздырушы күш екендігін жақсы білді. Бұлар сол кездегі Тәуке маңайына жиналған ойы озық, айтары бар билердің шешімінде негіз тапты.

«Жеті жарғыда» қаралатын тағы бір мәселе, мал дауы екендігі белгілі. Ертеден мал шаруашылығымен айналысқан қазақ үшін төрт түлік мал баға жетпес байлық болды. Алғашқы сәлемі малының амандығынан басталатын қазақ мал-жанның амандығына, саулығына көп көңіл бөлген. Сондықтан мал ұрлаушыларды қатаң жазаға тартып отырған. Мысалы, ұрылардың жазасы ұрлағанынан

тоғыз есе етіп қайтару керек болды. «Тоғыз айыбы» мына түрде белгіленген: бас тоғыз немесе түйе бастатқан тоғыз; ат бастатқан тоғыз; аяқ тоғыз немесе өгіз бастатқан тоғыз.

«Жеті жарғы» бойынша егер айыпты құн төлеуден жалтаратын болса, билер сотының немесе ру басшыларының келісімімен олардың малына барымта жасалынады. Орыс жиһанкездерінің жазбаларында қазақ халқындағы осы барымтаны ұрлықпен теңеу жиі кездеседі. Қазақтың әдет құқығында «барымтаның» орны ерекше. «Барымта» қазақ жеріне келген жазбагерлердің түсіндіруінше, жасырын ұрлық делінсе, ол «Жеті жарғыда» барымта билердің арнайы шешімдерімен орындалды делінген. Орыс авторларының еңбектерінде «барымта» басқа біреудің малын білдірмей айдап әкету деп көрсетеді. «Жеті жарғы» барымтаны айыпты адам мен оның руластарына билер сотының шығарған билігін еріксіз орындатқызудың басты әдістерінің бірі ретінде заңды етті. «Барымтаны» ертеден келе жатқан рулық институт деуге болады, XVIII- XIX ғасырларда қоғамдық қатынастардың шиеленісуі рулық қырқысулардың түріне айналды. Н. Рычков барымтаны «ұрлық-тонауға» теңеді. Бірақ басқа біреудің малын ұрлау, затын тонау қазақ қоғамында ешқашан барымта деп есептелмеген. Барымтаны жасаушыларды ешқашан ұры деп санамаған, керісінше барымташылыққа қатысу үлкен игі іс болып саналды. Жасыратыны жоқ, барымта, негізінен қоғамның ішкі жағынан ыдырауына әсер ететін құбылыс. Билер барымтаның заңда болуын қозғамаған. Ш.Уәлиханов барымтаға былайша түсінік берген: «Ескі заманда барымта деп алынбай жүрген құн, борыш немесе қалың мал үшін басқа біреудің малын немесе басқа бір мүлкін тартып алғанды айтқан... Барымта тапа-тал түсте жұрттың көз алдында күшпен алынған, ал немесе жасырын ұрланып та істелінген. Ұрланып істелінген күнде барымта алушы – «мен пәлендей жаза үшін сенен барымта алдым» деп үш күннен қалмай мал иесіне хабар беруге міндетті болған».

Н.И. Гродеков те барымтаға былай деп сипаттама беріп өткен: «1) Жорыққа түнде емес, күндіз шыққан; 2) Барымта аламын деп ашық жариялайды; 3) Көздеген мақсаты – кеткен шығынды, ұрланған мүлкті, өлтірген адамның құнын өтеу. Осы кескен үкімді жауапкер орындамаған жағдайда барымта алынған». «Жеті жарғы» бойынша барымталап әкетілген малды ұрланған мал ретінде

санамаған. Барымтаның қарымта, сырымта, жырымта деген де қосалқы түрлері болды. Барымтада артықтау кеткен малды кінәлі жақ арқылы қайырып, бұларға артық кеткен малды жәбірленуші жақ сырымта және жырымта бойынша қайырып есебін теңестірген.

Заңгер С.Зиманов барымтаның әлеуметтік-экономикалық негізін былай көрсетеді: «Көшпелі қазақ қоғамында мал үшін рулық қырқысу көрінісі болмаған. Барымта біреудің жасаған қылмысы үшін өтелмеген құны болғанда ғана жасалынды. Бұл жағдай біреудің жеке меншігіне қол сұғуға болмайтындығын көрсетеді».

«Жеті жарғыда» хандықтың әскери жүйесінің сипатын айқындайтын бап та бар: «Әрбір еркек бес қарусыз жүрсе, оған айып салынады». Көшпелі өмірде хан, билердің бұйрық, жарлығын, соғыс хабарын тез жеткізу шараларының бірі әрбір қазақ түгіні ханның, бидің жасағы мен шабарманын жазда да, қыста да қабылдап, ат-көлік, азық-түлікпен қамдауға міндетті болды. «Жеті жарғыға» сәйкес арнайы мал-мүлікке таңба белгіленді және салық түрлері аманаттық салық, ру басыларының борышын төлеу, қару-жарақ, т.б. белгіленді.

«Жеті жарғының» прогрессивтік маңызын айтып келіп, оның сол дәуірдегі қоғамның сипатын толығымен ашып бере алмайтынын байқаймыз. Мысалы, қылмысты тексеру және сот процестерінің сипаты мүлдем көрсетілмеген. Сот процесінің ашық жұрт алдында жүргізілгендігі ғана көрсетіледі. Қазақ қоғамындағы экономикалық қатынастар, жерді иелену формасы, меншіктің түрлері толығымен көрініс таппаған.

Осыған қарамастан «Жеті жарғы» кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліктің қайнар көзі де, рухани құндылық та болды. «Жеті жарғы» әдеттік-құқық ережесі өзінің мазмұнында қамтылған мәселелер аясынан кең қызметтерді атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық. XIX ғасырда да қазақ даласында осы атқарушы қызмет түбегейлі өзгеріске ұшырамай жалғасын тапты.

Қазақтың құқықтық тарихының қайнар көзі болып есептелетін әдет-ғұрып нормаларын, шариғат нормаларын және жеке билеушілердің құқықтық заң ережелерін, «хан жарлықтарын» терең қарастыру дала заң жүйесінің іс-әрекетін толығымен ашып бере алмайды. Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесі тарих бойы қалыптасқанын ескерсек, оның консервативтік сипаты және көшпелі өркениет

аясында үнемі дамып, қозғалыста болғандығы байқалады. Осындай өзгерісті, қозғалысты ғасырлар бойы жадында сақтап, оның қолданыста жүруіне тұтқа болған «билер институты». Би – қазақтың құқықтық дәстүрлерінің сақтаушысы және оның қоғамның талаптарына сай өзгеруін қадағалаушы, әрі қолданушы. Сондықтан болар қазақтың заңдық негізінің қайнар көзін толықтырып, жан-жақты зерттеуге жол ашатын осы билердің қызметі. Қазақ қоғамындағы билер институтының қалыптасуының алғышарттары мен мәніне және билердің саяси-әлеуметтік негізіне тарихи талдау жасалған арнайы зерттеулер бар. Қазақ тарихында билер институты өз бастауын XIII ғасырда өмір сүрген Майқы биден алатындығы белгілі. Олай болса, зерттеулерде Тәуке ханның ережелерінің қабылдануындағы билердің қызметін нақты көрсетсе, Шыңғыс ханды хан көтерген 12 биді «Жасақ» нормаларының талапқа сай құрастырушысы ретінде қарастыру әбден мүмкін. Себебі бұл билердің кәсіптік қызметінің міндетті қыры болып табылады.

Сот ісін жүргізу, дауды шешу, жаза түрін қолдану, сын айту осының бәрін құқық тарихында билердің қызметі арқылы қарастыруға мүмкіндік алуға болады. Билер сотының шешіміндегі негізгі мақсат – әділеттілікке жету. Бидің әдеттік-құқықтық білімі және терең логикалық ойлау қабілеті істі шешудегі негізгі ұстаным болды. Дауды шешуде билер тарапынан екі жақтың шағымын қатар қарап, олардың өкілдерінің тікелей сот ісіне қатынасуға мүмкіндік беру ерекшелігімен, сот процесінің шынайылығымен сипатталады. Соттық функцияны атқарған бидің істі шешудегі еркіндігі сақталды. Бірақ әділ шешім қабылданбаған жағдайда жүгінудің талабына орай бірнеше билер бірігіп істі қайта қарады. Сот жүргізу тәртібінде істің күрделілігі ескерілді. Сот құрамында бидің жеке бір өзі болып, шешім қабылданды. Бұл қарапайым істерге қатысты. Күрделі дауды әділ, білгір, беделді билер алқасы шешіп отырды. Олардың ішінде басты шешім қабылдайтын Төбе би тағайындалды. Сот жариялық түрде өткендіктен, мұнда ашық пікір білдіруге әр рудың билері қатыса алды. Әрине, ол Төбе бидің тарапынан реттеліп отырды. Сот ісіне екі жақтан руластары қатысып қолдау жасағанымен, олардың тікелей іске араласып, шешімге ықпал жасауына тыйым салынған. Көп жағдайда дауды шешуде әр рудың қайсысы болса да беделділігін көрсетуге тырысты. Себебі көп жағдайда жеке индивидтің іс-әрекеті үшін жауапкершілік,

айып, жаза ру мүшелерінің барлығына да тиесілі болды. Сот ісі алдын ала келісілген мекенде немесе бидің отауында өткізілді.

Дала заңдары ертедегі көшпелі бірлестіктердің өмір сүру жағдайларына сәйкес табиғи жолмен қалыптасқан әдет-құқық жүйесін қалыптастырып, бұл жүйенің еркін дамуына жағдай туғызды. Олардың мазмұны мен құрылымына Қазақстан аумағын мекендеген түркі халықтарының және түркі текті емес халықтардың одақтары мен мемлекеттері өз үлесін қосып, байыта түсті. Қазақтың заңдары өзінің түп-тамырын байырғы жергілікті қоғамның құқықтық мәдениетінен бастау алып, екінші жағынан қазақ елінің өміріне сай қоғамдық құрылымдар мен негізінен түркі және өзге де халықтардың құқықтық үлгілерін өз бойына жинақтаған жүйе ретінде қолданыс тапты.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Алғашқы құқықтық ережелердің қалыптасу тарихы.
2. Бумын қаған заңдары.
3. «Төре бітік» заңының түрік қоғамында алатын орны.
4. «Жасақтың» қабылдануы және оның қызметі туралы зерттеулердегі көзқарастар.
5. «Жасақтың» мазмұнының деректерде қамтылуы.
6. «Жасақтың» монғол-түрік қоғамындағы маңызы.
7. «Жасақтың» монғол мемлекетінің қалыптасуында алатын орны.
8. Шыңғыс хан ұрпақтарының билік жүргізгенде «Жасақтың» орындалуына қатысты іс-әрекеттері.
9. Қасым ханның заңдары және оның баптарын талдау.
10. Есім хан тұсында қабылданған заңдардың маңызы.
11. Қазақтың әдеттегі құқық негіздеріне шарифаттың әсері.
12. «Жеті жарғы» заңының қабылдану кезеңі.
13. «Жеті жарғы» және «құн институты».
14. «Жеті жарғы» және «айып институты».
15. «Жеті жарғы» және «Дала заңдары».

2 ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР: ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

2.1 Әлеуметтік қатынастарға әдеттік-құқық нормаларының ықпалы

Қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік қатынастардың күрделі даму үдерісінен өтті. Кеңестік дәуірдің тарихнамасында адамзат қоғамының дамуын қоғамдық-экономикалық формацияға «бес мүшелі» схемалық тұжырымдамада пайымдады. Оның негізгі нысанын, қоғам дамуының кезеңдерін тек өндіріс әдісі мен өндірістік қатынастар бойынша ғана анықталатын формациялық шеңбер құрады. Бұл кезеңнің зерттеулерінде қоғамдық-экономикалық формацияда материалдық примат қоғамның руханилығынан үстем қарастырылды. Қоғамның дамуындағы қоғамдық ойлау, мәдениет, идеология тыс қалып отырды. Рухани өмірдің динамикасы тарихи прогрестің негізгі факторы ретінде ескерілмеді. Қазақ қоғамының дамуы капитализмге дейінгі біртұтас қоғамдық-экономикалық формациядан өткендігі қабылданып, қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани даму ерекшелігі ескерілмей қалды. Қазақ қоғамын зерттеуге арналған еңбектерде, негізінен таптық қанау, тап арасындағы күрес формасы терең қарастырылды. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс мәселесі әлеуметтік топтың экономикалық мүддесі тұрғысынан анықтау орын алды. Бұл жағдайда дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік құрылымның саяси және рухани жағынан атқарған тарихи қызметін қарастыру мүмкін болмады.

Тарих ғылымындағы соңғы кезеңдердегі зерттеулердегі басымдылық танытқан тұжырымдар адамзат тарихының дамуын «бес мүшелі» схема бойынша анықтау жеткіліксіз болатындығын көрсетті. Мұнда өркениетті халықтардың мәдениетін, шаруашылық тәжірибесін, саяси құрылыс нысандарын, идеологиясын қабылдай отырып, көптеген халықтардың тұтас даму сатыларына соқпай өтетіні анықталды. Осыған орай қазақ қоғамының даму үдерісінде көшпелі және жартылай көшпелі қоғамдардың өркениеттілік ерекшеліктері және қазақ қоғамының өркениеттілік ерекшеліктерін талдау қажеттілігі туындады. Қазақ қоғамын зерттеудегі бағыттардың бірі – «көшпелі қоғам» жағдайындағы қоғамдық құрылым,

әдет-ғұрып жүйесін зерттеу. Қазақ қоғамын номадизмнің қоғамдық қатынастары тарапынан зерттеу өзінің ағысын тапты. Осыған орай, «номадизм» аясында қоғамның мәдени-тарихи дамуын зерттеудің бағыттары қалыптасты. Көшпеліліктің қалыптасуының бастапқы факторлары және оның өзіндік қоғамдық даму ерекшелігі жөніндегі ізденістер жүргізілді. Номадизмнің шығуы және оның дамуы арқылы көшпелі қоғам өміріне табиғи-климаттық жағдайдың әсері және әлеуметтік-экономикалық фактордың ықпалының зерттелуі тарихшылардың тарапынан тыс қалған жоқ. Тарихнамада көшпелілікке өту үдерісі кездейсоқтық емес деп қорытынды жасалынды. Сонымен қатар мал шаруашылығымен айналысып жүрген тайпалардың дәстүрлі шаруашылық типіне өтуі және оның сапалы деңгейге көтерілуінің себептерін ашатын пікірлер қалыптасты. Номадизмге жартылай отырықшы малшылар мал басы санын өсіру, жайылымды кеңейту мақсатында өткізді деген пікір білдірсе, тағы бір зерттеушілер бұл үдерістегі шешуші қызмет атқарған климаттық өзгерістер болғандығына тоқталады. Номадизмнің қалыптасуындағы табиғи ортаның әсеріне Л.Н.Гумилевтің еңбегінде жан-жақты талдау жасалынды. Сонымен қатар номадизмнің пайда болуына алғашқы қауымдық қатынастардан ыдыраған көшпелілерге оңтүстігіндегі отырықшы мемлекеттердің саяси және экономикалық қысымы болғандығы туралы пікірді А.М.Хазанов өзінің зерттеуінде ұсынған болатын. Көшпелілердің өзінің мемлекеттілігіне жетуде отырықшы өркениеттің алатын орны ерекше, бірақ көшпелі қоғамның өз ішіндегі саяси институттардың қалыптасуына деген мұқтажына баса назар аудару қажет. Номадизм қоғамдық қатынастардың өзгеше бір ағымын қалыптастырған болатын. Оның басты бір тірегі - рулық қатынас. Кеңес тарихнамасында рулық қатынастың болуы қазақ даласындағы мемлекеттік деңгейге өздігімен жете алмайтын қауымдық қатынастағы тайпалардың өмір сүрді деген қорытындылар жасалынды. Көшпелі тұрмыста мал шаруашылығымен айналысатын тайпалардың сана-сезімінде әскери қоғамдық қатынастардың сақталуы – олардың көшпелілікпен айналысуының бастауы болды деген сияқты тұжырымдар да болды. Г.Е. Марков мал шаруашылығымен және бақташылықпен айналысатын халықтардың номадизмге өтуіне ықпал еткен ауқымды факторлар жиынтығын климаттық, антропогендік, әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени негіздер құрайтындығын

көрсетті. Көшпелі қазақ қоғамының құрылымында көшпелі тұрмыстың маңызды орын алатындығы рас. Көшпелі тұрмыс қазақ қоғамының саяси құрылысына, әлеуметтік құрылымына, дүниетанымына, мәдениетіне өз әсерін тигізді. Көшпелі қоғамның дамуы, таптық деңгейі, әлеуметтік-экономикалық құрылымы және өз мемлекетін құруға қабілеттілігі жөніндегі мәселелер Кеңестік дәуірдегі зерттеулерде жиі талқыланып отырды. Көшпелі қазақ қоғамына қатысты зерттеулерде екі бағыттағы тұжырым қалыптасты. Бірінші бағыт көшпелі қоғамның таптарға бөлінгендігін, әлеуметтік жіктелу болғандығын және оның мемлекетті құрудағы мүмкіндігін ашып көрсетті. Екінші бағыт көшпелі қоғам таптық қоғамға дейінгі деңгейде болды деген пікір білдірді. Бірінші көзқарасты қолдаушылар қазақ қоғамындағы малға немесе жерге қатысты меншік түрінің болуы әлеуметтік дифференциацияны қалыптастырды деген ұйғарымдар жасады. Қазақ қоғамында малға қатысты меншік түрінің болғандығын және көшпеліні қанап меншіктеу негізінде жүзеге асқандығын С.Е. Толыбеков және В.Ф. Шахматов зерттеулерінде, жерге қатысты меншік түрінің болғандығын Б.Я. Владимирцов, М.П. Вяткин, Н.Г. Аполлова, К.А. Пищулина, Т. Сұлтанов қарастырған болатын. Мұнда қазақ қоғамында жер – өндіріс шарты ғана емес, өндіріс құрал-жабдығы болып табылады деп санады. Дағдылы құқық нормаларына байланысты жерді (жайылымдарды) пайдаланудың қауымдық нысаны сақталған жағдайда, малдың ірі меншік иелері көшіп-қонатын жерлеріне билік етті, іс жүзінде ең жақсы жайылымдарды иеленді, қанау малды меншіктену ғана емес, жерге меншік негізінде де жүзеге асырылды. К.А.Пищулина көшпелілер арасындағы әлеуметтік жіктеліс, отырықшы халықтардың әлеуметтік дамуындағыдай заңдылық болды деген қорытынды жасады. Осы бағыттағы көзқарасты қолдаушылар көшпелі тайпалар мен халықтар адамзаттың тарихи дамуының жалпы арнасында жүріп өтіп, өз даму эволюциясында таптық қатынас-тарға жетті деген тұжырым қабылдады. Қазақ қоғамының формациялық деңгейі патриархаттық-феодалдық қоғам болды деген баға орнығып қалыптасты.

Екінші бағыттағы зерттеулердің тұжырымдамасы бойынша көшпелілер ертедегі таптық қоғам немесе дамымаған қатынастар деңгейінде анықталды. Сонымен қатар көшпелілерде әлеуметтік

құрылымдар жетілмеген, таптық тартыстың формасы болмады, жеке шаруашылық түрінде ыдырай бастады деп көрсетілді. Көшпелілер мемлекеттік деңгейге өз бетінше жете алмайды, бұл оларда отырықшы шаруашылықты өңірлерді жаулап алу арқылы және осылардың тәуелділігінің нәтижесінде қалыптасуының мүмкін екендігін ұсынды.

Номадизмді зерттеушілер арасында көшпелі қоғамды дәріптеушілер немесе оның артта қалушылығын білдіретін пікірлер пайда болды. Көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениетсіз өмір сүруі мүмкін емес деп, кейбір жағдайда екеуін бір-біріне қарсы қою зерттеулерде орын алды.

Қазақ қоғамына көшпелі қоғам тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Себебі қазақ қоғамы өзінің даму үдерісінде көшпелі және отырықшы мәдениеттің ортақ ұштасуының нәтижесі болды. Өркениет зерттеушілерінің бір тобы Еуразия даласындағы көшпенділердің тарихи даму үдерісін бөліп алып қарауға болмайтындығын ескерттеді. Өйткені ол көшпенділер, біріншіден, басқа көршілес қауымдармен ара қатынаста болды, ал ол қауымдар болса отырықшы-егіншілер, қала мәдениеті дамыған өлкелерде тұрды. Екіншіден, көшпенділердің өз ішінде жартылай отырықшы малшылар тобы болды. Үшіншіден, көшпенділіктен отырықшылыққа көшу, қалалық мәдениетпен ұштасу, түйісу тенденциясы тарихта орын алды. Таза көшпенділік Еуразияның сайын даласында болған емес, қала мен дала одағы, отырықшылық пен көшпенділік өзара ұштасып, бір-біріне кірігіп, байланысып жатты. Сондықтан да Еуразия сахарасында таза көшпенділер өркениеті емес дала мен қала мәдениеті ұштасқан Дала өркениеті дамыды. Дала өркениетінің жоғары деңгейдегі өзіндік дамуы, әлеуметтік-саяси құрылымы, рухани әлемі, экономикалық негіздері дәстүрлі қазақ қоғамын қалыптастырды. Тәуелсіз Қазақстан тарихнамасында дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымын өркениеттілік тұрғысынан пайымдау зерттеулерде орын алып отыр. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын саяси белсенділігі, биліктегі құқықтары арқылы анықтау қажеттілігінің дұрыстығы зерттеулерде көтерілді. Кеңестік дәуірде орныққан қоғамдық қатынастарда жеке меншіктің болуы, қарама-қарсы екі тап арасындағы қайшылықтарды қоғам дамуының анықтамасы ретінде қарастыру бәсеңдеді. Қоғамның дамуын формациялық шеңберде қарастыруда қоғамның саяси дамуы, мемлекеттік

нысандары, мәдениеті, діні, идеологиясы сияқты өркениет ұғымына кіретін жақтары ескерусіз қалып отыратындығына көңіл бөлді. Дәстүрлі қазақ қоғамын құрайтын институттардың қызметін «өркениеттілік» тұрғысынан теориялық зерттеу тарихшылар тарапынан жүргізілуде.

Француз ағартушылары XVIII ғасырда «өркениет» терминін азаматтық қоғамды, яғни әділетті-құқықтық қатынастарға сүйенген құрылымды анықтау мақсатында қолданды. Бұл терминге кейін келе әр түрлі мағына беріле бастады. Американ антропологы Л. Морган мемлекеттік және жеке меншіктің пайда болған «тағылықтан» кейінгі реттелген адамзат қоғамының дамуының сатысы ретінде түсінік берді. О. Шпенглер өркениетті мәдени-тарихи типтің фазасы деп қабылдады. А. Тойнби локальді өркениет тұрғысында тарихи-мәдени жүйенің дамуының құрылымы деп қарастырды. Тарихшылар қоғамның дамуында бұл терминді әлемдік және локальді өркениет мағынасында қолданып жүр. Ю.В. Яковец әлемдік өркениет терминімен адамзат тарихының кезеңі ғасырларға созылған саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани өмірінің тарихи даму мағынасын түсіндіреді. Бірақ оған қарсы пікір айтушылар да бар. Әлемдегі көптеген халықтардың өзіндік тарихи циклі бар және оны ортақ адамзат өркениеті тұрғысында қарастыру мүмкін емес деген сынды ойларды келтіріледі. Сондықтан локальді өркениет тұрғысында адамзат қоғамының дамуын қарастыру мүмкіндігін ұсынады. Ортақ тарихи дамудан өткен халықтардың мәдени-тарихи, этникалық, діни және экономикалық-географиялық ерекшеліктері локальді өркениетінде сипатталды. Олай болған жағдайда көптеген халықтардың даму тарихының ерекшеліктері өз деңгейінде зерттелуден тыс қалады. Сондықтан адамзат қоғамының даму тарихында өркениеттің әлемдік және локальді мағынасында тең дәрежеде қолданған жөн. Өркениет үнемі даму үстінде болады. Оның өмірлік циклі статистикалық формацияда емес, эволюциялық типтің динамикалық құрылымында өтеді. Ол өзінің даму фазасында пайда болуы (генезисі), құлдырауы, ыдырауы сияқты кезеңдерден өтеді. Әлемдік өркениет формациялық схемаға мейлінше жақын келеді. Бірақ әлемдік өркениет тарихтың басталуын неолиттік революциядан бастап, адамзаттың өмір сүру жағдайында тоқталмай жалғаса беретіндігін көрсетеді. Ресей ғалымы Ю.В. Яковец қоғам мен оның құрылымының бір-біріне тәуелді-

лігіне қарамастан, қоғам дамуын өзіндік қарым-қатынастарға негізделген вертикальді бес қабатты пирамидаларға бөлген:

1. Адамзат, отбасы, халық-сұраныс, қабілет, білім, тәжірибе, қызығушылық, еріктік;

2. Технологиялық өндіріс тәсілі - еңбек құралдары, табиғи ресурстар, шаруашылықты ұйымдастыру, технология;

3. Экономикалық өндіріс тәсілі - өндіргіш күш, жеке меншік түрі, айырбастың болуы экономикалық басқару;

4. Әлеуметтік-саяси қатынастар - әлеуметтік, саяси, мемлекеттік, құқықтық;

5. Қоғамдық ой (Рухани өмір) - ғылым, мәдениет, білім, мораль, дін, идеология.

Бес қабатты өркениет пирамидасының құрылымын маркстік схемадағы бес сатылы қоғамның дамуымен қатар қарастырсақ, алғашқысында адамзат қоғамы дамуының шексіз болатындығы, оның динамикасының толассыздығы анықталады, екіншісінде адамзаттың жоғарғы қоғамдық формациясы коммунистік саты тарихтың үнемі қозғалыстағы әрекетіне қайшылық туғызады. Осыған орай адамзат қоғамының даму тарихын формациялық тұрғыдан ғана қарап қоймай, оған өркениеттік пайымдау қажеттілігі туындап отыр. Соңғы жылдардағы зерттеулерде өркениеттік дамудың ерекшелігіне және оның анықтамасына талдау жасалынды. Оның ішінде, М.Қ. Қозыбаевтың «Өркениет хақында» атты мақаласында өркениеттің анықтамасы берілген тұжырымдарды көрсетуге болады:

1. Өркениет тірнек (материальная), көрнек (духовная) мәдениеттерінің ұзақ мерзімді тарихи дамуының нәтижесі;

2. Бір немесе бірнеше ірі этностардың (халықтардың) этнодемократиялық мәдени әлеуметтік бірлігіне негізделген өркениет ауқымы бірде есіліп-көсіліп, бірде тарылып-қысылып дамығанымен оның өзегі негізді болады. Еуразия сахарасындағы Дала өркениетінің өзегі бір заманда түркі тайпалары, оның ішінде қыпшақтар болса, кейін қазақтар екендігі дау тудырмаса керек. Ұлы Мағжанның түркі жұртына ұлы шаңырақ иесі болып қазақ қалған жоқ па? - деуі де осыдан болса керек.

3. Өркениет - мәдени тип, ол ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, тұйық, ағысы жоқ жерде эволюциялық даму емес, борсу бар, іру бар, шіру бар, бір орнынан қозғалмай, тыпырлау бар. Қалай

болғанда, өркениет дегеніміз – эволюциялық белгілі бір дәрежеде этностар мен мемлекеттердің аралас-құралас қана емес, тарихи және мәдени біртектілік болмысының автономды дамуы болса керек. Қазақ қоғамын Дала өркениетінің тұрғысында пайымдау арқылы оның әлемдік дамуға қосқан үлесін М.Қ. Қозыбаев осы мақалада жіктеп берген болатын. Олай болса, қазақ қоғамының ерекшелігін осы өркениеттің тұтастық негізінде талдауға болады. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын өркениеттілік тұрғысында зерттеу қағидасы бойынша ізденіс жүргізген А. Оразбаеваның еңбегінде берілген төмендегі тұжырымның маңыздылығы ерекше: «Сонымен, көшпелі қоғамның шаруашылық-экономикалық және саяси ерекшелігі айналып келгенде, бір ғана өркениеттілік факторға – көлбеу (горизонталды) қарым-қатынастарға негізделген әлеуметтік байланыстарға тәуелді десе болады. Көлбеу әлеуметтік қарым-қатынастар экономикалық мүдделікке негізделген таптық жіктелісті жоққа шығарады. Нақты таптық жіктелістің болмауы өз кезегінде қоғамдық іс-әрекет атаулының барлығы экономикалық немесе саяси ғана емес, сол сияқты әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерге негізделуін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан келгенде, тарихилық қағидасының өзі тарихи болмыстың тек материалдық қыры ғана емес, рухани мәнін де айқындайтыны ақиқат. Ендеше, ұлттық тарихымызды талдау, саралау барысында зерттеудің негізгі нысаны ретінде қандай да бір жалаң, абстрактілі өндіріс тәсілін емес, қоғамдық дамудың әлеуметтік-мәдени қырынан келгендегі ұдайы өндірісін қарастыру тиімдірек сияқты», деп қорытынды жасады.

Әлем тарихын бір ғана тарихи үрдіс тұрғысынан қарау мүмкін емес. Қазіргі әлеуметтік ғылымдарда және тарихта адамзат қоғамының пайда болуын және оның дамуын, ыдырауын түрлі бағытта түсіндіретін төрт ұғым қалыптасқан. Біріншісі – бір-бағытты даму ұғымы немесе эволюциялық. Мұнда адамзат қоғамы өзінің ұзақ даму жолында кіші қарапайым аңшылар тобынан қазіргі әлемдік постиндустриалды қоғамға дейін жеткендігі туралы тұжырым жасалынады. Екіншісі - өркениет ұғымы. Бұл ұғымды ұстанушылардың пікірі бойынша бірыңғай әлемдік тарих жоқ. Өркениет тірі организм сияқты пайда болып, өмір сүріп, жойылады. Мәдениеттің ұйысқан жандануы өркениет болып саналады. Осы екі полюс аралығындағы орынды әлемдік-жүйелік тәсіл және көпбағытты

эволюция ұғымы алады. Әлемдік-жүйелік тәсіл қоғамның дамуын бірбағытты ұғым сияқты үш қоғамдық модельге бөледі: кіші-жүйелер, империя-әлемі, экономика-әлемі. Бірақ ол уақытқа сәйкес емес кеңістік бойынша қарастырылады. Қазіргі көпбағытты ұғым саяси ұйым құрылуының және өзгеруінің бірнеше жолын ұсынады. Мұнда бірнеше бағыттар оның ішінде күрделі қатынастың, яғни көсемдіктен ұлттық мемлекетке дейін жетуін, келесісі ешқандай бюрократтық әкімшіліксіз суперкүрделі қауым, үшіншісі экологиялық жағдайға сәйкес тайпалық жүйенің сақталуына қатысты тұжырымдар жасалынады. Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын біз әлемдік тарихи үдерістің шеңберінде көпбағытты ұғым құрамында қарау арқылы мүмкіндік аламыз.

Ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелілердің әлеуметтік ұйымы индивидтердің құрылымының күрделі жүйесін, адамдар арасындағы түрлі қатынастың ортақ негізінен қалыптасады.

Бұл әлеуметтік жүйенің қалыптастыру факторы ретінде табиғи-географиялық жағдай және әлеуметтік қатынастардың бағыттары, осыған орай қалыптасқан бірігу мақсатымен тікелей байланысты. Әлеуметтік ұйымның қалыптасуын кеңес тарихнамасында маркстік теорияға негізделген өндірістік қатынастар, шаруашылықтағы ортақтық алғашқы әлеуметтік ұйымдардың қалыптасуына ықпал жасады деп пайымдайды. Әлеуметтік жүйенің қалыптасуында, ең алдымен адамдар арасындағы қатынастардың күрделенуіне қандай жағдай ықпал жасады, материалдық өндірістің ықпалынан немесе қоғамдағы адамдардың арақатынасының күрделі және сұранысты баспалдаққа көтерілуіне ықпал жасағандығын қарастыру қажет.

Орта ғасырлардың өзіндегі шығармалар, оның ішіндегі әл-Фарабидің әлеуметтік ортаның сипаты жөніндегі тұжырымдарында адамның бірінші орында оның шаруашылықтағы мұқтажыдығынан адамгершілік құндылықтарының қажеттігін реттейтін әлеуметтік жүйені қалыптастыру үшін ізденіс жасалғандығын байқаймыз. Көшпелілер қоғамының зерттеулерде көпсатылы иерархиялық принципке негізделген әлеуметтік ұйымның тайпалық-рулық генеалогиялық байланыстарға тәуелділігі қарастырылады.

Қазақстан территориясында тарихи кезеңдерге сәйкес қалыптасып, өрлеп, тарих сахнасынан түскен мемлекеттердің өзара саяси-құқықтық, мәдени, әлеуметтік ортақтықтары болды. Осыған

орай қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы оған дейінгі тарихта болған қоғамдардың әлеуметтік құрылымының трансформациясы деп атауға болады. Бұл жерде «трансформация» термині тар ғылыми түсінікте, қоғамның жалпы өзгерістерін жанама түрдегі сапалық сипатын көрсету мақсатында қолданылады. Осы зерттеу барысында бұл термин, әсіресе көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымының үнемі өзгеріп, көп жағдайда бастапқы функциясын сақтауға ұмтылғанын анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар көшпелі қоғамның өткенін тереңінен шолып, қандай өзгеріске ұшырағандығын талдау жасауға мүмкіндік туғызады.

Қазақстан территориясындағы әлеуметтік қатынастардың айқын көрінісі бар алғашқы тайпалық бірлестіктер бұл сақтар және үйсін, ғұндар болды. Мұнда ерекше атап өтетін мәселе қоғамдағы әлеуметтік және саяси орнының ортақтығы. Билеуші әлеуметтік статусымен қатар қолында биліктің негізгі тетіктерін ұстады. Бұл әсіресе көшпелі қоғамға тән құбылыс болды. Сақ қоғамының әлеуметтік құрылысы жөнінде жазба деректерде мәліметтер өте аз. Бұл мәселені қарастыруда археологиялық деректерге сүйенуге болады. Археологиялық ескерткіштердегі обалардың әр түрлі болуы, қоғамның дифференциацияға ұшырағанын анық көруге болады. Қоғам мүшесінің жеке мүліктік артықшылықтары ғана әлеуметтік статусын көрсетгі деуге болмайды. Оның атақты рудан шығуы және соғыста көрсеткен ерлігі де сақ қоғамында әлеуметтік тобын анықтауда маңызды болды.

Антикалық авторлардың көрсетуі бойынша сақ патшаларының билігі жоғары болған, олар соғыс ашу немесе бейбітшілік орнату мәселесін шешкен, елшілер жіберіп, әскерді басқарған, сонымен қатар жердегі «құдайдың» билеушісі деп те танылды. Сақ патшасы әлеуметтік, діни және саяси қызметтерді қатар атқарған. Жазба деректерден сақ патшаларының билігі өз тайпасынан аспаған. Арриан жоғары биліктің ағадан ініге өту түрін көрсетеді. Сонымен қатар сақтарда «халық кеңесі» болғандығы жөнінде сақтар мен гректер арасындағы соғыстар жөніндегі деректердегі мағлұматта кездеседі. Арриан сақтарда аймақтарды «сатраптар» басқарады деген. Олар патшалардан кейінгі әлеуметтік топ болды. Одан кейін әскери-тайпалық аксүйектер тұрды. Грек авторларынан сақ қоғамында абыздар және қатардағы қауым мүшелері болғандығы белгілі. Сақ қоғамының әлеуметтік құрылымының ерекшелігі, оның

еріктілігінде болды. Кезкелген қоғам мүшесі өзінің әскери қабілеттілігіне сүйене отырып билікке қол жеткізе алды. Сонымен қатар бұл қоғамның кезкелген мүшесі жауынгер болды. Үйсін тайпаларының археологиялық ескерткіштерінде садақтардың барлық жерлеу ғұрыпында қолданбауы тұрақты әскери аристократия қалыптасқандығының айғағы болды. Сақ және үйсін қоғамының әлеуметтік жіктелуінің үлгісін құрылымдық талдау жасау үшін ұсынып отырмыз (№1-2 үлгі).

Күрделі әлеуметтік құрылым Ғұн мемлекетінде болды. Ғұн империясының территориясының кеңеюі саяси биліктегі құрылымдық дифференциацияға әкелді, шаньюдің жекедара билік жүргізуге мүмкіндігі болмады. Ғұн империясында әлеуметтік сипатты дамығандығын байқау қиын емес. Ғұн қоғамының жоғарғы сатысын төрт рулық аристократия құрады (аристократия Грециядағы мемлекет билігін басқарудың бір түрі болған). Олар өзара некелік байланыста болды. Қытай деректеріндегі мәлімет бойынша ғұндардың шаньюі люаньди руынан шыққан. Деректерде өзге билік жүргізуші рулар туралы да айтылады. Бұдан біз ғұн қоғамында ру-тайпалық иерархия маңызды орын алғандығын көреміз. Ғұндарда құлдардың болғандығы жөнінде деректерде мәлімет бар. Құлдарды негізінен тұтқындар құрады. Оларды үш шаруашылығына қолданылғаны туралы белгілі. Бірақ ғұндардың құқықтық жағдайы бізге беймәлім. Ғұн империясының тарихын тереңінен зерттеген Н.Н. Крадин ғұн қоғамындағы күрделі әлеуметтік қатынастардың болғандығына ерекше тоқталған. Сонымен қатар ол «көшпелі империяны» екі басты сипаты бар мемлекет түрі ретінде анықтайды: 1) территориясының кеңдігі және 2) күрделі құрамды өзгешілігі. «Көшпелі империяның» 1) әлеуметтік ұйымы генеологиялық байланыстарға негізделген тайпа аралық иерархиялық сипатта; 2) екі қанатты немесе үштік әкімшілік басқару жүйесі; 3) орталығының әскери-иерархиялық сипаты; 4) әкімшілік инфрақұрылымындағы хабар жеткізу қызметі; 5) биліктегі мұрагерліктің ерекшелігі (империя - билеуші әулеттің жеке иелігі, биліктегі құрылым-құрылтай), тағы басқа да түсініктемелерін бере отырып ғұн қоғамындағы билік иелерінің, ең алдымен әлеуметтік жауапкершілігінің болғандығын ерекше атап өтеді. Бұл империяның құрылуының басты себебі Орталық Азиядағы көшпелілерді ғұндардың өздеріне бағындыруынан туындады. Бұл

мемлекет орталықтанған әскери-әкімшілік принциптерге сүйеніп өмір сүре алды. Зерттеушілер бұл мемлекетке қатысты «империялық конфедерация» деген терминді қолдана отырып, тайпалардың жаңа жерлерді басып алу немесе соғыс жағдайында ғана өзінің мемлекеттілігін құра алды деген пікір айтады. Е.И.Кычанов бұл көзқарасты мүлдем қолдамайды. Оның пікірі бойынша, өзге көшпелі мемлекеттердегі сияқты ішкі қоғамдық үдерістердің нәтижесі ғұндарда мемлекетке тән барлық атрибуттары қалыптасты. Сондықтан ғұн қоғамының әлеуметтік құрылымын қарастыру арқылы мемлекеттік негізгі институттарының қалыптасуына жете көңіл бөлеміз.

Мемлекет басында шанью тұрды. Оның билігі мұрагерлікпен анықталды. Сонымен қатар оны «Тәңірқұты» деп те атады. Ол шексіз билікке - «Аспан ұлы» деген атаққа ие болды. Шаньюдің мемлекеттегі басты функциясын біз үлгі түрінде беріп отырмыз (№3 үлгі).

Мемлекеттегі шаньюден кейінгі билік оң және сол қанаттың билеушілерінің арасында бөлінді. Оны «дана бекзаттар» басқарды, олар шаньюдің ұлдары немесе туыстарынан шықты. Олар сол және оң қанаттың әкімшілік басқаруымен қатар әскери қолбасшы да болды. Сонымен қатар ғұн қоғамын түменбасы, мыңдықтардың, жүздіктерді басқаратын билігі бар топ құрады. Түменбасын шаньюдің өзі тағайындады. Оның билігі оған бөлінген аймақтың адам санымен анықталды. Түменбасы мыңдықтарды, жүздіктерді өзі тағайындаған. Түменбасын жазалау немесе орнынан босату шаньюдің құқығында болды. Ғұн қоғамының әрбір ер адамы әскер қатарында болды. Олардың жасына қарай әскери борыштылық міндетті болды. Ғұндар да тұрақты салық және мал басының санағы болып тұратындығы қытай деректерінен белгілі. Ғұндардың әлеуметтік құрылымының ерекшеліктерін жан-жақты үлгі түрінде талдау үшін сіздерге ұсындық (№4 үлгі).

Ғұн қоғамындағы билік иелері дәстүрлі құқық арқылы өзінің билігінің заңдылығын мойындатқанымен, әлеуметтік міндеттеме қадағалауда болды. Жоғарыда атап өткеніміздей, әрбір билік иесі бұл, ең алдымен билеуші әлеуметтік топтың мүшесі болды. Сондықтан әлеуметтік міндеткерлікті орындамау дәстүрлі заңдылықты бұзу деп қарастырылды. Ғұн қоғамының саяси, әлеуметтік-құқықтық құрылымының тұрақтылығымен ерекшеленді. Осының

нәтижесінде ғұн империясы үш ғасыр бойы өзінің билігін Орталық Азияда сақтап қалды.

Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын талдау арқылы, мұнда қоғамдық қатынастардың мемлекеттің өз ішінде қалыптасып, динамикалық тұрғыда өзгеріске ұшырағандығын нақты көруге болады.

Орталық Азиядағы ғұн империясының мұрагері - Түрік қағанаты. 552 жылы Бумын «Ел қаған» титулын иеленіп, өзінің билігін жүргізуді бастайды. Бұл мемлекеттің қоғамдық құрылымында қаған билігі көптеген әкімшілік шенеуніктермен бөліске түсті. Әрине бұл жағдай әлеуметтік қатынастардың күрделенуінен қалыптасты.

Түрік қоғамындағы әлеуметтік қатынастар туралы мағлұматты олардың өздері қалдырған сына тастағы ескерткіштерден аламыз. Мұнда «ел мен қаған», елдің заңдық негізі, мемлекеттік тұтастық мәселесі насихатталған. Сонымен қатар қоғам ішіндегі өмірлік құндылықтарды, рухани байлық және өнегелілікті дәріптеу орын алған. Түрік қағанаты тұсында құқықтық нормалармен қатар конституциялық сипаттағы алғашқы заң қабылданды. Бұл жағдай да түрік қоғамы бастапқыдан азаматтық идеалға сүйенген қоғамды құруға ұмтылағанын байқаймыз. Мемлекеттің қоғамдық және саяси құрылымы іс жүзінде әлеуметтік шындық арқылы реттелуін қарастыру руна жазбаларында орын алған.

Қараханид мемлекеті дамыған ислам өркениетінің жүйесінде бола тұрып, осы дәуірдегі Жүсіп Баласағұнның шығармасында ерте түрік қоғамға тән, қоғамның иерархиялық негізінің қатаң сақталуын насихаттайды. Шығармада жеке тұлғаның рөлі оның әлеуметтік санаттың мүшесі ретінде ғана сипатталады. Сонымен қатар адмның өмірі – мойындау немесе мойынсұнбау сияқты категорияларға бөлінеді. Бұл категориялардың қоғам ішінде орын алуы әрбір адамының өзінің әлеуметтік санатының ішінде ғана өмір сүріп, оны қатаң сақтауға дәріптеу болып табылады. Мемлекеттің билеушісі ел қамы үшін соғысқа аттанып, одан түскен олжаны елге бөліп беру сияқты мәселе руна жазбаларында кең таралған. Жүсіп Баласағұн мемлекеттің тұтастығын, билеушінің бойында болуы тиіс басты қасиеттерге өзінше баға береді. «Құтты білікте» үш тұғыр мәселесі көтеріледі. Күнтуды елік Айтолдыны шақырып кеңескенде үш

тұғырлы такта отырады. Оның мәнін сұраған Айтолдыға үш тағанды нәрсенің беріктігі жөнінде толғайды:

800

Міне, мені көргін заңмын, әділмін,
Тұрқымды сен байқа, барла-бәрін біл.

Мен отырған тағым, міне, төрімде,
Үш аяғы тұрғанда ұстап, жылжымас!

Егер үштің бірі тайса жетеді,
Қалған екеу өзі-ақ ұшып кетеді.

Үш сирақты нып-нық, түзу тұрады,
Төртеу болса, бірі қыңыр шығады.

Бірі түзу болса - түзу бәрі де,
Бәрі түзу болса - түзу мәні де.

Бір қыңырдан-бәрі қисық шығады,
Бар қисықтан-әмән, қырсық туады.

Қай тұғыр да осал болса тұра алмас,
Мықты тұғыр, сенімді ешкім жыға алмас.

Қылығымды көр, қылаудай жоқ міні,
Өзім де әділ, үкім де әділ-сот күні.

Әділдікпен кеспей жаза, тоқтаман,
Құл ма бек пе, еш айырма жоқ маған.

Ел бірлігі, қоғамның негізгі тірегі болып табылатын үш әлеуметтік ортаның өзара тәуелділігі туралы мәселені қозғайды. Сонымен шығармада ел басшысының үш түрін, тобын түсіндіреді, үшеуінің қызметін, пайдасын саралап береді. Мемлекеттік жүйені танытатын желі. Ел-жұртты, ерлерді халықтық іске, шаруашылыққа, малға, білімге бағыттаса, енді бірін хат пен қамалға, тілге, шешендікке бейімдесе, енді бірін ел қорғауға меңзеп тұр.

Түрік қоғамында қағаннан кейінгі әлеуметтік топ «бек» қызметінің жан-жақты болғандығын нақты көрсетеді. Түрік елін өзара байланыстыратын да бектер болды. Түрік қоғамы әскери тұрмысқа сәйкес икемделді. Түрік тайпалары елге бірікті. Әскери-әкімшіліктегі ел тайпалық ұйыммен өзара бірін-бірі толықтырып әлеуметтік қатынастың беріктігін сақтады. Ел мен бодунды қаған басқарды. Ол генеалогиялық иерархиялық құқық бойынша елдің «азаматтық» билеушісі, жоғарғы сот және абыздың да міндетін атқарды.

Түрік қоғамының әлеуметтік жіктелуін саяси-құқықтық негіздерге сүйене отырып құрылымдық үлгісін талдауға беріп отырмыз (№5 үлгі). Түрік дәуіріндегі мемлекеттердегі саяси билік әлеуметтік топтардың қызметімен тікелей байланыста болды. Түргеш, Қарлұқ, Қараханид, Қимақ, Қыпшақ, Оғыз мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымындағы ортақтық тайпалық билікке негізделуі. Тарих сахнасына қандай тайпа көтерілгеніне қарай мемлекеттің атауы және оның жоғары әлеуметтік тобын осы тайпаның мүшелері құрады. Қараханид қоғамы өзінің саяси құрылымы жағынан күрделене түсіп, алдыңғы қатарға әлеуметтік санаттың мүшесі емес, саяси аппараттың қызметіне қарай саралану орын алды. Қыпшақ мемлекетінде тұрақты әулеттік-мұрагерлік жүйенің саяси билікте қалыптасумен оқшауланады. Түрік дәуіріндегі мемлекеттердегі әлеуметтік қатынастыр вертикальді болып іске асқандығы туралы қорытынды жасауға болады.

Қазақстан территориясының XIII ғасырдың бірінші ширегінде Монғол империясының құрамына енуі саяси басқаруда ұлыстық жүйенің қалыптасуымен қатар қоғамдық қатынастарға өзінің ізін қалдырды. Монғол шапқыншылығы көшпелі халықтардың тарихына өзгеріс енгізген фактор болды. Монғолдардың тайпалық билік жүйесінен әскери-әкімшілік басқару құрылымына өтуі монғол және түрік қоғамына өзінің ықпалын тигізбей қойған жоқ. Көшпелі қоғамның тұрақты рулық-тайпалық билік жүйесіне құқықтық қатынастар арқылы әскери ұйымның азаматтық басқару мен қатарласқан түрін Шыңғыс хан енгізді. Ендігі жерде қоғамның құрылымы әскери ұйымнан құралды. Әлеуметтік функциясы бойынша және құрылымы біртекті тайпалардың ірі бірлестіктері қалыптасты. Туыстығы жағынан тайпалар өзара иерархиялық тұрғыда бөлінді. Шыңғыс хан қоғамның әскери ұйымын күшейтті. Оған ерекше

көңіл бөлді. Осыған орай әрбір монғол бұл борышкер жауынгер болды. Бұл жағдай сипаты жағынан әскери мемлекет құрудың бірден-бір жолы болды және ол оны жүзеге асырды. Мемлекеттегі ең жоғарғы хан билігі «алтын ұрық» Шыңғыс ұрпақтарына заңды түрдегі «Ұлы жасақ» бойынша тиесілі болды. Бұл кезеңнің әлеуметтік құрылымы әулеттік сипатқа ие болды. Саяси билікті түрлі әлеуметтік категориядағы ақсүйектер, ең алдымен Шыңғыс әулетінің өкілдері, тайпалар мен рулар көсемдері құрады. Қоғамның бір бөлігін түрік тайпаларынан шыққандар құрады. Бұл құрылымның үлгісін ұсынып отырмыз (№6 үлгі).

Қорытындылай келгенде дәстүрлі қазақ қоғамы өзіне дейінгі тарихта болған қоғамдардың әлеуметтік құрылымының трансформациясы деп атауға болады. Әрине ол тікелей бір сызықта орын алады деуге болмайды. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы міндетті түрде саяси-құқықтық қатынастарға тәуелділікте жүзеге асты.

Қазақ қоғамының дамуы оның әлеуметтік-экономикалық қатынастарынан емес, қоғамның саяси құрылымы, билік тетіктерінің ұйымдастырылуы және мәдени қажеттіліктердің құрылымы тұрғысынан ерекшеленді. Қазақ қоғамындағы нақты таптық жіктелістің болмауы, өз кезегінде қоғамдық іс-әрекет атаулының барлығы әлеуметтік-экономикалық немесе саяси ғана емес, әлеуметтік және мәдени қажеттіліктерден келіп туындауын қамтамасыз ететіндігін көрсетеді.

Қазақ қоғамында әлеуметтік жіктелудің болуы, оның қатынастарының дамуы тарихи зерттеулерде өз дәрежесінде талқыға түспеген мәселелердің біріне жатады. Мұның басты себебі зерттеулерде Қазақ хандығының саяси тарихына тереңірек көңіл бөлініп, ал оның әлеуметтік қатынастары дамымаған көшпелі қоғамдық құрылыстың құбылысы ретінде ғана көрсетіліп келген. Негізінде ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық реттеулер мен оның түсінігі ескіден қалған дәстүр болды, ол бүтіндей алғанда өзіндік сыртқы қабат-қалыбы ретінде қоғамның кешкен тұрмысындағы әлеуметтік қатынастардың бөлінуінің экономикалық мүддесі арқылы анықталған болатын.

Ендігі жерде қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына және ондағы жіктелу үдерісіне тоқталмас бұрын жалпы қоғамның әлеуметтік құрылымы және әлеуметтік жіктеуге тұжырымдық

сипаттама беріп өтуге болады. Әлеуметтік құрылымды қандай қоғам болсын алатын орнына қарай ажыратылатын әлеуметтік топтардың жиынтығын құрайды. Маркстық және Лениндік ілімнің үстемдігі тұсында әлеуметтік-саяси жүйеде өзінің экономикалық және саяси орнын көрсететін топтардың ерекше белгілері болды.

Әлеуметтік топтардың сипаттамаларын өлшеу (әр түрлі елдердегі), бір елдің ішіндегі жағдайларын анықтау үшін әлеуметтік жіктеу (стратификация) деген ұғым енгізілді. Әлеуметтік жіктеу қоғамның құрамына енетін топтардың анықталған жиынтығын түсіндірді. Бұл теория сол қоғамға тән маңызды белгілер мен бір-бірінен ерекше әлеуметтік жіктердің жиынтығы – меншік сипатын, табыс мөлшерін, билік көлемін, беделін, ұлттық, тағы да басқа белгілерін ажыратуды қамтамасыз етеді. Олай болса әлеумет – сол қоғамның портреті деуге болады. Сонымен бірге жіктеу – отбасының, жеке адамдардың бір-біріне тең емес билік, меншік және атақтарына қарай түрліше топталатын үдерістің нәтижесі.

Әлеуметтік жіктеу теориясы бойынша экономикалық және әлеуметтік құрылым өзара байланысты. Бірақ экономикалық қатынас әлеуметтік құрылымды өзгертуінде іске асырылмайды. Әлеуметтік құрылым біздің өміріміздегі шындықтың негізі болып есептеледі. Тұжырымдағанда құрылым бірлестіктердің өзара қарым-қатынасын сипаттайды: әлеуметтік топтық, әлеуметтік топтар және жіктер, әлеуметтік-демографиялық (жастар, әйелдер, ерлер, қарттар), әлеуметтік-этникалық (ұлттар, халықтар), әлеуметтік-кәсіби (қызметі), әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-территориялық.

Біздің негізгі зерттейтін нысанамыз – қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың әлеуметтік-этникалық, әлеуметтік-кәсіби (қызметі), әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік-территориялық құрылымның негіздері. Өйткені күрделі дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы оның осы ұлтқа ғана тән белгісі, әлеуметтік-кәсіби билеуші топтық атқарған қызметіне орай, әлеуметтік-мәдени топтың ұлттың руханилық мүддесіндегі қызметін айқындаса, әлеуметтік-территориялық жағынан қалалы, отырықшы ауданда-рындағы әлеуметтік топтың өз ерекшелігі болды.

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастар жүйесі өзіне дейінгі далалық өңірде өмір сүрген әскери-потестарлық құрылымдардан жалғасын тапты. Бұл жүйеде генеалогиялық принципке сүйенген әлеуметтік топтарға бөліну бағыты болғандығы жөнінде тарихшы

И.Е.Ерофеева өз зерттеуінде талдаған: «Черезвычайно важная роль в ней принадлежала генеологическому принципу ранжирования различных социальных групп, который опирался на традиционные представления номадов о праве первородства, родства и старшинства». Сонымен қатар осы автордың зерттеуінде қазақ қоғамының дәстүрлі потестарлық-саяси ұйымының генеологиялық принцип бойынша іске асуына төмендегідей талдау жасайды: «В форме исторически сложившегося деления казахов на три крупных этнотерриториальных объединения - Старший, Средний и Младший жузы; многоступенчатой иерархии правовых статусов составлявших их кланово-патрономических групп; статусной иерархии различных субъектов властных отношений по критерию клановой и сословно-кастовой принадлежности». Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын ғасырлар бойы қалыптасқан рулық-тайпалық бірлестіктер арасындағы өзара қатынастық, бірнеше сатылы құқықтық артықшылықтарына сүйенген жеке индивидтердің билігіне сәйкес, тайпалық, әулеттік тегіне қарай анықталатын жиынтық құрады.

Хандық дәуірде қазақ қоғамы өзара тығыз байланыста болған, ұйымдастырылған иерархиялық әлеуметтік құрылымнан тұрды. Қазақ қоғамын құрайтын индивидтердің экономикалық артықшылығынан басқа, қоғамдағы атқаратын саяси қызметі мен міндеттері, құқықтық белгілері бойынша мәртебесіне сәйкес әлеуметтік құрылымды біріктірді.

Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуі көптеген зерттеулерде берілгендей біріне-бірі қарама-қарсы топтардың жиынтығын құрады деген тұжырымнан алшақтау қажет. Қазақ қоғамының әлеуметтік топтары бір-бірін толықтыратын, қалыптасқан қоғам ішінде атқаратын нақты қызметі бар санаттардан тұрды. Себебі бұлардың әлеуметтік ерекшелігі қоғам ішіндегі әдет түріндегі құқық арқылы анықталып отырды. Олардың арасында экономикалық тәуелділігі әр түрлі топтар болды. Осыған қарамастан, әр топтың әдеттеріндегі құқықтық артықшылықтары айқын сақталды. Қазақ қоғамының әлеуметтік бөлінуіне тән ерекшелік индивидтердің «ақсүйек» және «қарасүйек» дейтіндерге саралануы болды. «Ақсүйек» санатын әулеттік және шығу тегіне қарай ерекшеленетін, сырттан ешкімді өткізбейтін индивидтердің жабық әлеуметтік тобы құрады. Оған төрелер, сайидтар және қожалар енді. Бұлар қоғамдық қатынастар құрылымында саяси және құқықтық белгілері арқылы

анықталды. Қазақ қоғамында «аксүйек» терминінің қалыптасуын қазақ хандығының тарихының алғашқы жылдарына жатқызуға болады.

Қазақ қоғамындағы индивидтердің ашық әлеуметтік тобын құрайтындар қатарына билер, батырлар, ақсақалдар жатты. Бұлардың қоғамдық қатынастардағы құқықтық ерекшелігі атқаратын саяси қызметімен сараланды. Мұнда генеологиялық принцип іске аспады. Бұл әлеуметтік топқа қоғам мүшесінің жеке басының қасиеттері арқылы ене алды. Ал бұлардың билігіне тәуелді қазақ қауымы да осы қоғамдық құрылыстың жүйесін құрады. Көптеген зерттеулерде «қара сүйек», «қара халық», «қарашы» деген атаулармен, яғни Шыңғыс ұрпағына жатпайтын барлық қазақтарды осылай береді. Шындығында, бұл атаулардың барлығы дерлік қазақ қауымына тән ұғым деп айта алмаймыз. Олардың шығуына байланысты алда тоқталып өтеміз.

Қазақ мемлекетінің тарихи қалыптасу кезеңінен бастап билік жүйесіндегі құқық Шыңғыс ұрпағынан тараған жошылықтардың қолында болды. Көшпелі қазақ қоғамындағы билікке, оның ішінде, мемлекеттік билікке көзқарас өзінің дүниетанымдық мөлдірлігімен және пәктігімен ерекшеленеді. Халық – биліктің негізгі тірегі, оның қайнар көзі. Сондықтан билік игілігі халыққа бағытталуы керек. Ондай болмаған жағдайда биліктің тұрақтап тұруы неғайбыл, оның өміршеңдігі күмәнді. «Халық қаһарланса, ханды да тақтан тайдырады» дейді қазақ. Көшпелі ежелден келе жатқан «Ханды көтеру» рәсімі мемлекеттік биліктің басты тұғыры халық екендігін көрсететін ұғымның көрінісі. Қазақ халқының еркін өмір сүретіндігін Тәуке ханға келген елшілер атап кетсе, ал П.С. Палластан берілген мына үзінді соны нақтылай түседі: «Қалмақтармен салыстырғанда қазақ халқы еркін өмір сүреді. Әрбір қазақ өзіне-өзі қожа. Бірақ әр ұрпақ немесе аймақтың билеушісі бар, олар оған өз еркімен бағынады». Шыңғыс ұрпақтарының билігіндегі территориялардың барлығында ғасырлар бойы елді басқару, хан тағы оның ұрпақтарының иелігінде болды. Қазақ қоғамында оларды төрелер деп атады.

Төрелер – бұлар Шыңғыс ұрпағынан тараған қазақ қоғамының билеушілері, қазақ қауымының рулық-тайпалық құрамына енбей, өздері тармақтарға бөлінбеген. Шыңғыс ұрпағынан тарағандарды төре немесе «сұлтан» деп атаған. «Сұлтан» атауы бастапқыда

жинақталған түсінікті, билеп-төстеу, үстемдік, үкім жүргізушілік, сонымен қатар мемлекет ұғымын білдірді. Алғашқы болып жеке адамға қатысты мемлекет билеушісіне «сұлтан» деген атақ Осман империясында берілді. Қазақстан мен Орталық Азияда «сұлтан» атауы әр Шыңғыс ұрпағының мүшелеріне XV ғасырда тағылды деген пікір бар. Сұлтан атауымен қатар билікте жоқ әр Шыңғыс ұрпағына «оғлан» немесе «төре» терминдері қолданылды. «Төре» атауы көне түркі тілінде ханзада деген түсінікті береді деп көрсетеді В.В. Радлов. Көне ұйғыр тілінде де бұл атау осы мағынаны көрсетеді. Төрелерді жіктеп және олардың тарихын зерттеуде Құрбанғали Халидидің еңбегінің орны ерекше. Оның 1910 жылы жарық көрген «Тауарих-и хамса-ии шарки» (Шығыстың бес тарихы) атты құнды еңбегінде Қазақ хандарын ақ тулы, қызыл тулы төре деп атайды. Сонымен қатар осы еңбекте төре атауының төркініне қатысты бірнеше пікір береді. «Төре» сөзі өз кезінде Шыңғыс ханның заңдар жинағының атауы болып кейінірек оның ұрпақтарының лауазымына айналды деп көрсетеді. Оның тағы бір түсіндіруінше, «төре» сөзі парсы тілінен аударғанда дүре соғып жазалауды білдіреді. Төрелер қазақтың әдеттік-құқығы бойынша барлық дене жазалауынан босатылғандықтан, оладың өздері ғана жазалай алатын артықшылығын көрсетуі мүмкін. Төре, бұл ханның туыстары билігі ханнан төмен тұратындарды атайды. Төренің лауазымды білдіретіндігі сөзсіз. XVII-XVIII ғасырларда төре атауы жалпы қолында билігі бар көрнекті лауазымды адамдарды, соның ішінде шенеуніктерді, сот мүшелерін атауға қолданыла басталды.

Төренің жалпы түсінігі түркілерде үйдегі жоғарғы, басты орынды көрсетеді. Шыңғыс ұрпақтарын түркілер «төре» деп жалпы атады.

Шыңғыс ұрпағының мүшесі дүниеге келісімен сұлтан лауазымын иеленіп, экономикалық жағынан және басқа да өзінің жеке басының қасиеттеріне қарамастан, сол әлеуметтік топтың мүшесі болып қала берді. В.В.Бартольд және басқа авторлардың пікірлерінше, «сұлтан» атауының әлеуметтік топқа негізделгені айтылады. Монғол империясының дәстүрі сақталған жерлерде хан билігі тек қана осы Шыңғыс ұрпағының мүшелеріне тиесілі болды. Монғол империясының тәртібі сақталған жерлерде Шыңғыс ұрпақтары мемлекеттік немесе этникалық ерекшеліктеріне қарамастан сондағы хандық билікке үміткер бола алатын. Сондықтан да қазақ

ұлыстарындағы Шыңғыс ұрпақтары қарақалпақтарда, қырғыздарда немесе ортаазиялық мемлекеттердің хан тағына таласа алатын құқы болды. Осыған орай Шыңғыс ұрпағының билігі мұрагерлік жолмен жүргізілді. Қазақ ұлыстарының сұлтандары жыл сайын болып тұратын, барлық істерді шешетін құрылтай жұмысы арқылы билікке ие болып отырды. «Жеті жарғының» бір тармағында: «Жыл сайын белгілі бір мерзімде хан өзімен тең сұлтандар, ру ақсақалдары және билеушілерімен халық мәселелерін талқылау үшін жиын өткізіп тұруы қажет делінген». Сұлтандардың саяси-құқықтық статусы сол қоғамның әлеуметтік жүйесінің жіктелуін көрсетеді.

Қазақтар көнеден келе жатқан дәстүрлі далалық мемлекетте сақталған Шыңғыс ұрпағының құқығына қарсылық көрсетпеді. Шыңғыс ұрпағының өктемдігі салдарынан қазақ тайпаларына хан тек Шыңғыс тұқымдарынан сайланатын болды. Бұл қағида қазақтардың соңғы ханы жойылғанша сақталды. Барлық қазақ ұлыстарының сұлтандары өздеріне ғана тиесілі Арқар ұранын ұстанды.

Сұлтандар мемлекеттік басқару ісін және ұлыстық басқаруды жүзеге асырды. Осының нәтижесінде әрбір беделді сұлтан ұлыстағы басқару жүйесін өз қолына жинастырды. Ұлыстағы билік сұлтанға әскери-саяси үстемдігін және жайылым мен су құдықтарын иелену құқын берді. Әрбір ұлыс сұлтаны ұлыта билік жүргізуіне және әскерін басқару мүддесіне ие болуы жеке мұрагерлік жүйеде іске аспады. Ұлыс сұлтанын сайлау құқығы ханның қолында болды. Қазақ қоғамындағы сұлтандардың жалпы Шыңғыс ұрпақтарының басқа қоғам мүшелерінен айырмашылығын заңдастырылған жүйеде жасаған әр түрлі әлеуметтік топтардың қылмыстары үшін алатын жазаларының ерекшелігімен айқындалады. Осыған орай «Жеті жарғының» бабында «халықтың ханы, сұлтаны қастандықпен өлтірілсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің құны мөлшерінде құн төленсін» немесе «Сұлтанды, қожаны балағаттағаны үшін тоғыз айыбын төлейді» делінген. Осы заңдағы қоғам мүшелеріне қолданылатын жазаның әркелкілігі оның міндеттерінің қоғамдағы алатын орнынан шығып отырған. Сұлтандар ешқандай жазаға тартылмаған. Сұлтандардың басқа қоғам мүшелерінің алдындағы тағы бір артықшылығы олар дене жазалауынан және билер сотынан босатылды. Шыңғыс ұрпақтарын хан немесе жоғары сұлтан ғана жазаға тарта алды. Сұлтандардың қол астындағылар оларды есімдерімен атауға құқысы болмады. Сұлтан-

дардың артықшылығы әсіресе халық жиналысында және басқа болатын тойларда оларды ақ киіз үстіне отырғызып құрметтеуге тиіс болғандығынан көруге болады. Егер ақсүйекке жатпайтын адам осы лауазымды иеленіп жұртты алдайтын болса, ол да жазаға тартылды. Осылайша «Жеті жарғы» бойынша қазақ қоғамындағы төрелердің қазақ қоғамында әлеуметтік топты құрайтындығын анық көруге болады. «Жеті жарғыда» сұлтандардың ерекше жағдайы атап көрсетілді, мысалы, сұлтанды өлтіргені үшін күн мөлшерін қарапайым қазақтың құнынан гөрі жеті есе артық белгіледі. Сұлтандардың осы артықшылық жайын көрсететін тағы бір жағдай, бұлар Тәукенің заңы бойынша барлық азат қазақтардың ханға төлейтін міндетті алым-салықтарынан босатылған. Мысалы, әрбір қару асынған қауым мүшесі (сұлтандардан басқа) ханға және халық билеушілеріне жыл сайын барлық мүлігінің 20 бөлігіндей салық төлеуі тиіс делінген. Дегенмен, осындай артықшылықтары бола тұрса да, ханның саяси өкіметтегі билігі даланың билеуші өкілдеріне тәуелді болған.

Қазақ даласындағы хандық билікті ерекше зерттеп, өзінің «Абылай» деген мақаласында басты көзқарастарын Ш.Уәлиханов береді. Ол әрбір тарихи кезеңге сәйкес саяси биліктің өзгеруіне тоқталады. Қазақ мемлекетінің бастапқы дәуірінде (XV-XVIII ғасырлар) хандық биліктің ел ішіндегі беделі мен қажеттілігіне тоқтала келіп, Уәлиханов халық жиналыстарының көптеген құқықтарын қысқартып, жеке билеуші болуға ұмтылғанын көрсетті. Қазақ еліндегі хан өкіметіне қатысты Абылайдың ішкі және сыртқы саясатына баға беру арқылы талдады. Ол сыртқы саясатында Цин империясын қолдап, екінші жағынан Ресеймен арадағы келісімді сақтауға ұмтылды. Ішкі саясатында «бұрын халық өкілдерінің жиналысының (билер кеңесі) ережесі бойынша ғана кесілетін өлім жазасын бірінші болып өз еркімен шығаратын болды» деп, оның саясатын «темірландық» саясат деп атайды. Абылайдың ішкі саясаты орталықтанған билікті енгізумен қатар хан билігін күшейту бағытындағы шараларды жүзеге асырды. Тәуке хан тұсында хандықтағы билік дала билеушілерімен (би, батыр) бөліске түссе және оны Тәукенің өзі қолдап отырғандығы белгілі. Ш.Уәлихановтың көрсетуі бойынша Абылай негізінен сұлтандарға сүйеніп, ел билеуге соларды тағайындап отырған. Сұлтандар хан билігінің нығаюына үлкен үлес қосты дейді. Осы

жерде біз үшін маңызды мәселе қатарына жататын үш жүзді билеу құқы дала билеушілерінен сұлтандарға өту мәселесі де биліктің бір орталыққа шоғырлануы үшін жасалынған шаралар ретінде қарастыруға болады. Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов хандықтың бытыраңқылығы кезінде сұлтандардың саяси өктемдігі бұрынғы еркін қазақтарды бағындырудың құралы деп көрсетеді.

Хандық дәуірде мал жайылымдарын пайдаланудағы билік сұлтандарға тиесілі екендігіне күмән келтіруге болмайды. Жерге қатысты жеке меншіктің болмауы сұлтандар билігінің шексіз еместігін айқындайды. «Жеті жарғы» бойынша оларға барлық артықшылық берілгенімен XVII ғ. соңы, XVIII ғ. басында ақсүйектердің қолындағы билік тізгіні әлсіреген, хандық билікте қарапайым халық арасынан шыққан, жеке басының қасиетіне орай ерекшеленген дала билеушілерінің күшейген кезеңі болғандығын тарихи оқиғалар дәлелдей түседі. Бірақ олардың әрқайсысының саяси биліктегі өз орны анық болды. Сұлтандар Шыңғыс ханның енгізген басқару жүйесі бойынша ұлыстарды биледі. XVIII ғасырдағы жағдайды байқайтын болсақ, мұнда сұлтандар ұлыстың билеушісі емес, жүздердің билеушісі ретінде мәлім. Тәуке ханның тұсында жүздің билігі билердің қолында болған. Оның қандай жағдайда сұлтандарға өткендігі әлі де зерттеуді қажет етеді. Саяси биліктегі заңдылықтың бұзылуының басты себебін қазақ жерінің Ресей боданына толық енуімен байланыстыруға болады. Ресей өкіметінің қазақ даласындағы ішкі саясаты олардың билеуші топтарының, яғни сұлтандар мен би, батырлар арасындағы араздықты туғызу арқылы өздерінің отарлау саясатын жүргізді. 1822-24 жылдардағы хандық билікті жою сұлтандарды қазақ қоғамындағы ең басты атқаратын функциясынан бөліп тастады.

Осыған орай, XIX ғасырдың 40-жылдарында Орынбор шекарасының комиссиясы қазақ арасындағы әлеуметтік топтардың жағдайларына байланысты зерттеу жүргізді. Сұлтандардың билеуші әлеуметтік топ ретінде үстемдігінің әлсірегендігін Д"Андренің мына үзіндісі нақты көрсетеді: «Барлық сұлтандар өздерінің шығу тегін Шыңғыс ханнан таратады. Олардың ортадағы беделі төмен. Халық кеңестерінде мұндай сұлтандардың даусы басқа қырғыздармен тең». Ақсүйектердің артықшылығы некелік әдет-ғұрыптарында ғана сақталғандығын д "Андре атап өтеді. Бірақ бұл рәсім де өзінің мәнін жоя бастады деп көрсетеді. Ендігі жерде

«төре» мен жай қазақтар некелесе бастады. Оларды «қараман» деп атады. XIX ғасырдың орыс авторлары Г. Спасский, А.Левшин еңбектерінде сұлтандардың XV-XVII ғасырларға қарағанда саяси маңыздылығының құлдырау кезеңі болғандығын көруге болады. Сонымен «төре» әлеуметтік тобының мүшесі де экономикалық тәуелділікке түсті. Олардың арасында бай, кедей төрелер де болды. Осылайша бірте-бірте XIX ғасырда «ақсүйек» атауы өзінің әлеуметтік мағынасын жоғалтып тарихи атауға ие болды.

Сұлтандар өзінің құқықтық жағдайымен қазақ қоғамында ерекшеленді. Сонымен қатар олардың құқықтық артықшылығы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды. Сұлтандардың саяси құқықтары: мемлекеттік билік жүргізу; жергілікті билікке қатысу; ұлыстық жер иелену болды.

Қазақ хандығының ішкі өміріндегі кейбір мәселелер бізге әлі күнге дейін беймәлім. Мысалы біз сұлтандардың қай жерде білім алғандығы жөнінде мағлұматтар жоқ. Деректерде сақталған аз ғана мәліметтер қазақ сұлтандарының білімі болғандығын көрсетеді. Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің «Бұхар мейманының кітабы» атты еңбегінде қазақ ақсүйектерінің бір бөлігі балаларын мектепке беретін деп қызықты мағлұмат қалдырған. Қазақ сұлтандарының алған білім дәрежесі туралы нақты деректер сақталмаған. Бірақ кейбір деректерде Хафиз-и Таныштың айтуынша, Шығай хан өлең шығарады десе, халық есінде Тәуке хан батыр ғана емес, алғыр-шешендік қабілеті болғандығы сақталған.

Деректерде Шыңғыс хан ұрпақтарының қазақ даласында көп болғаны айтылады. Мұхаммед Аваздың жазбасында Тәуекел хан мен қазақтардың 120 сұлтаны келгендігі туралы айтылады. Қадырғали Жалайырдың айтуынша, қазақ сұлтандарының көп әйелдері және көп балалары болғандығы мәлім. Мысалы, Шығай ханның он үш баласы болғандығы белгілі болса, Тәуке ханның қазақ халқының ауызша тарихында сегіз баласының аты аталады.

Қазақ қоғамындағы «ақсүйектер» қатарына жататын тағы бір топ «қожалар» еді. Қожалар – Мұхамед пайғамбардың ұрпақтары саналатын қазақ қоғамында ерекше орын алғанымен, олардың билік жүйесіндегі әрекеттері қазақ жерінің отырықшы аудандарында ғана ерекше болды. Қожалар әлеуметтік жағынан дін өкілдері болғандықтан қазақтардың рухани өмірінде алатын орны

айырықша. Сонымен қатар олар емдеу ісімен айналысып, исламның негізгі қағидаларын сақтаушылар болды.

Олардың биліктегі үстемдігі ортаазия мемлекеттерінде ерекше болды. Мысалы, Шығыс Түркістаннан Жәңгір ханға келген елшісі Жүніс қожа болды. Қожалар Қазақстанның оңтүстігін, Сыр бойын, ортаазия мемлекеттерімен шекаралас жерлерді мекендеді. Қожалардың билігі Түркістан қалаларында елеулі болғандығын мына үзінді дәлелдейді: «Түркістан ескі астаналық қала. Онда сарттар тұрады. Бұл қаланы қожалар басқарады. Қожалар Сырдың төменгі ағысында қоныстанған».

Зерттеулерде қазақ арасындағы бұл әлеуметтік топтың өкілдерін «асылсүйек» деп те атаған. Енді осы қожалардың шығу тегіне қысқаша сипаттама беру арқылы олардың қазақ қоғамына ену кезеңі және атқарған рухани қызметін ашуға болады. Қазіргі ортаазия мен Қазақстан территориясына алғашқы арабтардың арасынан ислам дінін тарату үшін келеді. VIII ғ. бірінші жартысынан басталған Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу жерін арабтардың жаулап алуының әсері халифаттың қол астында болған жерлердің этникалық, әлеуметтік және діни-мәдени үдерістерінде өз ізін қалдырды. Арабтардың ортаазия мен Қазақстанда мұсылман дінін тарату нәтижесінде субэтникалық топтар – қожалар пайда болды. Сайидтармен салыстырғанда қожалардың шығу тегінде ортақтық жоқ. Қазақстан территориясындағы қожалар – Әзірет Әлі, Әзіреті Омар және Әзіреті Әбубәкірден тараған ұрпақтар. Қазақстан территориясында мұсылман дінін насихаттау Ысқақ баба (Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауылы төңірегіндегі Баба Ата), Әбдірахим баб (Тараздағы Әулие Ата) және Әбдіжамил баб (Сыр өңірі) көне Үзгенттегі Қорасан Ата есімдерімен тығыз байланысты. Қожалар – қазақ руына сіңісіп кеткен субэтникалық топ. «Қожалар» қазақ арасындағы субэтникалық топ қана емес, әлеуметтік топты да құрады. Олардың қазақ қоғамындағы ерекше құқығы «Жеті жарғыда» айқын берілген. «Жеті жарғы» баптарында қожаларға берілген артықшылықтарға арнайы тоқталып өткен. Осы заңның үшінші бабында «кімде-кім қожаны өлтірсе, олардың әрқайсысы үшін жеті кісінің мөлшерінде құн төленсін». Немесе «қожаны балағаттағаны үшін малдың түрінен құн салынсын» делінген, қол жұмсаса тоғыз айыбын төлеуге тиіс болды. Қожалар өзінің әлеуметтік тобын ғасырлар бойы сырттан ешкімді

кабылдамай жабық жағдайда ұстады. Олар некелік қатынасты өз арасынан шығармауды көздеді. Бұл міндетті XX ғасырдың соңында да Қазақстанның қожалар тығыз орналасқан жерлерінде мейлінше орындауға тырысты.

Қожалар салықтан босатылған және оларға сұлтандардың ғана үстемдігі жүрді. Қожалардың саяси билігі қазақтардың ішінде болмады. Олар XIX ғасырдың басында ру билеушісі ретінде көріне бастады. Жалпы қожалардың қазақ арасындағы әдеттік-құқықтық артықшылығы олардың саяси биліктегі беделін күшейтпеді. Мұның басты себебі қожалардың қазақ қоғамындағы дәстүрлі өмірімен тікелей байланысты болды. Бірақ қожалардың жағдайы Қазақстанның барлық жерінде бірдей болған жоқ. Олар – әлеуметтік-территориялық топ өкілдері. Себебі Түркістан қалаларындағы қожалардың жағдайы осы өңірдегі саяси билікпен байланысып жатты. Мұнда олар – жер иесі, қала билеушілері және басқа статусы бар әлеуметтік топ болды. Бүкіл Орта Азиядағы сияқты бұл өңірде де мұсылман дінбасыларының қала мен ауыл өміріне жасаған ықпалы жер пайдаланудағы дінбасыларының үлес салмағының мейлінше жоғары болуына негізделді. Мұсылман дінінің шонжарлары (шейх, әл-ислам, садр әл-ислам, қазилар, молдалар, мутавиллилер) бір билеушіні екіншісі ауыстырған кезде өз иеліктерінен айырылып қалмауы үшін аймақтағы билікке кезекті үміткерге барынша қолдау жасап, жергілікті халықты оған бағынуға көндіріп отырды. Олар өзбек ханы немесе қазақ ханы болсын, әрбір жаңа билеушіден ежелгі вақфтық жерлерге растайтын грамоталар алып отырды. Түркістан жазирасында вақфтар суармалы жерлердің едәуір көп учаскілері болды және олар жер иеленудің ірі категориясына жататын. Оларға салық салынбайды Жергілікті мұсылман дінбасылары билік еткен вақфтық жерлерден басқа сатып алу арқылы да, түрлі адамдар негізінен хандар тарапынан сыйға тарту арқылы да жиналған едәуір жер көлемін меншік иесі құқығымен иеленді. Мұсылман дінбасыларының жер иеленуі Түркістан өңірінде жеке меншік түрінің қалыптасуына ықпалын тигізді. Сондықтан мұндағы қожалардың әлеуметтік мүдделері ерекше жағдайда болды. Олар бір жағынан ел билеушісі, жер иеленуші тағы да басқа қоғамның санаттарын құрды.

Соңғы орта ғасырда Түркістан қалаларының өзіне тән қалыптасқан әлеуметтік сатылары айырықша көзге түседі. Вақфтық

грамоталарда Түркістан қалаларындағы салық түрлері, әлеуметтік категориялар туралы біршама толығырақ мәліметтер береді. Бұл вакфтық грамоталардың соңы XVIII ғасырдың 40 - шы жылдарына дейін келеді. Сондықтан біз қарастырып отырған кезеңдегі Түркістан аймағындағы әлеуметтік категорияларды зерттеуде осы вакфтық грамоталарға сүйенуге болады. Түркістан қалалық үстем таптың едәуір бөлігін дінбасылардан басқа әскери, сондай-ақ азаматтық, әкімшіліктің өкілдері құрады. Тарихи шығармалар мен грамоталарда айтылатын бектер (мыңбегі немесе мирхоздарда – мыңбасылар, жүзбасылар) жер иеленудің меншікті құқығында және сыйлық құқығында иеленгендер болды. Жоғарыда айтылғандарынан басқа да әр түрлі чиновниктер: салық жинайтын адамдар судың бөлінуін қадағалайтын қызметшілер – арабтар болған. Грамоталарда төменгі әкімшілік өкілдері: қалантарлар (қалалық полиция қызметінің бастығы), педхуд (ауыл бастығы) және басқалар айтылады. Жоғарыда аталған вакфтық грамоталарда «шарик» термині қожа терминімен қатар жүреді. Бұл ұғымды «қожа (және) шарик категориясына жататын райиттар» деп аударған. Сонымен шаруалар екі топқа: жерді меншіктеуші қожалар және үлесші жалдаушылар болып бөлінеді. Сонымен қатар Түркістан қалаларында төменгі әлеуметтік топты құрайтын саудагер қолөнерші адамдарымен егінші және малшы шаруалар болғаны және олардың тәуелділігін, салық түрлері жайлы вакфтық грамоталарда кеңінен мәлімет берілген. Сонымен, қазақ қоғамында әлеуметтік-территориялық қатынастағы Түркістан даласының өзіне тән ерекшелігі болғандығын XV-XVII ғасырлардағы деректер анық көрсетіп берді.

Мұсылман әлемінде Мұхаммед пайғамбардың қызы Фатима мен төртінші халиф Алидің ұрпақтарын сайидтар деп атайды. Сайидтардың қожалармен салыстырғанда мемлекеттің ең жоғарғы билеуші санаттарының рухани сұраныстарын қанағаттандырып, олардың алдында мәртебесі жоғары болды. Сонымен қатар сайидтар мұсылмандардың сана-сезімінде әулиелерге теңелді. Олар мұсылмандардың діни үлгісін құрады. Олар өлім жазасына тартылмады. Олар мемлекеттің жоғарғы билеушілерінің кеңесшісі болды. Ислам діні мемлекеттік дәрежеге көтерілген тұста сайидтар билік үшін күрес жүргізіп отырды. Алтын Орданың ханы Азидің іс-әрекетін сынап, оны дұрыс жолға салған Махмұд сайид туралы

«Мунтахаб ат-таварих-и Муини» атты деректен белгілі. И.В.Ерофееваның «Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв.» зерттеуінде үш жүздің арасында беделі жоғары болған Мұхаммед қожа және оның ұрпақтары туралы айтылады. XVІІІ ғасырдың бірінші ширегінде Әбілқайыр ханға еріп отбасымен Түркістаннан Батыс Қазақстанға көшкендігіне баса назар аударады. Қазақ қоғамындағы сайидтардың алатын орнына жан-жақты талдау жасайды. Сайидтар өздеріне әйелді кезкелген қоғамның топтарынан алған, бірақ қыздарын өзге қоғам топтарының мүшелеріне беруге аса құштар болмаған. Себебі оның күйеуінің қандай әлеуметтік топ мүшесі болғанына қарамастан ол сайидтарға тән барлық құқықтарды, артықшылықтарды иеленген. Шыңғыс ұрпақтары өздерінің билігін күшейту мақсатында, кей жағдайда күштеп сайидтардың қыздарын әйелдікке алып, өздерінің титулдарына мұсылман әлемінде қасиетті «сайидті» қосып отырған. Қожалардың сайидтардан айырмашылығы, олардың Мұхаммед пайғамбардың ұрпағы ретінде қоғамдағы алатын орны әдеттік-құқықтық нормалардан жоғары және тыс қаралды.

Соңғы орта ғасырларда қазақ қоғамының мәртебесі ашық сословиеге жеке басының қасиеттеріне және түрлі артықшылығына қарай ескерілетін топтар болды. Оларға билер, батырлар, жыраулар, мырзалар, ақсақалдар жатты. Бұлар қазақ қоғамындағы саяси-әлеуметтік топ жиынтығы болып саналды. Бұл кезең Шыңғыс тұқымынан тараған ақсүйектермен қатар қазақ қауымының ішінен шыққан дала билеушілері билікке қол жеткізуімен ерекшеленеді. Әлеуметтік жіктелудің алғашқы бастамасы хандықтағы билік бөлінісі, бұл ру атақты адамдарының өкілдері би, батыр, мырза сияқты дала ақсүйектерінің биліктегі өз мүдделерін қалыптастыруда болып отыр.

Дала ақсүйектерінің көрнекті тобы «билер» болды. Би атағы қазақ қоғамында ертеден, Дешті-Қыпшақ дәуірінен бұрын кең қолданылған. «Би» атағының шығуын түркі дәуіріндегі «бек» атағының өзгеріске ұшыраған ұғымы болып табылды. Түркі тіліндегі «бек» атауы монғолдарда нойон, араб-парсылардағы «әмір» түсініктерімен қатар. Бұл атау бұрын Алтын Орда құрамында болып келген бірқатар түркі халықтарында да кездеседі. Осыған орай Өзбек хан (1312-1340) мұсылман дініне кірген нойондарды айырып білу үшін оларға «бек» деген түркі атағын

бергенін атап кеткен жөн. «Би» атауының «бек» ұғымымен мағыналас болуы оның әлеуметтік жағынан алып қарағанда қоғамдық топ болғандығында. «Бек» термині «би» түсінігімен мағыналас екендігін В.В.Бартольд та көрсетіп кеткен. «Мұндай хакидтердің немесе бектердің, қазақша айтқанда билердің көбі дұрысында, ханға да, аталықтарға да бағынған». Қазақ қоғамындағы билердің орны, олардың жеке басындағы қасиеттеріне байланысты болғандығын Ш.Уәлихановтың мына бір үзіндісі дәлелдей түседі: «Би атану үшін қазақ халқы алдында шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетіндігін шешендігімен танытатын болған». Сонымен қатар Ш.Уәлиханов билер өзінің жағдайы жағынан Шыңғыс тұқымынан кем болған жоқ деп көрсетеді. Билер саяси аренаға шыққан алғашқы кездерде олар негізінен өз тайпаларының өкілдері болған деп көрсетті. Барлық жағдайларда болсын «би» атағы ру арасынан шыққан түрлі қоғамдық істерді шешудің тәжірибесі арқылы тапқан жеке басының беделдігіне байланысты болды. «Би» атауының шығуына байланысты Д"Андренің жазбаларынан үзінді келтіруге болады: « «Би» сөзінің қырғыздардың өз тіліндегі мағынасының еш артықшылығы жоқ. Ордалықтардың айтуынша «би» араб әрпіндегі екінші дыбыс бий болса, ханнан (сұлтан – билеушіден) кейін ол билікте екінші орын алады», - деп көрсетеді. Билердің қазақ қоғамында алатын орны туралы П.И.Рычков та атап көрсетеді, ол да «би» атауы текті дворяндарға беретін лауазым деп түсіндіреді.

XVII ғасыр соңы XVIII ғасырдың басындағы хандықтағы ішкі жағдай Тәуке ханның сұлтандар үстемдігінің хандықтағы оппозициялық күш ретінде ішкі ыдырату үдерісін тоқтату барысында билер мен батырлар билігін күшейте түседі. Билер әдетте, халық кеңесінің құрамына еніп, көбіне хан саясатына әсер етіп те отырған.

XVII ғасыр соңы XVIII ғасыр басындағы «билер» ру басшыларынан хандық биліктің негізгі тірегі сот қызметін атқарушы, қажеттілік туғанда елшіліктерді басқарып барған. Мәселен, Қаз дауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек қалмақтарға елші болып барған болса, орыс жеріне Қабай би бастаған елшіліктерді атап кету керек.

Қазақ билеріне тән қасиет олар бейнелеп сөйлеу немесе оның классикалық түрі жұмбақтап сөйлеу өнерін еркін игерген еді.

Л.Баллюзек өз еңбегінде «билердің» орнын өте жоғары дәріптеп келтіреді: «Би - өз халқының тірі шежіресі, заңын көп білетін заңгері болып қана қоймай, шешендігі, суырып салма сөз өнерін жетік білетін, халқымен біте қайнасып, тұрмысына да, әдет-ғұрпына білгір болған саясаткер».

Тәуке хан биліктегі басқару тұтқасын толығымен билерге береді. Ол жүздерді, ұлыстарды басқару үшін Ұлы жүзде – Төле биге, Орта жүзде – Қаз дауысты Қазыбек би, Кіші жүзде – Әйтеке би, қарақалпақтарда – Сасық би, қырғыздарда - Қоқым биге арқа сүйеді.

XVIII ғасырда хандықта саяси билік үшін билер мен сұлтандар арасында күресті күшейте түседі. Көшпелі қауымның сұлтандарға қарағанда үстем әлеуметтік тобы – билердің құқықтық-экономикалық артықшылықтарының орныққан кезеңі еді. «Билер» хан және сұлтандармен қатар сот істерін шешіп, табысты бөлісуге қатынасты. «Би» атағын тек «қара халықтан» шыққандар ғана иелене алатындығын Ш. Уәлиханов атап өтеді. «Билер кеңесі» өзінің мемлекеттік статусы бойынша ханның билігін жіктеу құқығына ие болған көшпелі қазақ қоғамының тұрмыс-тіршілігіне сай қалыптасқан ұлы даланың сол кездегі парламент және жоғарғы сот органы, ханның ішкі және сыртқы саясат мәселелері бойынша шешім қабылдануы «билер кеңесінің» құптауын талап еткен.

Қазақы санадағы құқықтық принцип нормаларының туындауы үлгілі сөздің, аталы сөздің өмірге келуімен байланыстыра қарастырылуы тегін емес еді. Бұл шындық қияс кете қоймайтын түсінік еді. Себебі, шын мәнінде, қазақ қоғамында билер сотының шешімдері прецеденттік орын алды және осы шешімдер халық арасында құқықтық қағида жарғы есебінде қабылданып бағаланды. Мұның көрнекті дәлелі билер кеңесінде қабылданған «Жеті жарғы» заңын атауға болады.

Дау алдындағы сот жұмысына би дайындау сұрыптау процесінің ең жауапты кезеңі деуге болады. Билер сотының мұндай шешім-келісімдерінің ауызша айтылатындығы, ауызша сөйлеу мәдениетіне сүйенетіндігі, сөйтіп нақыл сөз, тақпақ үлгісінде болатындығы көркем де әсем безендірілетіндігі басы ашық ақиқат. Билер сотының шешімі құқық жасау сипатына ие болған. Сондықтан да Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты билердің шығарған билігінің теориялық негізі болады. Көшпелі сот билігінің рухани

өмір саласымен тығыз байланысты сот процесінде жеңіп немесе жеңіліп емес, жеңілденіп шығу, рухани ақтау, рухани жеңіске жеткізу функциясына әлі де болса назар аудару қажеттігі туралы қорытындыны заңгер З.Кенжалиев жасады.

Билердің үстемдігі кейбір жағдайларда ханның билігіне талас тудырып отырды. Билерге хан өкіметінің тәуелді болғандығы ханды «сайлағанда» айқын көзге түседі. Билер наразылығына ханның әрқашан үстемдігі жүре бермеген. Мұның айқын дәлелі – орыс жеріне барған Келдей мырзаның қайны атасының Түрке бидің Тәукеге бағынбай күйеу баласын босатуда өзіндік жасаған әрекеттерін орыс елшілері өздерінің жазбалаларында атап өтеді. Мұнда Тәуке орыс елінен келген елшілерді жасырын Ордадан шығарып салуының өзі де дәлел бола алады. Ш.Уәлиханов жекелеген билердің бедел алғаны соншалық, кейде олар ханның өзіне де қауіпті болған, ал хан болса ондай билердің бел алып кетпеуі үшін өз құқығына нұқсан келтірмеу үшін оларды тежеп отырды деп көрсетеді. Осыған орай Абылай хан мен үйсін биі Ерден батыр арасындағы қақтығысты келтіруге болады.

XVII-XVIII ғасырларда қазақ қоғамы мемлекеттік басқару ісіне әр ортадан шыққан қабілетті туа біткен дарынды адамдарды тартумен ерекшеленді. Бұл кезеңдегі басты идея бірлік пен келісушілік болды. Осыған орай Әйтеке бидің: «Біз үш жүз керіспей келісейік. Ал керісе қойсақ, үшеуімізге де бірдей хандық түгіл ондық та жоқ», - деген накыл сөзі осыны толықтыра түседі.

Қазақ жері Ресей боданына енгеннен кейін де Төле, Қазыбек сияқты билердің, Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары сияқты батырлардың орыс әкімшілігімен қатынаста болуға тырысқандығын көрсетеді. Мұның тағы бір айғағы – 1745 жылдары Орынбор генерал-губернаторы И.И. Неплюевке Қазыбек бидің жолдаған хаттары. Бұл хаттардың мазмұны қазақтардың саяси өміріне тікелей қатысты келелі мәселелерге байланысты жазылған.

Қарастырылып отырған және одан бұрынғы тарихи кезеңдерде қазақ қоғамында елшілік қызметі, негізінен билердің үлесіне тиген.

Билердің қазақ қоғамындағы басты атқаратын қызметі бұл «билер кеңесі» болды. Билер кеңесінде бүкіл қазақ елінен сексен, тіпті жүзге дейін билер қатынасып отырған. «Би» лауазымы қазақ қоғамында мұрагерлік түрде болмаған. Көрнекті тарихшы

М.П.Вяткин: «Старшиналардың келісімінсіз хан бірде-бір шешуші қарарлар шығара алмаған. Тәуке хан тұсы қарсаңында орныққан әдет-ғұрыптар XVIII ғасырда да берік қолданылып келген старшиналардың осы кеңес правосын көрсететін мәліметтер XVIII ғасырда кездесе береді», - деген үзінді билердің қазақ қоғамындағы шешуші рөл алатындығын дәлелдейді. XVIII ғасырда билердің әлеуметтік тобының мүддесінің өзгеріске ұшырауы Ресей тарапынан жүргізілген саясаттың нәтижесі болған, олардың жеке бас қасиеттерінің демократияшылдық істерінің жоғалуы. Бұл жөнінде Л.Баллюзек еңбегінде былай көрсетіледі: «Өкінішке орай, қазіргі ұрпақ арасында ертедегі сияқты билер жоқ, сондықтан халық арасында аз да болса құрметке иеленгендер - билер», - деп атайды. Қазақ даласындағы басқару жүйесін жақсы білетін Ш.Уәлиханов: «Егер қырғыз чиновниктері мен жылқылы байларының пайдакүнемдік тілегіне сәйкес билер формальды сайлау арқылы сайланатын болса, онда дала халқына азаматтық сот апару сөз жоқ, ақшаарқылы жең ұшынан жалғасу және әр алуан пасық эзәзілдіктердің көмегімен... малды байлар мен саудагерлердің қолына өтеді», - деп жазды. Сот істері бюрократиялық былыққа белшесінен батып, жасырын жүргізіледі, ал халық бұқарасының талқыланып отырған мәселелерін түсінуі қиын болады деп санады. Ш.Уәлиханов бұрынғы билер сотында халық демократиясының элементтері бар деп білді және, әсіресе істі жұртшылықтың көз алдында жария, ана тілінде, халықтың өз әдет-ғұрыптарында жүргізу принципін бөліп көрсетті, өйткені ол «халық үшін оған неғұрлым мәлім заң жақсы, адамның өзі өсіп тәрбиеленген заң, қаншалықты кемшілігі болғанымен де сырттан әкелінген жоғарыдан таңылған ең дана заңдардан да жақсы түсінікті де айқын көрінуге тиіс», - деп санады. Уәлиханов жұртшылық арасында құқықтық мәселелерін жақсы білетін, өз үкімінің даналығымен, әділдігімен даңқы шыққан беделді адамдардан құралатын сотты жақтады. Қазақстандағы сот ұйымдастыру жөнінде айтқан пікірлері және соттың ежелгі формасы - билер сотының жақсы жақтарын дамытуды Ресей империясы елеусіз қалдырды.

«Билер институты», ертедегі қазақ жерінде өмір сүрген ортағасырлық мемлекеттердің саяси құрылымындағы қаған-бек-ел сияқты қазақ қоғамында хан мен халық арасын байланыстыратын құрылым болды. Бұл институттың өзіндік кемшілігі де,

артықшылығы да болды. «Билер институтының» негізгі мазмұны қазақ қоғамындағы басқа билік етуші институттар сияқты Ресей отарына айналғаннан кейін өзгеріске ұшырады. Бұл кезеңде қоғам ішіндегі билердің ықпалы әлсірей бастады. Біріншіден, хандық биліктің жойылуы, олардан ірі рулық бірлестіктердегі билікті өз қолдарына алды. Екіншіден 1822 жылғы Сібір қазақтары туралы устав бойынша билерді сайлау арқылы бекіту билер арасында іріткі тудырды. Мұның өзі рулық бірлестіктер ішіндегі биліктің ыдырауына әкелді. Қоғам ішінде өзінің беделі, істі әділ шешуімен танылған билермен қатар сайлау арқылы бекітілген билер пайда болды. Бұл билер өздерінің жеке қасиеттері немесе әдет-ғұрып заңдарын жетік білгендіктен емес, малын салып бидің шенеулігін сатып алып отырған. Мұның айқын көрінісі XIX ғасырда кеңінен жайылды. Осылайша сан ғасырлар бойы қазақ қоғамындағы қалыптасқан «билер институты» өзінің алғашқы мәнін жойып жаңа күйге ұшырады. «Билерді» жоғарғы топ өкілі ретінде Кеңес дәуірінде дұрыс баға берілмеді. Сондықтан олардың саяси қызметіне қарағанда нақыл сөздерін зерттеуге көп көңіл бөлінді. Әрине, әрбір би «өнер алды – қызыл тіл» деген ортада шешен болғандығы даусыз. Бірақ мәселенің түп-төркініне келер болсақ, шешендік өнері бидің негізгі қыры емес-тін, қиын-қыстау заманда бар өмірін өз халқының еркіндігі мен теңдігіне арнаған қайраткердің өмір жолын тек шешендік өнермен шектеу ғылыми әділеттілік болмас. «Билердің» шешендік өнері оның үлкен қоғамдық-саяси қызметіндегі қуатты құралы ғана болады. Қазақ қоғамындағы билердің алатын орнының маңыздылығы, олардың қалдырған шешімдерінің, нақыл сөздерінің қасиетті болып сақталуы Кеңес тарихнамасында дәріптелді. Ал дұрысында тарихшылар үшін қазақ қоғамындағы билердің қызметі хандық өкіметтің саяси институты ретінде қарастыру қазіргі таңда жаңа тақырыптарға жол ашты. Билердің қоғамдағы атқарған функциясын мемлекеттің заң шығарушылық, оның жүзеге асуын қадағалайтын орган және оны жүзеге асырушы ретінде зерттеу қажет деген қорытынды жасауға болады. Сондықтан қазіргі уақытта «билердің» әлеуметтік топтың өкілі деп қана емес, олардың ұлттық тарихымыздағы алатын орнын нақтырақ ашып көрсету қажет.

Орта ғасырларда «мырза» атағы жиі кездесті. Бұл атактың қазақ қоғамында жайылуы ноғай ордасының құрамындағы кейбір рулардың кіруіне байланысты болуы мүмкін. «Мырза» атағы қазақ қоғамындағы көрнекті беделді адамдарға тағылғандығы орыс жеріне елшілікке барған Сары мен Келдей мырзалардың орыс-қазақ қақтығыстары үшін кепілдікке алынғанын, олардың руластарының наразылығын тудырғанын Тәуке ордасында болған Тауша мерген өзінің жауабында хабарлайды. Сонымен қатар «мырза» атауы жалпы алғанда қазақтарда тұрмыстық жағдайда құрметті кісілерге қатысты айтылғандығын ауыз әдебиетінен кездестіреміз.

Қазақ хандығының сыртқы және ішкі саяси жағдайында «батырлар» тобынан шыққан билеушілердің рөлі ерекше болды. Хандықтың сыртқы қорғаныс қызметі батырлардың ел ішіндегі негізгі функциясы болды. «Батыр» би түсінігімен салыстырғанда сұлтаннар да, хандар да ие бола алатын атақ болып саналады. «Батыр» түсінігі қазақтың ауызша тарихында және тұрмыс салтында жиі қолданылып, кеңінен тараған. Біз қарастырып отырған кезеңде бұл түсінік жеке қоғамдық топтың атауына айналғандығын қарасақ, бұл әлеуметтік мағынасында белгілі заңды ретте белгілі тарихи бағытта қолданылғандығы көзге түседі. Батырлар хан кеңесінде маңызды рөл атқарған. Батырлар туралы қазақтардың жоңғарларға қарсы ерлік күресі кезеңінде қалған мағлұматтар көп. Батырлар жиі ру басшылары болды. Елшіліктерді басқарып отырған. Осыған қатысты Тәуке тұсында орыс жеріне бірнеше рет елшілікке қатынасқан Тәшім, Тайқоңыр батырларды атап кетуге болады. Тәукенің сенімді адамдарының бірі Берху батыр болғандығы жөнінде елшілердің жазбаларынан кездестіруге болады.

Кеңес тарихнамасындағы зерттеулерде «би» лауазым иесі, ал «батыр» - атақ иесі. Батыр әлеуметтік емес, тұрмыстық жағдайда қолданылуында күмән жоқ деп келтіріледі. Батырлар туралы революцияға дейінгі авторлар оларды өлген соң жерлегенде ерекше көңіл бөлініп, үнемі еске алып отырады делінген.

Батырлар қазақ қоғамындағы жаңа қалыптасқан әлеуметтік топ емес, түркі дәуірінде, монғол кезеңінде олардың саяси, экономикалық өзге қоғам мүшелерінен артықшылықтары болды. Оның бірден-бір айғағы – қазақ халқының құнды эпостық жырлары.

Қазақ хандығының тұсынан олардың әлеуметтік топ ретінде қарастыруға болады. Батырларды әлеуметтік топ ретінде көрсету

үшін олардың қазақ қоғамында алатын орнын – жерге, малға қандай қатысы болғандығын ашу керек. Біз қарастырып отырған кезеңде би, батырлардың экономикалық жағдайы қолында малы көптігімен ғана айқындалып қоймайды, мұның үстіне қоғамдық жерді билеуге еріктілігімен сипатталады.

Тәуке хан тұсында батырлардың беделінің зор екендігіне 1710 жылы болған «халық кеңесінде» Бөгенбай батырдың шешімін қабылдауы нағыз айғақ болса, қазақтың ауызша тарихында батырлардың үстемдігін көрсететін деректер жетерлік. Бұл туралы көптеген аңыздар сақталған. Соның бірі – садыр Алдияр хақында. Тарихи деректер Алдияр батырдың шынында да Тәукенің замандасы екенін растайды. Міне, осы батырды қарақалпақтарды бағындыруға жібереді. Қарақалпақтардың арасында қазіргі күнге дейін Тәукенің жойқын жорықтары туралы аңыздар сақталған. Ал садыр руының құрамында қарақалпақ тұтқындарынан тараған «ерші» тармағы бар.

Тағы бір аңызда Алдияр батырға қалмақ қонтайшысы келіп екеуі бейбіт келісімге келеді. Бірақ оны біліп қалған Тәуке хан қонтайшының басын алмақ болады. Еліне келген қонағын қорғау үшін Алдияр батыр Тәуке ханға қарсы шығады. Осыған орай Алдиярдың ұрпағының арасында мынадай шумақтар сақталған:

Ұзын ағаш Тәйкеде келді қалмақ
Хан Тәуке басып барып басын алмақ
Келмегірдің қалмағы қайдан келді,
Екі қазақ соғысып Майлап өлді.

Бұл аңыз үзінділері М.Тынышбаевтың еңбегінде берілген. Аңыз бойынша Алдияр Тәукенің ең жақын жүрген батыры болған. Осыны көре алмаған біреулер Алдияр үстінен Тәукеге шағым түсіреді. Мұны естіген Тәуке Алдиярға өз халқын ренжітпеуге кеңес беріп, оның үстіне шағым түсіргендерге Алдияр батырды өзіне жақын тартатынын ескертеді.

Тәукенің батырларға сенімділігінің орасан зор болғандығы, оның заманында батыр беделі сұлтаннан кем түспейтіндігінен көруге болады. Кейбір батыр шешімдері хандық өкіметтің билігіне қайшылық туғызып отырды. Алдияр сияқты батырлардың арақидік Тәуке саясатына ашық қарсы шыққанын көруге болады. Дегенмен, шайқастың себебін тек елшіге қауіп төнгендіктен Тәукенің әділетсіз шешімінен іздеу жеткіліксіз болар. Сондықтан бұл оқиға

көптеген қайшылықтардың шиеленісуінің нәтижесі деп қараған жөн. Тәуке ханның даланың ірі әскери өкілдері батырларға арқа сүйенуінің ерекше мәні болды. Тәукенің саясатында шашыраңқы орналасқан қазақ руларына батырлар арқылы өзінің билігін мойындатқысы келді. Сондықтан болар ол үнемі батырлардың билігін қолдай отырып, оларды өзіне жақын ұстады. Тәукенің иелігі Түркістан қаласынан Арыс және Талас өзендерінің арасы, Боралдай өзені мен Қаратаудың етегінде атақты садыр руынан Жомарт батырдың жайлауы орналасты. Түркістанның оңтүстігіне қарай Шыршық өзеніне дейін Орта жүздің найман матай руынан Бөрте батырдың жайлауы созылып жатты. Шу өзенінен солтүстік-шығысқа қарай керей руынан табын Бөгенбай батырдың иелігі бас-талды. Осылайша Тәуке әр жүз, әр рудағы би, батырлардың билігіне жол бере отырып, хандық ішіндегі, ру арасындағы тыныштықты сақтады. Қазақ қоғамындағы батырларға деген қажеттілік, кейінгі кезеңде қазақ халқының басына төнген «Ақтабан шұбырынды» зар заманында айрықша көзге түсті. Қазақстанның тарихи жағдайларының өзі батырларды дәріптеуге себеп болды. Жоңғар басқыншыларына қарсы аяусыз да ұзақ күрес неғұрлым жаужүрек, батыл адамдардың батырлар қатарына қосылуына мүмкіндік берді. Батырлар бастапқы адымдардан бастап-ақ хандармен, ықпалды сұлтандармен тізе қосуға тырысты. Ал хандармен сұлтандарға да өз маңында әйгілі батырлардың болғаны қажет еді. Батырлар әлеуметтік топ ретінде XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-жоңғар соғысының нәтижесінде қалыптасты деген пікірдің біржақтылық екенін көруге болады. Ш. Уәлиханов Байжігіт батыр мен Жәнібек батыр жөнінде әлденеше рет сөз етеді. Олардың өмір-баяны мен іс-әрекеттері көптеген батырларға тән. Мысалы Көлен бидің ұлы Байжігіт Абылайдың жоңғарларға қарсы жорықтарына жастайынан қатысып, онда батырлығымен, қайтпас қайратымен көзге түседі. Ханға үзеңгілес жүріп, көп ұзамай батыр аталады. Сонымен қатар шекарадағы орыс бекіністеріне шабуыл жасап, мал айдап әкетіп жүреді, 1745 жылы осындай оқиғалардың бірінде орыстың шекарадағы әскерлері Байжігітті тұтқынға алады. Сөйтіп ол нерченск заводына өмір бойы каторгалық жұмысқа жіберіледі. Тобыл губернаторынан оны босатуды Абылайдың өзі сұрайды. Абылайдың өтініші қанағаттандырылып, Байжігіт батыр қайтып оралады. Байжігіт батыр туралы мағлұмат «XVII-XVIII ғасырлар-

дағы қазақ-орыс қатынастары» атты құжаттар жинағында «Абылай-сұлтан басқаларынан ерекше жақын тартып, өзінің ішкі сырын соған ғана айтады» делінген. Байжігіт батырмен қатар орта жүздің ірі билері болған Құлсары батыр мен Құлеке батырдың аты аталады. Ал Жәнібек батыр тауып сөйлейтін шешен адам болған. Ол әсіресе ру тартыстарындағы дау-дамайларды шешуде аса тапқырлық көрсетіп аты шыққан. Жәнібек өзінің қабілеттілігінің арқасында XVIII ғасырдағы қоғамның саяси өмірінде көрнекті рөл атқара бастады.

«Батыр институтының» тарихи бастаулары ертеден басталады. Ру ішіндегі өзінің батылдығымен көзге түсіп, сол рудың билеушісіне айналу үнемі жер үшін болып тұратын қақтығыстардың нәтижесінен туындады. «Батыр» көшпелі қоғамның тірегі және хандық биліктің тұтқасы десек те болады. Өйткені көшпелі қоғамның бір ерекшелігі – оның билеушілері хан ғана емес батыр атағына да ие болуы керек. Сондықтан болар қазақ хандарының басым бөлігі «батыр» атағын алған.

Көшпелі қазақ қоғамында биліктің тұтқасын берік ұстау үшін батырлықты, ержүректілікті қажет етті. Сондықтан да қазақтың хандарының беделі ерлігімен танылды. Бұл ойымызды XVIII ғасырда қазақтар өз хандарынан «ерлігімен айрықша көзге түсуді талап етті» деген А.И. Левшиннің сөздері де дәлелдей түседі. Хандықтың нақты тірегі батырлар, оларсыз хандықтың өмір сүруі мүмкін емес. Хан соғыс кезінде жасақтардың қолбасшысы болған. «Хан» көне түркі сөзі – қаған, қоған, қоһан дегеннен шыққан. Тарихшы әл-Хорезми «хан» лауазымының өзі батыр немесе басшы деген мағынаны береді деп түсіндіреді.

Сұлтан, би болсын қазақ жүздерінің, руларының билеушілері егер батыр болатын болса, олардың билігінің тұрақты болуына жағдай туар еді. XVII ғасырдың соңы, XVIII ғасыр басындағы қазақ халқының бұғанасының берік болып, мемлекеттік дербестігін сақтау Тәуке ханның батыр атануымен тікелей байланысты десек те болады. Тәукенің өзінің жеке басының қасиеттері, соның ішінде батырлығы, ержүректілігі хандықтағы өз үстемдігінің баянды болуына әсерін тигізді. Тәуке хан тұсындағы Қазақ хандығында «батыр» тек атақ ғана емес, саяси-әлеуметтік топ ретінде өзін таныта білген. Қазақ қоғамында батырлардың құрметті орын

алатынын олардың есімдерінен-ақ байқауға болады. Қазақтар балаларын Батырхан, Батырбек, т.б. сияқты жиі атаған.

Жалпы батыр институтының өзгеріске ұшырауы Ресей боданына енуінің себебінен болса керек. Біріншіден, қазақ халқының құрамында ертеден келе жатқан «батырлар институтының» функциясы бұл мемлекетті жаугершіліктен қорғау болатын. Халық арасындағы тарихи эпостық жырлардың мазмұны: тайпалық эпостар – «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», ноғай эпосы «Ер Тарғын» батырлардың өз жерін шапқыншылықтан қорғаушы ретінде танытты. Қазақтың ауыз әдебиетінде эпостық жырлардың тарихи орны ерекше, мұндағы оқиғалар сол тарихи кезеңнен мағлұматтар береді. Жоғарыда атап өткендей, бізге дейін жеткен эпостық жырлардың мазмұны көшпелі қоғамда «батыр институты» елеулі орын алғандығын дәлелдеуде негізгі дерек болып табылады. Көптеген эпостық туындылар XIV-XVIII ғасыр арасындағы оқиғаларды қамтиды. Мысалы, «Ер Тарғын» эпосындағы оның жауы - қалмақ Аюке хан тарихта болған адам. 1646-1724 жылдары өмір сүрген Тәуке ханның замандасы. Тарихи тұлғалардың жай-жапсарын ашып көрсетуде, қазақ халқының ауызша тарихының маңызы зор. Оның ең бір әлсіздігі ауызша берілуінде десек те, оның кейбір тарихи деректері өзгеріске ұшырамаған күйінде сақталып отырды.

Қазақстанның Ресейдің бодандығына енуі, хан өкіметінің жойылуы кейін батырлар қызметі ішкі алауыздықтарға, атап айтқанда, барымталауға қатысумен шектеліп қалды. Ш. Уәлиханов барымталардың мәні мен формаларын ажыратып көрсетуге тырысты. «Көрінеу көзге, яғни күндіз, қажетіне қарай күштеп, немесе жасырын жасалған...» бірақ міндетті түрде «үш күннен кешіктірмей, қарсы жорыққа барымта мынандай әрекет үшін жасалады деп хабарланатын» барымтаны ру арасындағы дауды шешетін дағдылы құқық құралы деп санап, барымтаның бұл формасын тонау деп көрсетуге қарсы шықты. Осыған қарамастан барымтаны Ресей үкіметі қылмысты іс деп санап, айыптыларды өлім жасына кескен. Барымта билер кеңесінің шешемімен жүзеге асатын, Ресей империясының бодандығы тұсында билер кеңесі өзінің функциясын тоқтатты. Қазақ қоғамында қалыптасқан заңдылықтар бұзылды. Нәтижесінде алғашқы сипаттағы барымта,

енді елдің ішіндегі өзара тонаушылық іске айналғандын атап өткен жөн.

Кенес дәуіріндегі тарихнамада «батырлардың» қоғамдағы алатын орны зерттелмеді, қаралса да оларды халықтың қамқоршысы емес, керісінше, тонаушысы ретінде айтылды. Оларға арналған мақал-мәтелдердің өзі бұрмаланған. С. Толыбеков «ер азығы мен бөрі азығы жолда», «берсе қолынан, бермесе жолынан» қарақшылыққа бейім топ ретінде билеуші таптың қолшоқпары деп баға берген. Бұл мақалдардың мағынасына қарап батырлардың өзінің ешбір беделі жоқ, біреудің таппрсымасымен ұрлық-қарақшылық жасайтын топ ретінде сипаттауға болмайды. Ер азығы жолда деуі, аңшылықты жетік игерген батырдың далада азығын өзі табатындығын көрсетеді.

Екіншіден, «батыр институтының» өзгеріске ұшырауы сыртқы жаудан қорғау функциясын Ресей өкіметі өзінің қолына алуы әсер етті. Орыс өкіметі «батырлар институтының» беделін өз мүделеріне пайдаланып, оларға «тархан» лауазымын беру арқылы өз жақтарына біртіндеп тарта бастады. 1743 жылы алғаш рет «тархан» лауазымын Жәнібек батырдың алуының басты себебі де осы болғандығын А.П. Чулошников атап өтеді. Орыс өкіметі батыр-билерге өздерінің тарапынан шенеуніктер беру арқылы оларды саяси тәуелділікке түсірді. «Батыр институты» өзінің түпкі сипатын жоғалтып, XIX ғасырларда олар барымта, ру арасындағы қақтығыстардың басшыларына айналған.

XVIII ғасырдың 30-шы жылдарынан кейін жалпы түсініктің қасиеттеріне байланысты өзгеруі басталды. Зерттеулерде ендігі батырлар халықтың қамқоршысы, қорғаушысы емес, керісінше оларға зәбір көрсетіп, қазақ қоғамында басталған әлеуметтік іріткілердің қол шоқпарына айналды.

Осыған қарамастан «батыр институты» қазақ қоғамында ел мен жердің қамқоршысы, қорғаушысы ретінде болғандықтан, ендігі жерде олар Ресейдің отарлық саясатына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің басшыларына айналды. Мұның басты айғағы – Сырым батыр (1783-1797), Исатай батыр (1837-1838), Есет батыр (1855-1858) бастаған көтерілістері болды.

Сонымен, қазақ қоғамында Шыңғыс ұрпақтарымен қатар «ұлттық аристократия» әлеуметтік элитасын құрайтын «би», «батырлар», «мырза» әлеуметтік топтарының қоғамдағы ара салмағы

қоғам ішіндегі құқықтық қатынастар арқылы реттеліп отырды. Қазақ қоғамының биліктегі бөлініс өзара нақты қызметтермен шектеліп өзара жіктелді.

Қазақ қоғамындағы «бай» терминіне тоқталып өткен жөн. Шығыстанушы-түркітанушылар «бай» сөзі «бек», «бей», «бег» сөздерінің аталуынан шыққандығын көрсетеді. Бірақ «би» және «бай» әлеуметтік мағынасы әр түрлі. Бай ұғымын әлеуметтік топ ретінде қарау өте қиын. Өйткені оның жалпы тұрмыстық атауы кеңінен қолданылған. Көптеген қазақ, өзбек, ұйғыр, түркімен, татарларда «бай» – күйеу мағынасын, ал «қатын» – жұбайы дегенді білдіреді. Түркі халықтарының арасында осы күнге дейін жеке адамдардың бір-бірімен сөйлесуінде өзінің атына бай сөзін қолдану сақталған.

Зерттеушілер «бай» әлеуметтік тобы ХІХ ғасырда қалыптасты деп көрсетеді. Бірақ халық ауыз әдебиетінде «бай» атауымен байланысты аңыз-әңгімелер жиі кездеседі, мұнда оларды дәулет иесі ретінде көрсетеді. Мұсылман деректерінің ішінде Жувейниде қарақытайлардың уәзірі Махмұд байдың есімін әлеуметтік санатын көрсетуде қолданғаны жөнінде В.В.Бартольд көрсетеді. Ибн Рузбихан байға әрбір көп малы және мүлкі, оның ішінде «арбалы үйі» бар «ықпалды адамды» жатқызады. Дала елі үшін байлықтың негізгі тірегі мал болды. ХІХ ғасырдың орыс зерттеулерінде қазақтар байлықты үйір жылқы, отар қой немесе ірі қара малдың басымен есептейтінін айтып өтеді. Шындығында қазақ қоғамындағы айырбас, салық, құн төлеу, салт-дәстүрлерге қатысты кәделердің барлығы мал басымен іске асты.

Көшпелі қазақтарда байлар қоғамның едәуір басым бөлігі болды. Алайда бұл арада байлардың ерекше тегі болмаған, сұлтандар арасында да, билер арасында да, қатардағы көшпелілер арасында да байлар болғанын ерекше ескерте кеткен жөн. Басқаша, айтқанда байлардың қоғамда әлеуметтік жағынан біртектес тобы болған жоқ. Сөз жоқ, материалдық игіліктің молдылығы зор пайда келтіріп қоғамдағы беделді айқындап отырды. Солай бола тұрса да, ерекше саяси құқықтар дәулеттің мол болуымен байланыстырылмады. Жекелеген байлардың орны олардың тегімен байланысты айқындалады. Мысалы, әлдебір сұлтанның экономикалық жағынан, тіпті қайыршы болуы да мүмкін еді, бірақ ол заң бойынша қоғамның сол әлеуметтік тобына үнемі бірлесіп иеленуіне

берілетін барлық құқықтар мен артықшылықтарды пайдалана алатын.

Байлардың әлеуметтік топ ретінде екі ерекшелігі болды: біріншісі - экономикалық, екіншісі - саяси. Ол ең алдымен өзінің байлығы арқылы танымал болып, одан кейін саяси билікке ұмтылды.

Қазақ қауымындағы саяси билігімен ерекше «ақсақалды» әлеуметтік топ. Ортағасырлық деректерге сүйенсек ақсақалдар қазақ қоғамының саяси өмірінде маңызды орын алған. Көп жағдайда олар ру арасындағы араздықтарды шешетін, татуластыратын істерді шешкен деп көрсетіледі. В.В. Бартольдтің анықтамасы бойынша, «ақсақалдар» дегеніміз - «іс жүзінде белгілі бір заңдық өкіметтілігі жоқ, жасына, байлығына және бұрын сіңірген еңбегіне қарай құрметке бөленген ақсақалдар». Ақсақал әлеуметтік категорияны жасына қарай белгіленген әлеуметтік топ болғандығына тоқталған жөн. Біз қазақ қоғамын әлеуметтік санаттарға бөлуде адамның өмірінің жас мөлшеріне қарай оларға нақты міндеттер мен құқықтар берілетіне баса назар аударғымыз келеді.

Қазақ қоғамының ішкі құрылымын зерттеуде ондағы әлеуметтік жіктелу бағыттары айқын көзге түседі. Жоғарыда аталып кеткендей, қазақ қауымы «ақсүйектер» тобына жатпайтын түсініктермен белгіленді: қарашы, қара халық, қарапайым халық, бұқара сияқты т.б. «Қарашы» атауы мағынасы жағынан – құқылы, басы бос, жеке меншік иелігі бар адам. Әрбір көшпелі қауым мүшесінің өз еркі өзінде болғандығы белгілі. Бірақ оның барлық құқықтық талаптары ру атынан жүргізілді. Қазақтарда жиі кездесетін «қарашы» деген атау монғолдың «хорачу» деген сөзімен тектес келеді. Бұл орыстың XVII ғасырда қолданылған «чернь» деген, яғни «қара халық» деген сөзімен мағыналас. «Чернь» деген сөздің осы күнгі мағынасы «қарашы» деген атаудың мазмұнын бермейді, өйткені ол кезде «қарашы» деген сөз жиіркенішті мағынада айтылмай, тек қарашының Шыңғыс тегінің тобына жатпайтындығын білдіру үшін ғана қолданылған. Қара - сүйек, қара халық, қарапайым халық атаулары орыс жазбаларында ғана пайдаланылған. Ал бұқара атауы өзбек, қырғыз халықтарында жиі қолданылады.

Қазақ қоғамындағы «қарашылардың» әлеуметтік топ болуы туралы түсініктер біркелкі болмағандығын көруге болады.

Қазақтардың Тәуке хан тұсында егіншілікпен таныс болуы, олардың қалаларда қоныстанғандығын орыс елшілерінің мәліметтерінде айтылады. Қазақ ордасының 32-ден астам қалалары бар және мұндағы тұрақтайтындар бидай, арпа, тары өсіретіндігін, бұл қалаларда ұсталардың тұратындығын хабарлайды. Міне, осы қала тұрғындары көшпелі қоғамнан бөлініп қалған кедейленген малшылар болуы керек. Экономикалық реттеу оларды көшпелі мал шаруашылығынан бөліп, басқа жер игеріп, сауда айырбасымен айналысуға итермеледі. Осындай жағдайда қала тұрғындары сауданың дамуына өз үлестерін айырықша қосты. Қазақ халқының шаруашылығының географиялық факторлардың басымдылығы нәтижесінде шаруашылығы бірыңғай болмады. Қазақ жерінің оңтүстігінде орналасқан кентті аймақтарда, соның ішінде, Түркістан аймағындағы отырықшы егіншілік кеңінен дамыған болатын. Сыр өңіріндегі елді мекендерде шаруашылық қызметтің белгілі бір түрінің айқын межеленбегенін атап өткен жөн.

XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамындағы негізгі деректер рудың атақты адамдарының (билер, батырлар, т.б.) қандай топқа жататындығын жеткілікті түрде, дәл белгілеуге мүмкіншілік берсе, қарапайым қазақтардың ішіндегі өзара жіктелу аса көзге түспейді. Негізгі дерек тұрғысынан пайдаланып отырған «Жеті жарғыда» қарапайым, жай халықтың жіктелуіне байланысты баптар кездеспейді. Расында, кейінірек XVIII ғасырдың ортасынан қазақ қоғамының төменгі тобының бөлінуіне орай орыс зерттеушілерінің еңбектерінде нақты айтылады. Бұларды құрайтындар – жатақтар өз алдына шаруашылық жүргізген, бірақ көшуге шамасы келмей, шаруашылықтың отырықшы түрлеріне ауысқан. Тарихнамада бұл терминнің қалыптасуын XIX ғасырға жатқызады. Алайда IX-X ғасырларды қимақтар арасында жатақтардың («ятук») болғандығы туралы тарихшы Б.Б. Кумековтің берген түсінігі бойынша: «Жатаки оседали на зимовках жили в небольших поселениях, вокруг кочевнических ставок. Последние с образованием у кимаков государство, становлением патриархально-феодальных отношений, развитием торговли как внутри общества, так и с сопредельными странами, преуращались в города. Средневековые города вскоре становились не только военно-административными центрами, но и местом средоточия торговли, ремесла и земледелия... Кимаки в

конце IX – начале XI вв обладали примитивной раннефеодальной государственностью», - көз жеткізуге болады.

Өздігінен шаруашылық жүргізуге мүмкіншілігі жоқ қазақтар тобы «қоңсылар» деп аталған. Көшпелі ауылдарда «қоңсы» атауының кеңінен тараған кезеңі ретінде С. Толыбеков XX ғасырларды көрсетеді. «Қоңсы» терминінің шығуына байланысты, көшпелі, түркі тайпаларындағы тәуелді адамды «қоңсы» деп атағанын көрсетеді. Тереңірек қарастыра келсек, «қоңсы» атауын XVII-XVIII ғасырлардағы әлеуметтік топ қатарына жатқыза алмаймыз. «Қоңсы» терминінің өзі түркі тілінде жаңа жерге орналасқан тұрақты атаған. Осыған орай қазақ халқы «қонысын құтты болсын» деген құттықтау сөздерді жаңа үй иесіне айтады. XIX ғасырда барлық көшпелі қазақ қауымынан бөлініп қалған топтардың бірігуі (қоңсы, жатақ) егінші әлеуметтік топтық қалыптасуын тудырды. Олардың ортақ шаруашылығының түрі жердің иелену формасындағы тәуелділіктің жаңа түрін қалыптастырған болатын. Жерді пайдалану жер иеленуші мен егінші арасында келісім арқылы жүзеге асты. Егіншілердің қоғамдық орнын XIX ғасырдың 40-жылдарында Орынбордың шығысындағы қазақтардың арасында болып келген П. Небольсин: «Егінші қырғыз – бұл өз бетімен егін егетін немесе егіншілікпен айналысатын бай қырғыздың қол астында жұмыс істейді», - деп көрсетеді..

Қазақ қоғамындағы тағы бір әлеуметтік топ ретінде «төлеңгітерді» қарастыруға болады. «Төлеңгіт» институтының алғашқы қалыптасуы кезеңінде оларды хан, сұлтанның әскери қызметтегі адамдары құрады. Олар өздерінің ертеден қалыптасқан функциясы сұлтандардың оқ қағары, әскери жасағын құрады. Олар өздерінің рулық, ұран таңбаларынан бас тарту керек болды. Ш.Уәлиханов оларды тәуелді категорияға жатқызды. Сұлтандар сенімді төлеңгіттерден қарулы жасақ ұстап отырған. Төлеңгіттер өздерінің төрелеріне тәуелді болды, оларды қорғауға әрқашан әзір тұрды. А.П. Чулошников XIX ғасырда төлеңгіттердің жеке малы, шаруашылығы болғандығын ескертеді. Сонымен қатар сұлтандар балса өз тарапынан оларды қамқорлыққа алды. Қазақ жерінің Ресей отарына айналуы, ендігі жерде сұлтандарға жеке жасақтарды ұстауға мүмкіндігі болмады. Себебі төлеңгіттер қазақтардың сұлтанға төлейтін салыған табыс көретін, бір жағынан биліктен аластатылған көптеген сұлтандарға жасақтардың қажеттілігін азайды.

Осының нәтижесінде төлеңгіттер сұлтандардан кетіп қазақ халқының арасында төлеңгіт руын құрады. XIX ғасырдың ортасында олардың жағдайы өзгеріп, ендігі жерде сұлтандардың жеке шаруашылығын жүргізетін тәуелділікке ұшырады. Неғұрлым кедей төлеңгіттер бұрынғы қожайындарына-сұлтандарға жалшы болып қалса, басқалары әр алуан шет кәсіптерге кетті.

XVII ғасыр соңы – XVIII ғасыр басында қазақ жерінде екі жақты сауда айырбасы қалыптасты. Біріншісі ертеден Орта Азия елдеріне өз өнімдері: малды, етті, жүнді, сонымен қатар тұтқынға түскендерді, тұтқындарды құлдыққа сату арқылы жүрді. Екінші сауда жолы орыс өкіметімен тығыз байланысты болды. Бұл сауда байланысының өсуі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелуіне жағдай туғызып отырды. Көшпелі қазақ қоғамында «аксүйектер», «жай қара халық», «бай және кедейлермен» қатар бас бостандығы жоқ, еріксіз құлдар болды. «Құл» атауының шығуы Қазақ халқының қалыптасуынан бұрын басталды. Мұның басты дәлелі – ертедегі деректерде құл-күн терминдерінің кездесуі. Қазақ хандығы құрылғаннан бері қазақ қоғамында құл да, күн де болған. Оның көріністерін тарихи аңыздар, эпостық жырлар, мақал-мәтелдерден кездестіруге болады. Мысалы, эпостық жырлардың ішіндегі «Қобыланды батырды» алатын болсақ, соңғы зерттеулерге қарағанда «құл», «күн» термині эпос бойынша 13 рет, «кедей» 6, «қарашы» 3, «нөкер» 8 рет қайталанатын. Салыстырып қарағанда, «құл», «күн», ертеден көшпелі қоғамда қалыптасқан еріксіз адамдардың тобы болған.

Қазақ хандығы тұсында қазақтардың өзін құлдық шалмаған болатын. Құлдар құрамын соғыс барысында қолға түскен қалмақтар, орыстар құрады. Олар мал күтумен, қорғасын қорыту, оқ-дәріні даярлау қызметтерін атқарады. Сондықтан да орыс үкіметі тұтқындарын қайтаруға барынша тырысқан. 1692-1695 жж. Василий Кобяков, 1694 жылы Федор Скибин елшілігінің басты мақсаты тұтқындарды қайтару болды.

Қазақтарда сатып алынған құлдарын немесе тұтқынға түскен құлдарын қалың малға қосып, сыйға тартуға құқы болды. Бірақ қазақтарда өздерінен «құл» болмайды. Өйткені бұл өз халқын сыйламағаны деген Крафттан берілген үзінді дәлелдей түседі. Қазақ қоғамындағы құлдықтың қандай дәрежеде тарағандығын айту қиын болғанымен, олардың жағдайының қандай деңгейде екендігін

«Жеті жарғы» заң жүйесінен анық көруге болады. Олар ешқандай құқығы жоқ әлеуметтік топ ретінде сипатталады. Олардың жасаған әрекеттері үшін қожайыны жауапты болды. Құл қожасының басыбайлы меншігіне айналды. Мысалы, «Жеті жарғы» бабында құлдың қожайыны оның қанша өмір сүруін шешетін иесі екендігін көрсетеді. Тағы бір бабында құлдың құны аңшы бүркіт немесе итке тең деп көрсетіледі. Бірақ қазақ қоғамындағы құлдардың кейбіреуі бас бостандығын алып, қауым мүшесіне көтеріле алатын. Құлдардың негізгі көзі – соғыс пен көрші елдерге жасалынған шабуыл болған. Тұтқын саны башқұрттарға, ноғайлықтарға жасалынған шабуылдың нәтижесінде толықтырылып тұрған. Қазақ қоғамында құлдардың еңбегін пайдалану тиімсіз болғандықтан, көбінесе тұтқынға түскендерді Бұқара, Хиуа базарларында сатып немесе айырбастау арқылы пайда көрген. Сондықтан болар қазақтар көршілеріне шабуыл жасаған уақытта ер адамдарды тұтқынға алмаған. Құлдардың басым бөлігін әйелдер, балалар құрады.

Қазақтар тұтқынға түскен құлдардан гөрі, сатып алған құлдардың еңбегін жиі пайдаланды. Себебі тұтқынға түскен құлдар үнемі сенімсіздік тудырып отырған. Құл еңбегінің мал шаруашылығында тиімсіздігін қазақ жерінде болған көптеген орыс жазбагерлерінің еңбектерінен кездестіруге болады. XVIII-XIX ғасырларда қазақтар Хиуа, Бұқара, Қытай, Түркмен және Жоңғар жерлеріне құлдарды сатуға жеткізіп отырғандығы туралы дәйекті деректер кездеседі. Қазақтардың құлдарды сатумен айналысқандығы туралы мәліметтер XVII ғасырда да кездеседі.

Құлдардың еңбегі үй шаруасына пайдаланылды. Қожасының малын күзету, бағу сияқты жұмыстар атқарды. Құлдар қоғам ішінде кеңінен таралмай, үй шаруашылығында ғана қалып қойды. Мұның басты себебі құлдарды әскери қақтығыстардан кейін қолға түскен өзге ұлттардың өкілдері құрады. Қазақтардың өзі ішіндегі төменгі әлеуметтік топты құрайтын қатардағы жатақтар құлдық жағдайға түспеді. Себебі мұндағы рулық қатынастың беріктігі және ірі байлық иелерінің оларға түрлі әдеттік нормаларда қарастырылатын көмек арқылы қолдап отырды. Патша өкіметінің 1822-1824 жылғы қырғыздар туралы Уставы қазақ даласында құлдықтың XIX ғасырда кең дамуына шектеу қойды.

Сонымен дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бір текті болмады. Бұл қоғамда, ең алдымен генеалогиялық, екіншіден

құқықтық, үшіншіден - жеке басының қасиеттерімен ерекшеленетін сипатына қарай топтастыруға болатын әлеуметтік құрылымды айқын көреміз. Олар ғасырлар бойы өзара қайшылыққа келмеді. Қарапайым халық ішінде де жіктелу болды. Бұл жіктелудің сипаты өзгеше болды. Олардың қазақ қоғамындағы генеалогиялық әлеуметтік топтардан үлкен айырмашылығы болды.

Қазақ хандығының ақсүйектерінің саяси билігі ханнан бастап, ру басына дейін экономикалық қуатқа да негізделгендігін атап өту қажет. Оған дәстүрлі пайдалану құқығы, феодалдардың қол астындағы тайпалар мен рулар көшіп-қонып жүрген жайылымдық жерлерге де, қыстақ бастарындағы, Түркістандағы, Батыс Жетісудағы және басқа отырықшы-егіншілікті алқаптардың өңделініп учаскілеріне, сондай-ақ аса көп мал табындарына іс жүзіне иелік етуі негіз болған.

«Жеті жарғы» бойынша да жерге рулық меншік болды. Әр ру өзінің көшіп-қонатын аймағын білу керек және малдың барлығына рулық таңба салынуын қадағалаған. Сырттай көрініс бойынша жайылымдық жерлердің иесі рулар мен тайпалар сияқты болып көрінеді. Бірақ барлық жерге іс жүзінде құқық хан (бүкіл жердің жоғарғы иесі), сұлтандар (үлесті жер әміршілері), билер мен қожалар қолында болды.

Рулық-тайпалық ақсүйектер өз тайпаластарының жерлерін ғана пайдаланған жоқ, сонымен қатар көп жағдайда басқа топтардың да жерлерін иемденді.

Л. Баллюзек қазақтардағы жерді иеленуіне байланысты сұлтан, би, ақсақалдардың құқығы туралы мәлімет береді: «Ол әр ауылдың жайлауының шекарасын әр рудың таңбасы көрсетілген ұзын таяқты жерге тығып қояды, бірақ шындығында жайылымның иесі сұлтан, би, ақсақалдар болды». Ру арасындағы жайылым үшін тартысты билер кеңесінде шешіп отырды. Сонымен қатар жерді иелену мәселесі И.А. Козловтың мақаласында да қозғалған. Оның көрсетуі бойынша қазақтар қыстау және жайлауды барлығын ру болып пайдаланады. Жер дауы болмас үшін, олардың шекарасына арнайы белгі қойылады. Барлық жер мәселесі ашық, сайлау түрінде өтеді делінген. Әрбір рудың көшіп-қонып жүретін белгілі жері болған, оған басқа рулардың қоныстануына құқығы болмады. Осыған орай Д.Я. Самоквасовтың әдет жазбаларының 208 - бабында «Кімде-кім басқа біреудің жерін пайдаланып отырса, бұл

жер одан 15 жылдан кейін болса да қайтып алынады немесе жердің көлеміне қарай өзара ризалықпен иеленіп отырады». Жоңғар шапқыншылығының зардаптары жайылымның қысқаруына әкелді. Осының салдарынан ру арасындағы жер үшін қақтығыстар жиі болып тұратын. Ресей боданына айналғаннан кейін жер мәселесі күрделене түсті. Ертеден келе жатқан жерге әр рудың иелігі әдеттегі құқығы бойынша заңдастырылған болса, орыс өкіметі тарапынан жүргізілген саясат ру басшыларының бірін-бірінің жерін тартып алуына жол ашты. XIX ғасырдың өзінде жерге сұлтандар мен ру басыларының меншігі іс жүзінде ғана болғанымен ол еш жерде заңдастырылмайды.

Қазақ хандығында қарастырылып отырған кезеңде салық түрлері және әр түрлі міндеткерліктер болды. Жалпы салық «Ясак» жиналды. Сонымен қатар зекет, қару-жарақ салығы, ханның жасағын жабдықтау, ірі билеушілерді жыл мезгілінде азық-түлікпен қамтамасыз ету сияқты міндеткерліктер болды.

«Ясакты» қазақ билеушілері Түркістан, Ташкент қалаларынан егіншілікпен айналысатын аудандардан жинады. Бұл туралы мына үзіндіні келтіруге болады. «Қайсақ хандары және олардың жақын адамдары Ташкентке келіп Ясак жинайды». «Ясак» – бұл заң жүзінде күштеп енгізілген салық. Жеңілген ел жеңімпаздарға ясак төлеген. Ясак Сібір халықтарында да Ресей жаулап алмас бұрында болғандығын Ф.М.Шамшиденова атап өтеді.

Екінші бір салық түрі – мал басынан жиналатын шарифаттың негізгі салығы зекет төлеуге міндетті болды. Зекет Оңтүстік Қазақстан қалаларындағы қолөнершілер мен саудагерлерден де жиналды. XV-XVII ғасырлардағы деректерге сүйенетін болсақ, Түркістанның отырықшы егіншілікпен айналысатын және дала тұрғындары басқа да салықтар (харан, балл) төлеуге тиіс болды. Далалық аудандардағы қазақ халқы жаппай алым-салық төледі; міндеттер атқарды (соғым, сыбаға, сауын және т.б.) соңғы салық түрлері әдеттегі құқық бойынша бекітілген болатын.

«Зекет», «соғым», «сыбаға» – хандар әулетіне беретін салық түрі. Л. Баллюзек осы міндеткерліктің түрлерін қазақ халқының тұрмыстық қажеттілігінен ру ішіндегі көмек түрінде беріледі деп түсіндіреді. Әрбір қырғыз үшін руластарына көмектесу міндет және қонақты әдет бойынша күту қалыптасқан. Е. Бекмаханов өз зерттеулерінде қазақ қоғамындағы рулық қатынастың рәсімдері

қонақасын беру, соғым беру, сүйінші беру, сыбаға беру сияқты міндеткерліктерді ХІХ ғасырда билеушілер тобы өз мүдделеріне тиімді пайдаланды деп көрсетеді.

Қазақ халқы мен оның этникалық аумағының құрылу, қалыптасу дәуіріндегі белгілі бір шаруашылық-мәдени үлгі, яғни әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері жақын және ұқсас табиғи-географиялық жағдайларда мекендейтін түрлі халықтарда қалыптасқан шаруашылық пен мәдениет ерекшеліктерінің көрінісі, этносаияси процестер негізінде қалыптасқан ірі этно-әлеуметтік организмнің санаттарының бірі болды. Қазақтар тарихында мұндай бірлестіктер – Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз. Жүз құрамына енген тайпалардың шығу тегі, айналысқан кәсібі, тілі және мәдениеті жағынан бір-біріне ортақ болды. Қазақ хандығы құрылған кезде, осы өзара жақын қазақ тайпалары этникалық бір аумаққа бірікті. Жүздердің құрылуына негіз болған нәрсе туыстас жеке рулар мен тайпалардың одақтарға бірігуі болды. Нәтижесінде, үш ірі этногенездік ұйтықтардан құралып, ол қазақ халқының мемлекеттік этносаияси құрылымын жасады.

Әрбір қауымға тән өзіндік атау мен өзіндік сана рулық атау мен рулық сана көшпелілер қауымының қоғамдық болмысын айғақтады. «Жеті Ата» принциптеріне негізделген, яғни жеті ұрпаққа дейінгі туысқандар мен туыстардың генеалогиялық белгілі тобын біріктірген экзогамиялық құрылымы дәстүрлі қазақ қоғамының тіршілігінің әмбебап әрі ең тиімді формасы болды. Сан жағынан жеті ұрпақтық мөлшерден асқаннан кейінгі жаңа қауымдық құрылымның бөлініп шығуы – түптеп келгенде, көшпелі этно эко-жүйесіндегі материалдың және табиғи ресурстарды мейлінше тиімді игеруге, әрі пайдалануға байланысты этникалық ұжымды ұйымдастырудың ғасырлар бойы қалыптасқан институтының тәсілі. Сонымен бірге рулық-туыстық қатынас жүйесінің қазіргі тарихнамада қалыптасқан түсінік бойынша тарихи қисынға кереғар немесе көшпелі қоғамның басқа салаларынан алабөтен тұрған оқшау құбылыс ретінде қарастырудан шығып, оның әлеуметтік қатынастардың ерекше механизмі ретінде қызмет атқарғандығына көңіл бөлуге болады. Дәстүрлі қауым белгілері «Жеті жарғы» бойынша «Жеті Ата» принциптерінің қазақ қоғамында шаруашылықтың тәуелділігі тұрғысында емес, нақты

әлеуметтік организмдердің арақатынасынан туындағанын көруге болады.

Барлық әлеуметтік организмдер үш жүз қазақтары ортақ бір тілде сөйледі. Олардың экономикалық негізі мен мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы бірыңғай болып, айтарлықтай өзгешеліктер кездеспеді. Туыстығы жақын, яғни бір атадан тараған он шақты түтін – ауыл, жеті атадан қосылатын аталастар – ру, рулар жиынтығы – тайпа, бірнеше тайпа ұлыс болып ұйымдасты. Ұлыстар жүздер деп те аталады.

«Қазақ қоғамының салт-санасында және идеологиясында рулық сезімдердің ерекше күшті болғандығында күмән жоқ», - деп тарихшы М.П. Вяткин атап кеткендей, XVII-XVIII ғасырларда осы рулық жүйенің ішкі жағдайы елеулі өзгерістерге ие болғандығы белгілі. Рулық меншік жүйесінің өзгерісі негізгі ерекшеліктерінің бірі болды. Қазақтарда рулық қатынастардың реттелуі жыл сайын болып тұратын жиылыста шешіліп отырды. Алғашқыда рудан, қауымнан жеке адамның бөлініп қалуы негізгі қауіп немесе жазаның түрі болған болса, XVII-XVIII ғасырларда мұндай жазаның түрі «Жеті жарғыда» кездеспейді. Бірақ ру мүшесінің айыбы бүкіл руға артылуы рулық қатынастың беріктігін көрсетеді. XVI-XVIII ғасырларда қазақтың рулық қоғамы қайшылықтардан тұратындығын көруге болады. Жалпы рулық негіз құқықтық қарым-қатынастар саласында айқын көзге түседі. «Жеті жарғы» бойынша жеті атадан аспай қыз алыспай, рудың ортақ ұранын, көшіп-қонар жерінің тұрақтылығы сияқты баптары айқындай түседі. Сонымен қатар «Жеті жарғыда» әке билігінің шексіздігі, ер құнын төлеуде әйелдің құны ерден төмендігін көрсететін баптарының болуы сынды дәйектер арқылы XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ қоғамын мемлекеттік құрылымы, саяси институттары жоқ рулық қатынастардың деңгейінде қарастыру дұрыс пікірге жатпайды. Қарастырылып отырған кезеңде жерге деген рулық меншік едәуір өзгеріске ұшырады. Ал малға деген рулық меншік мүлде болмаған, оның орнына отбасының меншігі қалыптасты. Мемлекеттің іргесі рулардың өзара бірігуінен туындаған, Қазақ хандығының құрылуындағы біріктіруші фактордың тірегі тайпалар болғандығын баса айту қажет.

Қазақ қауымындағы рулық белгілердің тұрақтылығын қазақ шаруашылығындағы көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің

ерекшелігімен сипаттауға болады. Көшпелі шаруашылықта жер қонысы жөніндегі байланыстар, әрбір көшпелі қауымның әдет бойынша көшіп-қонатын жер көлемі тұрақтандырылғандығына қарамастан, жер кәсібіне айналған отырықшы қауым өзгеріссіз қала алмаған. Жерді қауым болып иелену, қысқы уақытта ауыл-ауыл болып қоныстану нәтижесінде ауылдардың қысқы қоныстарының аралары алыста орналасқан. Үнемі көшпелі шаруашылықтағы қазақ рулары белгілі бір аралықты иеленгенімен, отырықшы шаруашылықтағы жер жөніндегі қарым-қатынастарға қарағанда орнықсыздау келген. Экстенсивті мал шаруашылығының түрі үнемі көшіп қонатын аудандардың кеңеюін қажетсініп отырады.

Көшіп-қонатын жерді кеңейту үшін тартыстар ру аралық қайшылықтарға әкелді. Ру ішіндегі жеке жіктелуіне қарамастан, олардың сол ру мүшелерінің туыстығын ешқашан ескерусіз қалдырмаған. Тәуке ханның Қазақ хандығының біртұтастығын сақтауда туысқандық жүйені дамытқандығы осыдан белгілі. Қазақ қоғамындағы рулық қатынастың тұрақтылығының себебі - оның құрамы туыстас адамдардан тұратындығы. Экономикалық жағынан рулық қатынасқа қайшы келетін екі шаруашылықтың түрі қатар жүргенімен, көшпелі қазақ қоғамының түпкі сипатын өзгерте алмады. Қазақтардың қоғамдық құрылымында, идеологиясында, тұрмысында рулық қатынастық белгілері XIX ғасырдың өзінде өзінің үстемдігін жоғалтпады. Осыған орай қазақтардың арасында сақталған мақал-мәтелдерде көрініс тапқан: «өзге елдің сұлтаны болғанша, өз елінің ұлтаны бол», «жеті атасын білмеген жетесіз қалады». Рулық идеологияның қазақ қоғамында ұзақ ғасырларға өзінің маңыздылығын жоғалтпауының себебі, ол шаруашылық типінің ерекшелігі болды. Көшпелі мал шаруашылығының сипаты жағынан өзара бірігуге итермеледі. Бұл бірігу туыстық жүйеде іске асты. Қазақ хандығының тұсында рулық идеология қоғамның санасында, өмірінде сақталды. Бірақ хандықта бастапқы орынға ұлттық идеология көтерілгендігін сол дәуірдегі жыраулардың шығармаларынан көреміз. Мұнда қазақ елі, қазақ жұрты, дербес мемлекеттілік, оны қорғау мен нығайту қажеттігі жөніндегі мәселелер басты тақырыпқа айналған. Жыраулардың шығармасында Қазақ хандығын құрған тайпалардың топтасқандығы мен бірлігін, мемлекетті нығайту мәселелерін жеке рудың мәселесінен жоғары қояды. Мұны сонымен қатар «билер институты» жүзеге асыруда үлкен үлес қосты. Қазақстандағы Ресейдің отарлау саясаты осы

рулық қатынасты қазақ жерін отарлаудың құралына айналдырды. Орыс чиновниктері рулық өзара тартысты империялық сот арқылы шешуге тырысты. Ш. Уәлиханов айтқандай, қазақтың өз заңы қандай деңгейде болса да, ол қазақтардың өзі үшін тиімді деп көрсеткендей, қазақ қоғамында сақталып келген заңдылықтардың бұзылуы рулық жүйеге өзінің ізін қалдырды. Ендігі жерде зерттеулерде рулық жүйе қазақ қоғамының мешеу, дамусыз қалған сипатта қарастыруға жол берді. Қазіргі уақытта дәстүрлі қазақ қоғамы өзінің даму сатысында өткен рулық қатынасты тарихи құбылыс ретінде қарау орынды.

Қазақ арасындағы рулық қатынастың сақталуы, құқықтық және әлеуметтік қатынастардың түпкі мазмұны өзгеріске ұшырамай, қоғамның талаптарына сәйкес икемделуіне итермеледі. Сондықтан рулық қатынас қазақ қоғамында әлеуметтік қатынастар ретінде идеология мен тұрмыста ғана емес, саяси құрылымында да өз үстемдігін сақтады. Қарастырылып отырған кезеңде кез келген дамыған қоғам сияқты қазақ қоғамында да қолданылған саяси тәртіп құқықтар мен міндеттердің күрделі ұштастырылуына негізделіп құрылған деуге болады. Қазақстанда қоғамдық қатынастардың дамуына сыртқы фактор ерекше әсер етті. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси, құқықтық сипаты қайталану фазасына ұшыраған жүйесі үнемі елеулі өзгерістердің енуі арқылы қоғам ішіндегі өзінің басты қызметін жүзеге асырды.

Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар

1. Дәстүрлі қазақ қоғамы жөніндегі тұжырымдамалар.
2. Дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеуге арналған еңбектердегі көзқарастар.
3. Дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік топтарға жіктелуінің ерекшеліктері.
4. Түрік мемлекеттерінің әлеуметтік құрылымы.
5. XIII-XIV ғасырлардағы әлеуметтік қатынастар.
6. Қазақ қоғамындағы «ақсүйектердің» әлеуметтік санаттары.
7. Қазақ қоғамындағы дала билеушілерінің алатын орны.
8. «Халық кеңесіне» анықтама.
9. «Билер кеңесіне» анықтама.
10. Қазақ қоғамындағы меншік, салық, міндеткерлік, борыш мәселесі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстанның ортағасырлық тарихындағы күрделі мәселелердің бірі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктерінің қалыптасуы мен дамуы. Қазақ даласында тарихи кезеңдерде өмір сүрген тайпалық бірлестіктер мен мемлекеттердің қоғамның талаптарына сәйкес өздерінің құқықтық ескерткіштерін қалыптастырды. Заң шығармашылығы мемлекеттіліктің қалыптасуымен қатар жүреді. Сонымен қатар қоғамның әлеуметтік қатынастарының деңгейі де құқықтық қатынастардың сипаты болып табылады. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын эволюциялық бағытпен қатар көпбағытты ұғым құрамында қарауға көп мән бердік. Кеңестік тарихнамадағы таптық тартыс немесе өндірістік қатынастар тұрғысынан тыс әлеуметтік құрылымға ықпал жасайтын саяси ұйым, қоғамның сұранысына сәйкес қалыптасып, үнемі өзгеріске ұшыраған, кейбір жағдайда қайталанған құқықтық жүйеге ерекше назар аудардық.

Дәстүрлі қазақ қоғамы өзіне тән әлеуметтік-құқықтық қатынастарды қалыптастырды. Әлеуметтік топтар құқықтық негізде өзінің қоғам ішіндегі орнын анықтап отырды. Мұнда рулық-тайпалық, генеологиялық сипатының басымдылығы орын алды. Сонымен қатар әлеуметтік жүйенің қалыптастыру факторы ретінде табиғи-географиялық жағдайды және әлеуметтік қатынастардың бағыттары, осыған орай қалыптасқан бірігу мақсатымен тікелей байланыстылығы қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. - Алматы, 1996- Т.1.
2. Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. - Алматы, 1986.
3. Рашид ад-дин. Сборник летописей. Т.1, кн.1. – М.,- Л., 1952.
4. Материалы по казахскому обычному праву. - Алматы, 1996.
5. Бернштам А. Социально-экономический строй орхоненейских тюрок VI-VIII веков. – М., -Л., 1946.
6. Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов (монгольский кочевой феодализм). – Л., 1934.
7. Өсеров Н. Жеті Жарғы. - Алматы: Жеті Жарғы, 1995.
8. Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Астана, 2004.
9. Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. – А., 2003.
10. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Государства и народы Евразийских степей. - Санкт-Петербург, 2004.


Қосымша:

1. Бижанов М. Социальные категории казахского общества XVIII века в трудах русских ученых // Казахстан в XV-XVII вв. – Алматы, 1969.
2. Хасенов Ә. Қазақ тарихының бес мың жылдық баяны. – Алматы, 1996.
3. Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы, 2002.
4. Оразбаева А. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. – Алматы, 2004.
5. Артықбаев Ж.О. Қоғам және этнос (XVIII ғасырдағы қазқ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы). – Павлодар, 2004.


ҚОСЫМША МАТЕРИАЛДАР

№1 үлгі

САҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ




ҮЙСІНДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ




ҒҰН МЕМЛЕКЕТІНІҢ БИЛЕУШІСІ - ШАНЬЮЙДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ




ҒҰНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ



ТҮРІК ҚОҒАМЫ



МОНҒОЛ ҚОҒАМЫ





МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
1 ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ	
1.1 Қазақтың әдеттік-құқықтық жүйесінің тарихи бастаулары.....	7
1.2 «Жеті жарғы» - қазақ мемлекетінің тарихи құқықтық ескерткіші	29
Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар	45
2 ӘЛЕУМЕТТІК ТОПТАР: ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ	
2.1 Әлеуметтік қатынастарға әдеттік-құқық нормаларының ықпалы... ..	46
Студенттің дайындалуы үшін берілетін сұрақтар	95
Қорытынды.....	96
Әдебиеттер	97
Қосымша материалдар	98

Оқу басылымы

Телеуова Эльмира Тешебаевна

**ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ
ӘЛЕУМЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Оқу құралы

ИБ № 4208

Басылуға 19.06.2007 жылы қол қойылды. Пішімі 60 x 84 ¹/₁₆.
Көлемі 6,75 б.т. Офсетті қағаз. RISO басылыс. Тапсырыс №135.

Таралымы 500. Бағасы келісімді. Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспасы.
050038, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспаханасында басылды.